

ИНФОРМАТИКА

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика
бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық

11

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған



Алматы «Атамұра» 2020

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 32.973 я 72
И 69

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған «Информатика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Авторлары: Д.Н. Исабаева, Г.А. Абдулкаримова,
Л.Б. Рахимжанова, М.А. Эубекова

Шартты белгілер:

- | | | | |
|--|--------------------|--|-------------------|
|  | – бірге орындағық |  | – шолу жасандар |
|  | – білу және түсіну |  | – еске түсіріндер |
|  | – қолдану, талдау |  | – жеке жұмыс |
|  | – жинақтау |  | – жұптық жұмыс |
|  | – бағалау |  | – топтық жұмыс |

Информатика: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика И 69 11-сыныбына арналған оқулық / Д.Н. Исабаева, Г.А. Абдулкаримова, Л.Б. Рахимжанова, М.А. Эубекова. – Алматы: Атамұра, 2020. – 208 6.

ISBN 978-601-331-764-9

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 32.973 я 72

ISBN 978-601-331-764-9

© Исабаева Д.Н., Абдулкаримова Г.А.,
Рахимжанова Л.Б., Эубекова М.А., 2020
© «Атамұра», 2020

Алғы сөз

Биылғы оқу жылында сендер информатиканың бейімді курсын оқып-үйренуді бастайсындар. Атап айтқанда, информатиканың «Жасанды интеллект», «3D жобалау», «Ақпараттық қамтамасыз ету (жасақтама)», «Заттар Интернеті», «IT STARTUP», «Цифрлық сауаттылық» атты бөлімдерін тереңірек меңгересіндер.

Аталған тақырыптарды жақсы меңгеру үшін бұрынғы «Информатика» пәнінен алған білімдеріңе және күнделікті өмірде цифрлық құрылғыларды қолдану барысында жинаған білімдерің мен тәжірибелеріңе сүйену қажет болады.

Әрбір тақырып бойынша қамтылған теориялық материалдардан алған білімдерінді қадаммен орындалатын және өз беттеріңмен тәжірибе жасауға арналған тапсырмалармен, сонымен қатар білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау деңгейлеріне сәйкес тапсырмалармен бекіте аласындар.

Әрбір тарау бойынша білімді Блум таксономиясының оқыту мақсаттарының деңгейлеріне сәйкес тест тапсырмалары арқылы тексереп аласындар.

Әрбір тоқсан бойынша жинақтаған білімдерінді қадаммен орындалатын жоба жұмыстарын орындау және қорғау арқылы анықтай аласындар.

Оқулықта ұсынылған барлық ақпараттар алған білімдерінді күнделікті өмірде өз қажеттіліктеріңе пайдалана білуге және болашақта Цифрлық Қазақстанды дамытуға үлестерінді қосуға мүмкіндік береді.

Сәттілік тілейміз!

I БӨЛІМ. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

1.1. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗІ

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұмattар
<ul style="list-style-type: none"> Жасанды интеллект (ЖИ) пен эксперttік жүйенің негізгі ұфымдарын; жасанды интеллектінің даму тарихын; жасанды интеллект саласындағы зерттеудердің негізгі бағыттарын. 	Жасанды интеллект – Искусственный интеллект – Artificial intelligence Интеллектуалды технологиялар – Интеллектуальные технологии – Intelligent technology	Адамның бет әлпетін тану программасы қалай жұмыс істейді? Жүйе адам бетін оқшаулап алып, оның параметрлерін өлшейді. Осы өлшеулер негізінде беттің «ұлғі» құрылады, ол жаңа түсірілімді талдау барысында қолданылады. Белгілі бір адамды анықтау үшін оның параметрлері «ұлғі» дерекқорында сақталған параметрлермен салыстырылады.



Жасанды интеллект жасау мүмкін бе? Оның табиғи интеллектіден қандай айырмашылығы бар? Физика, математика, информатика және биология білімдері жасанды интеллектімен қалай байланысқан?

Компьютерді адамның дәстүрлі ойлану, пайымдау және объектілерді тануға негізделген міндеттерін орындауға қалай үйретуге болады?

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Жасанды интеллект (ЖИ; ағыл. *artificial intelligence*, AI) – дәстүрлі түрде интеллектуалдық деп саналатын, адам қызметін компьютерлік модельдеу туралы ғылым мен технология.

Жасанды интеллект компьютерлік ғылымдар жүйесіндегі бағыт ретінде XX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында адамның зияткерлік функцияларын компьютерлік модельдеуге байланысты пайда болды. Бірінші интеллектуалдық жүйе теориялық дәлелдеуге арналған «**Logic Theorist LT**» програмmasы болды. Оның жұмысы 1956 жылдың 9 тамызында көрсетілді. Программаны құруға атақты ғалымдар А. Ньюэлл, А. Тьюринг, С. Шеннон, Г. Саймон және тағы басқалар қатысты. Сол кездең бастап, интеллектуалдық деп аталатын жасанды интеллект саласында көптеген компьютерлік жүйелер дамыды.

Заманауи интеллектуалдық технологиялар – бұл деректер өндірілетін, талданатын, түсіндірілетін және пайдаланылатын компьютерлік жүйелер.

ЖИ (жасанды интеллект) саласы келесі міндеттерді шешетін программаны құруға бағытталған:

- арнайы математикалық аппаратты қолдану барысында **бейнелер** мен **сөйлеуді** қабылдау және тану;

- деректерді талдау және жалпылау арқылы **өзін-өзі оқыту**. Бұл бағытқа компьютерлік деректер қорындағы заңдылықтарды іздеу жүйелерін енгізу;

- интеллектуалды роботтарды басқару;**

- машиналық шығармашылық** және **компьютерлік ойындарды** қамту.

Бұл саладағы барлық қындықтар адамның интеллектуалдық қызметтінің принциптері мен шешімді қабылдау процестерінің жеткіліксіз зерттелгендігіне байланысты. Сондықтан жасанды интеллект саласындағы жұмыстар психология, физиология және лингвистика бөлімдері бойынша тиісті зерттеулермен тығыз байланысты болуы керек.



ЖИ қолдану саласын суреттейтін үлгіні қарастырындар (1.1.1-сурет). Қолданудың ерекшеліктері ЖИ құрылғыларының алдына қойылған нақты жобаларға және міндеттерге байланысты.

ЖИ кез келген қолдану саласына қатысы бар бірнеше өзекті аспектілерді беліп алындар, бұл жағдайда өз пайымдауларынды келесі тезистерге сүйене отырып жасандар:

- «ақылды машиналар өмірімізге енгеннің өзінде адам бұрынғыдай маңызды шешім қабылдауға қатыса береді»;
- «адамдар жасанды интеллекттінің мүмкіндіктерін асыра бағалауда»;
- «ЖИ дегеніміз – келешек, адамның ұфымы мен санасынан тысқары алдебір жаңа, ақылды тіршілік иесіне айналып дамуы».



1.1.1-сурет. Жасанды интеллекттің қолдану салалары



1. «Жасанды интеллект» түсінігі туралы айтып, оған дәлел көлтіріндер.
2. Компьютерлік жүйенің «ақылдылығына» өз критерийлерінді ұсынындар.
3. Компьютер табиғи (адамға түсінкті) тілді түсіне және пайдалана алады ма?
4. Техникалық жүйелер шешетін қандай міндеттерді жасанды интеллектінің көрінісі ретінде қарастыруға болады?
5. Жасанды интеллектінің қоғам дамуындағы теріс жақтарын анықтаңдар.



Google Аудармашы программасымен жұмыс.

1. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мәтінді териңдер, оны аударыңдар, аударманы тексеріңдер. Аударма дұрыс болмаған жағдайда немесе сайкес болмаса, өз нұқсаларынды ұсынындар. Оны сақтап қойыңдар.
 2. Дыбыстық енгізу арқылы мәтінді өздеріңе оқай тілге аударыңдар.
 3. Аударма жазатын орынға Интернет-беттің сілтемесін қойыңдар. Аударманың дұрыс екеніне көз жеткізіңдер.
 4. Құжаттарды аудару қызметінің көмегімен аударма жасау үшін әртүрлі форматтағы құжаттарды жүктеңдер.
 5. Google Аудармашыда видеофрагменттерді аудару субтитр алгоритмі бойынша оқу әрекеттері тізімін орындандар.
1. YouTube-тан қолжетімді субтитрлі видеоны таңдаңдар. Видеоға субтитрді авторлардың өздері немесе YouTube жүйесінің өзі автоматты түрде қосады.
2. **Субтитрлер** (Субтитры) менюінде аударма тілін таңдаңдар. Тілді таңдау үшін субтитр белгісіне басыңдар. Егер тізімде керекті тіл жоқ болса, онда **Google-Аудармашының** көмегімен субтитрді аударуға болады. Ол үшін:
- ойнатқыштың оң жақ бұрышындағы белгіні басыңдар;
 - **Субтитрлерді** (Субтитры) таңдаңдар;
 - **Аударуды** (Перевести) басыңдар.
- Сонымен қатар келесі параметрлерді баптауларыңа болады: шрифт, шрифт түсі, шрифт өлшемі, фон түсі, фонның тұнықтылығы.

Лексикалық қателерді түзету мысалдары

Мәтіннің берілуі	Машиналық аударма	Түзету
system unit	компьютерлік жағдай	жүйелік блок
all in one computer	барлығы бір компьютерде	моноблок
plays	пьесалар	оинайды



«Чат-бот» құру жобалық жұмысы

6. **Google Assistant** дауыстық интерфейсінің мүмкіндіктерімен танысындар.
7. <https://aimylogic.com/> сайтына тіркеліңдер, чат-бottарды құруға арналған құралдармен танысындар. Қосымшаны құрып, оны бағалаңдар.

Ескерту

Чат-бот – адамның сөзін және дауысын ұқсатып қайталайтын әңгімелесуші программа.

1.2. МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұматтар
• Машиналық оқытуды	Машиналық оқыту – Машинальное обучение – Machine learning; Мұғаліммен оқыту – Обучение с учителем – Supervised learning; Мұғалімсіз оқыту – Обучение без учителя – Unsupervised learning	Siri және Google дауыстық көмекшілері, Facebook және Windows 10-да адамдарды тану, Amazon ұсынымдары, автомобиль-роботтың кедергілерге жол бермеуі т.с.с. технологиялардың көпшілігі машиналық оқыту теориясына негізделген.



Siri және Google дауыстық көмекшілері, Facebook-тағы адамды тану ненің көмегімен жұмыс істейді? Машиналық оқыту дегеніміз не?

Қазіргі уақытта компьютерлерді тек программалап қана қоймай, оларды өздері де үйрете алатындей етіп баптауға болады. Тапсырманы шешу жолдарын іздеу процесі, қажетті бағытта өзін-өзі жетілдіруге, дамуға қабілетті және дамып келе жатқан программаларды қолдануға негізделген.


«Машиналық оқыту» термині жасанды интеллект үшін синоним ретінде пайдаланылады, бірақ іс жүзінде машиналық оқыту – бұл жасанды интеллект әдістерінің класы, оның ерекшелігі тапсырмаларды тікелей шешу емес, ұқсас тапсырмалардың шешімін қолдану процесі негізінде үйренуі.

ЕСТЕ САҚТАНДАР

Машиналық оқыту – жасанды интеллектінің бір белімі. Оның негізгі идеясы, компьютердің алдын ала жазылған алгоритмді пайдаланып, тапсырманы орындауды үйренуін білдіреді.

Машиналық оқыту саласы бейнелерді танып-білу міндеттерін де қамтиды. Мысалы, символдарды, қолжазбаларды, сөйлеуді тану және мәтіндерді талдау. Кіріс деректерінің әртүрлілігіне қарай машинаға заңдылықтарды табу және нәтижені нақты көрсету оңай болады.

Машиналық оқытудың маңсаты – кіріс деректері бойынша нәтижені болжай. Басқаша айтқанда, кеп жағдайда қойылған сұраққа нақты жауап беретін дәлме-дәл модель құру керек. Ол үшін мынадай құраушылар қажет: деректер, ерекше белгілер, алгоритмдер (1.2.1-сурет).




1.2.1-сурет. Машиналық оқытудың құраушылары

Деректер (Data) – машиналық оқытудың негізі болып табылады. Мейлінше нақты нәтиже алу үшін дұрыс және сапалы деректер көлемін жинақтау қажет. Деректерді қолмен және автоматты түрде жинақтауға болады.

Ерекше белгілері (Features) – обьектілердің сипаттамалары. Ерекше белгілер **сан-дық** (мысалы, теңге түріндегі кіріс немесе сантиметрмен берілген өлшем, акция бағасы т. б.) немесе **категориялық** (автомобиль маркасы, телефон моделі және т. б.) болып келеді. Ерекше белгілерді, ерекше айнымалыларды, атрибуттарды сұрыптау – бұл модельді құруда қолданылатын маңызды белгілердің жиынын сұрыптау процесі.

Алгоритм (Algorithms) – бұл компьютерде орындалатын операциялардың жиынтығын білдіретін процедура және проблеманың дұрыс шешімі шекті уақыт аралығында табылғандығын немесе шешімінің жоқтығын хабарлайтынын кепілдендіреді. Программалық жүзеге асырудың орындалу жылдамдығы, сонымен қатар нәтиженің нақты шешімді қабылдау алгоритмін тандауға тәуелді.

Машиналық оқыту принциптері осы құраушылардың негізінде орындалады, яғни бастапқы деректер жинақталады, деректердің ерекше белгілері сұрыпталады, оқыту алгоритмі таңдалады және моделі құрылады, нәтиже болжанады (1.2.2-сурет).



1.2.2-сурет. Видео, аудио және мәтінді тану мысалындағы машиналық оқыту жұмысының принциптері




1.2.3-сурет. Машиналық оқытудың негізгі түрлері

1. МҰҒАЛІММЕН МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ

Мысалы, компьютердің мұғалімі бар деп есептейік. Ол мына суретте ит, ал мына суретте – жылқы деп, ит пен жылқының ерекшеліктері мен белгілерін алдын ала көрсетіп береді. Ол машинаның жадында сақталады. Машина сол мысалдарды пайдаланып, нақты жауапты анықтайды (1.2.4-сурет).

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Мұғаліммен машиналық оқыту – машинаның алдын ала мұғалім көрсеткен нақты мысалдарға сүйеніп үйрену әдісі.

1.2.4-сурет.
Мұғаліммен
машиналық оқыту
мысалы

Компьютер шешетін тапсырмалар екі типке бөлінеді: **жіктеу** және **рекрессия**.

Жіктеу – бұл объектілердің қандай да бір критерийлері бойынша бөлінуі. Сондықтан компьютерге белгілері мен категориялары бойынша мәліметтерді орналастыру үшін мұғалім қажет болады.

Мысалы, жіктеу пайдаланушыларды бірнеше критерийлерге сәйкес бөледі: қызығушылық, жас ерекшелігі, кәсіп және т.б. Google-дің пошта жәшігіндегі хаттар мазмұны бойынша сұрыпталады: әлеуметтік желілер, жарнамалық акциялар және т.б.

Регрессия жіктелу түріне ұқсас, бірақ категория орнына **санды болжайды**. Мысалы, *kolesa.kz* сайтында автомобилдер туралы мәліметтер бар. Сайтта көліктің бағасы, шығарылған жылы, жүріп өткен қашықтығы, қозғалтқыштың көлемі және т.б. белгілері көлтірілген. Компьютер таңдалған белгілері негізінде автомобиль құнына талдау жасайтын модель құрады.

2. МҰҒАЛІМСІЗ МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ

ЕСТЕ САҚТАНДАР

Мұғалімсіз машиналық оқыту – машинаның өз бетімен белгісіз заңдылықтарды табу арқылы үйренуі.

мысалға көлтіруге болады). Бұл жағдайда компьютер өзара ұқсас суреттерді ажыратын мысалдағы көлтіруге болады). Бұл жағдайда компьютер өзара ұқсас суреттерді ажыратады алмай қиналады.

Жалпылау – жоғары деңгейдегі нақты ерекше белгілері бойынша жинақтау. Мысалы, ашық-қызыл түсті, үлкен, тәтті-қышқыл болатын және күздің соңына қарай пісетін алма – ол «апорт» тобына кіреді. Егер объектінің белгілері көп болса, бұл оның моделін жасауды қынданатады, сондықтан мәліметтердің санын екі немесе үшке дейін азайтады. Мұндай модельді жазықтықта да, кеңістікте де көруге мүмкін болады. **Кластерлеу** – бұл алдын ала белгісіз деректерді кластер бойынша жіктеу. Компьютер сипаттамасы ұқсас объектілерді іздейді және оларды кластерге біріктіреді.

ЕСТЕ САҚТАНДАР

Ассоциативтік ережелер дегеніміз – өзара байланысқан элементтер (деректер немесе объектілер) арасындағы қысынды қағидаларды табу механизмі.

Мұғалімсіз оқытқанда, компьютер белгісіз мәліметтермен кездеседі, ол кез келген заңдылықты өз бетімен табуы керек (Интернеттегі <https://www.boredpanda.com/dog-food-comparison-bagel-muffin-lookalike-teenybiscuit-karen-zack/> сайтында жарияланған тағам түріне ұқсас жануарлардың суреттерін

немесе айналадағы заттарға ұқсастығын ажыратуын

мысалдағы көлтіруге болады). Бұл жағдайда компьютер өзара ұқсас суреттерді ажыратады алмай қиналады.

Ассоциация (Ассоциативтік ережелер), мысалы, нарықтағы тауарды талдау кезінде, дүкен сөрелерін безендіруде, сатылымды жобалауда қажет болады. Алғаш рет мұндай тапсырмалар супермаркеттегі сауданың типтік үлгісін қалыптастыруда қолданылды. Нейрон желісінің жұмыс істеу принциптері туралы ақпаратты түсіну үшін, Google-дің Teachable Machine оқыту жобасын қолданыңдар <https://leachable-machine.withgoogle.com/v1/>.

- 
1. Машиналық оқыту деген не?
 2. Интернет-бизнес, банк, туризм және қызмет көрсету саласындағы әртүрлі маселелерді шешуге арналған машиналық оқытуды пайдалануға мысалдар көлтіріндер.
 3. Машиналық оқытудың негізгі идеясы неден тұрады?

-  4. Машиналық оқытудың қарқынды дамуын қалай түсіндіруге болады?
5. Машиналық оқытудың құрамдас бөліктерін атаңдар, олардың өзара қарым-қатынасы қандай?
6. Машиналық оқытудың жұмыс істеу принципін түсіндіріңдер. Мысалдар келтіріңдер.
7. Мұғаліммен және мұғалімсіз машиналық оқытудың айырмашылықтарын түсіндіріңдер. Мысалдар келтіріңдер.

 **Келесі тапсырмалар машиналық оқытудың қандай түрлеріне жатады? Жауаптарыңды негіздендер.**

1. Физикалық-географиялық және экономикалық көрсеткіштерге сәйкес алем елдерін экономикалық жағдайы бойынша ұқсас мемлекеттер тобына бөлу.
2. Несиелік лимиттің құнын қарыз алушының сауалнамасы бойынша бағалау.
3. Мәтіннің сканерленген кескінінде оны құрайтын таңбалар тізбегін анықтау.
4. Бірқатар белгілері бар пайдалы компьютерді сатып алу.
5. Медициналық диагноз.
6. Бағалы қағаздардың құнын болжаяу.
7. Жаңалықтарды мазмұны бойынша топтастыру.
8. Web-сайттардағы әрекеттерді талдау.
9. Тақырыпты айқындау және ұқсас құжаттарды іздеу.

 Ең танымал программалардың мысалдарын қарастырындар.

Акинатор – бұл ойыншы жасырған кейіпкерді табатын онлайн-ойын. Сұрақтардың жауаптарын деректер қоры автоматты түрде жаңартып отырады, сондықтан шешу ықтималдығы жоғарылады және программа кез келген танымал кейіпкерді тез таба алады (www.akinator.com).

WolframAlpha – әртүрлі білім салаларының деректер қорының іздеу алгоритмдерін пайдаланатын танымал білім қоры (www.wolframalpha.com).

 **1. Тақырыптар бойынша хабарлама мен презентацияларды дайындаңдар:**

- 1) «Машиналық оқытудың негізгі мәселелері».
- 2) «Машиналық оқытудың міндеттері (жіктеу, регрессия)».
- 3) «Машиналық оқытуды пайдаланудың мысалдары».

2. Кестені толтырыңдар, әрбір бағанға 3 әрекетті жазыңдар.

Машина орындаі алады	Іс-әрекеттер	Машина орындаі алмайды
	алдын ала болжаяу	
	есте сақтау	
	жаңасын жасау	
	ойнату	
	ең жақсысын таңдап алу	
	берілген деректер шеңберінен шыға алады	

1.3. НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұмматтар
<ul style="list-style-type: none"> «Нейрондық желі (нейрондар мен синапстар)» ұғымы және ол неден тұратынын. 	Жасанды нейрондық желі – Искусственная нейронная сеть – Artificial neural network; Нейрон – Нейрон – Neuron.	Адамның жүйке жүйесі нейрон деп аталатын жүйке жасушаларынан тұрады. Оның ұзындығы 1 метрге дейін жетеді немесе одан да көп болады.

НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІ ДЕГЕН НЕ?

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Нейрон – мидың негізгі құрылымдық-функционалдық бірлігі. Ол миға берілетін ақпаратты өңдеу функциясымен айналысадын талшық. Олар ақпараттың қабылдануы мен бойға таралуына жаупты.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Жасанды нейрондық желі – биологиялық нейрондық желілерді (тірі организмнің жүйке жасушалары) ұйымдастыру және жұмыс істеу принципі негізінде құрылған нейрондар желісінің математикалық немесе компьютерлік моделі.

Машиналық оқытудың бастапқы кезеңіндегі тағы бір алгоритмдік тәсіл – **нейрондық желілер**. Нейрондық желілер адамның миғи туралы білімге, жасанды нейрондардың арасындағы байланыстарға негізделген. Адамның ойы мидағы нейрондар желісі жұмысының нәтижесі болып табылады (1.3.1-сурет). Нейрондар бір-біріне электрлік импульстер арқылы химиялық сигналдар беріп отырады, мұндағы ұжымдық белсенділіктен біздің сезімдеріміз бен ойларымыз туындаиды. Нейрон жасушалық денеден, ұзын және қысқа талшықтардан тұрады. Ұзын талшықтар аксон, ал тарамдалған қысқа талшықтар дендриттер деп аталады (1.3.2-сурет). Басқаша айтқанда жекелеген нейрондар мен олардың компьютер арқылы құрылған өзара әрекеттесу желісі деп аталады.

Жасанды нейрондық желінің құрылымы компьютерге келіп түскен ақпаратты талдап, сақтап, артынша оны өз жадында қалпына келтіріп отыру мүмкіндігін ұсынады.



1.3.1-сурет. Ми нейрондары




1.3.2-сурет. Нейрон құрылышы

НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІНІ ҚҰРАУШЫЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПАРАМЕТРЛЕРИ

Жасанды нейрон

Жасанды нейрон биологиялық нейронның қасиеттеріне ұқсас. Жасанды нейронның кірісіне сигналдардың қандай да бір жиыны келіп түседі, олардың әрқайсысы басқа нейронның шығысы болып табылады. Әр кіріс сәйкес синаптикалық күштің салмағына көбейтіледі және барлық көбейтінділер қосылып, нейронның белсендірілу деңгейін анықтаиды.

Жасанды нейрондық желі нейрондарды топтастыратын бірнеше қабаттан тұрады. Оның сыйланысқалық моделі 1.3.3-суретте көрсетілген.



1.3.3-сурет. Жасанды нейрондық желі

Синапс – бұл екі нейронның арасындағы байланыс. Синапстардың бір параметрі бар. Ол – салмақ. Оның көмегімен бір нейроннан келесі нейронға таралып жатқанда кіріс ақпараты өзгереді. Айталақ, ақпаратты тарататын үш нейрон бар болын. Онда әр нейронға сәйкес үш салмақ болады. Үлкен салмағы бар нейрондағы ақпарат келесі нейронда басым болады. Осындай салмақтардың арқасында кіріс ақпараттары өндөліп, нәтиже береді.

НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІЛЕР НЕ УШІН ҚАЖЕТ?

Нейрондық желілер адам миына ұқсас аналитикалық есептеулерді қажет ететін күрделі мәселелерді шешу үшін қолданылады. Нейрондық желілер жіктеу (сұрыптау), болжай және объектілерді немесе оқиғаларды тануда қолданылады.

Жіктеу – деректерді параметрлер бойынша бөлу. Мысалы, несие беру орталығында кезекте түрған бір топ адамның қайсысына несие беру немесе бермеу қажеттігін шешу керек. Бұл жұмысты нейрондық желі жас шамасы, төлем қабілеттілігі, несие тарихы және т.с.с. ақпаратты талдау арқылы жасай алады.

Болжай – деректер негізінде зерттеу объектісінің болашақ жағдайы тура-

лы пайымдау. Мысалы, қор нарығындағы жағдайларды талдауға негізделген акциялардың көтерілгендігін немесе құлдырауын болжат.

Тану – қазіргі уақытта нейрондық желілердің ең көп қолданатын әдісі. Мысалы, Google-ден немесе камералық телефондардан фотосуреттерді іздеген кезде немесе бет-бейнелердің орнын анықтағанда және оны көрсететін кезде қолданады.

Фотосуреттегі адамдарды анықтау функциясы программалық жасақтамада белсенді пайдаланылуда.



«Нейрондық желі дегеніміз не?» видеоролигін көріңдер. Өзара талқыланадар (<https://www.youtube.com/watch?v=RJCIYBAAiEI>).

ТЕРЕНДЕТІЛГЕН ОҚЫТУ

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Терендетілген оқыту – машиналық оқытудың бір түрі. Терендетілген оқыту кезінде компьютер адам миының нейрондық желілеріне ұқсас үлкен мөлшерде жасанды нейрондық желіні қалыптастырады.

Жасанды нейрожелілерді үйрету үшін бағдарлама жасаушы олардың көптеген күрделі архитектураларын ойлап шығарды. Олардың ішіндегі келешегі зор түрі – **Deep Learning (терендетілген оқыту)** архитектурасы, яғни «көпқабатты нейрондық желілерді терендетіп оқыту» болып табылады.

Deep Learning архитектурасы машиналық оқытуды практикаға кеңінен енгізді. Жүргізуісіз жүретін автокөліктер, денсаулықты сақтау шаралары, фильмдер мен музыкаға пікір білдіру – бүгінде мұның барлығының бастамасы бар. Терендетілген оқытуға сүйеніп, жасанды интеллект өздігінен ойлап немесе шешім қабылдайды деп айтуда болмайды. Бірақ болашақта нейрондық желілер медицина мен қауіпсіздік саласында көмегін тигізіп, көптеген процестерді автоматтандырып, кеңес беруші-менеджерлерді алмастырып, билет сатып алуға, заңгерлік кеңес беруде және т.б. көмектесетінің айдан анық.

Тәжірибе жасандар

Нейрон желісінің ойын моделі практикада қалай жұмыс істейтінін тексеріңдер (<https://playground.tensorflow.org>).



1. Google компаниясы *Quick, Draw!* («Жылдам сурет сал!») онлайн-ойынын іске қосты, ол арқылы компания қарапайым суреттердегі объектілерді танитын өзінің нейрожелісін жетілдірді. Жүйені әзірлеу-



шілердің айтуынша, жасанды интеллект үшін суретті танып ажырату оңай шаруа емес, себебі бір ғана жылқыны мындаған түрлі әдіспен бейнелеуге болады, ал адам болса оның әрқайсысын бірден түсінеді. Ойынның тапсырмаларын орындаңдар, ал нейрожелі нениң суреті салынғанын табуы тиіс (парақша – quickdraw.withgoogle.com).

2. Microsoft компаниясы фотосуретте нениң бейнеленгенін анықтай алатын арнайы қосымшаны ұсынды. Ол үшін суретті www.captionbot.ai сайтына жүктеу қажет, ал сервис суретте нениң көрсетілгенін анықтайды.

3. Microsoft компаниясы ұсынған жоба пайдаланушылардың бет әлпеті бойынша олардың жасын есептеп шығару үшін машиналық оқытуды қолданады. www.how-old.net сервисі арқылы суретте көрсетілген адамның жасын анықтап көріндер (өз фотосуретінді немесе басқа суретті қолдануға болады). Кейбір смартфондардың камералары адамның жасы мен жынысын фотосурет арқылы анықтай алады. Осыған ұқсас функцияларды Google Play мен App Store қосымшаларынан таба аласыңдар.



1. Нейрон дегеніміз не? Оның мақсатына, қызметіне сипаттама беріңдер. Нейрондардың түрлерін атаңдар.



2. Жасанды нейрон қандай элементтерден құралған?

3. Нейрожелі дегеніміз не? Оның атқаратын қызметі қандай? Нейрожелі түрлерін атаңдар.

4. Нейрожеліні оқыту деген нені білдіреді?

5. Нейрожеліні үйрету мен оның жұмысының тиімділігіне әсерін тигізетін негізгі параметрлерді атаңдар.

6. Машиналық оқыту мен нейрондық желілердің айырмашылығы неде?

7. Нейрондық желі нeden тұрады?

8. Жасанды нейрондық желілердің қолданылу салаларын сипаттаңдар. Нейрожелілер арқылы шешілетін есептердің (міндеттердің) типтерін көрсетіңдер.

9. Deep Learning – «көпқабатты нейрондық желілерді терендептіп оқытудың» ерекшелігі неде?



1. Биологиялық және жасанды нейрондық желілердің жұмысын салыстырыңдар, ұқсастығы мен өзгешелігін атаңдар.



2. Нейрондық желінің мүмкіндіктерін сипаттаңдар, мысалдар келтіріңдер.



3. Үйретуге арнап іріктелген материал дегеніміз не? Оның мағынасы неде?

1. Келесі ұсынылған тақырыптардың біріне анимацияланған презентация жасаңдар: «Нейрондық желі – болашақтың желісі», «Нейрондық желіні әзірлеушілер», «Адам ағзасында нейрон мен синапстың рөлі қандай?»

2. Тақырыптың негізгі ұғымдары бойынша интеллект картасын (Mind Map) жасаңдар.

1.4. НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІНІ ЖОБАЛАУ

Оқып-үйренесіндер	Тиек сөздер	Қызықты мағлұмматтар
<ul style="list-style-type: none"> • Нейрон қалай жұмыс істейтінің; • нейрондық желіні жобалауды; • Компьютердің өздігінен білім алу үшін БЖ қолдануды, болжауды; • нейрондық желіні құруды. 	<p>Нейрондық желі – Нейронная сеть – Neural network Шекті – Порог – Threshold Тегистеу – Сглаживание – Smoothing Қате – Ошибка – Error Болжам – Прогноз – Forecast Белсендіру функциясы – Функция активации – Activation function</p>	<p>Заманауи цифрлық компьютерлердің ресурстарымен салыстырғанда, дөңгелек құрттың (нематодтың) миы 302 нейронды ғана құрайды, бұл ете аз сан! Бірақ құрт дәстүрлі компьютерлер алі де шеше алмайтын күрделі тапсырмаларды шеше алады.</p>



Қалай ойлайсыңдар, компьютердің өздігінен білім алу мүмкіндігі бар ма?

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Кіріс сигналын алатын, бірақ шекті мәнін ескептіп, шығыс сигналын түрлендіретін функция **белсендіру функциясы** деп аталады.

Біз нейронның биологиялық мидың құрылымдық қызметтік бірлігі екенін білеміз.

Нейронның әртүрлі формалары электронды сигналдарды нейронның (дендриттің) бір жағынан екіншісіне (терминал) аксон арқылы жіберетініне әсер етпейді. Нейрон (кіріс) электр сигналын қабылдайды және басқа (шығыс) электр сигналын шығарады. Содан кейін, бұл сигналдар басқа нейронға беріледі.


Байқау нәтижелері бойынша белгілі бір **шекті мәннің** болуы анықталды, оны нейрон кіріс сигналынан күтуде және осы сигналға жеткенше оны бәсендегідей, содан кейін кіріс сигналын генерациялауды іске қосады.

Салыстыру үшін сұйықтық ыдысқа толмайынша төгілмейді. Осылайша, нейрондар пайдалы ақпаратты тасымалдайтын күшті сигналдарды шығарады.

Математикалық түрғыдан алғанда, мұндай эффект **қадамдық функцияларды** беру мүмкіндігін қамтамасыз етуі мүмкін.

Сигмоида немесе **сигмоидалды функция** – бұл жетілдірілген, тегістелген S-тәрізді функция (1.4.1-сурет). Бұл – табиғи және шынайы функция, онда қадамдық функцияның өткір тіктөртбұрышты шегаралары тегістелген.

Нейрондық желі құру үшін сигмоиданы қолданамыз.



1.4.1-сурет. S-тәрізді сигмоида

ЖАСАНДЫ НЕЙРОНДЫ МОДЕЛЬДЕУ

I. Шынайы биологиялық нейрондар бірнеше кірістерден тұрады. Кірістерді біріктіру, сигмоидтан шығу мәнін бақылау үшін сәйкес мәндердің қосындысын есептеу қажет.

Логистикалық функция деп аталатын сигмоида келесі формула бойынша анықталады:

$$y = \frac{1}{1 + e^{-x}}, \quad (1)$$


мұндағы x – нейронға кіретін сигналдардың қосындысы, ал y – осы нейрондардың шығу сигналы.

II. Табиғатта байқалатын нейрондардың ретіне сәйкес, әр нейронның алдында және одан кейін бірнеше нейрон орналасады, олардан ол кіріс сигналын алады және тиісінше, қоздыру жағдайында сигнал жібереді.

Жасанды модельде осындай процесті жүргізу үшін көпқабатты нейрондық құрылымды құру әдісі пайдаланылады, онда алдыңғы және кейінгі қабаттар бөлінген. Әрбір нейрон (түйін) сәйкес қабаттардағы әрбір нейронмен байланысқан.

Аралық қабаттар **жасырын қабаттар** деп аталады.

Түйіндер арасындағы байланысты жүзеге асыратын реттегіш шамалар да (салмақ) бар. 1.4.2-суретте өзара байланысқан түйіндер (нейрондар) арасында қандай да бір байланыс күшінің ($W_{i,j}$) бар екендігі көрсетілген. Мысалы, $W_{1,1}$ – бірінші қабаттың бірінші түйіні мен екінші қабаттың бірінші түйінің және т.б. арасындағы байланыстың салмақтық коэффициентін білдіреді. Сәйкесінше,



1.4.2-сурет. Көпқабаттық нейрондық құрылым

төмен салмақтық коэффициент сигналды бәсендесе, ал жоғарғы салмақтық коэффициент сигналды күшайте түседі.

Табиғат зандарына сәйкес, ең мықтылар ғана жеңіске жетеді, нейрондық желі салмақтық коэффициенттерін анықтау арқылы өзінің шығу тәртібін жақсартуды үйренеді, желідегі ішкі байланыстарды реттеуді үйренгеннен кейін, кейбір салмақтар нөлге түседі немесе нөлге жақын болады.

Мұндай қосылымдар желіге әсер етпейді, өйткені олардың сигналдары берілмейді. Нөлдік салмаққа сигналды көбейтуідің нәтижесі нөлге тең болады да, нақты байланыс үзіледі.

НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІ БОЙЫНША СИГНАЛДАРДЫҢ ТАРАЛУЫ

Кіріс сигналдарының шығыс сигналдарына ауысқанға дейін барлық қабаттар бойынша таралуын қалай есептеу керектігін қарастырайық.

Түйіндердің ең бірінші қабаты кіріс болып саналады және оның мақсаты – кіріс сигналдарын қабылдау. Кіріс түйіндерінде кіріс сигналдарына белсендіру (қарапайым сызықтық функция) функциясын қолданбаймыз. Екінші (жасырын) қабатпен кейбір есептерді орындаімyz. Бұл қабаттағы әрбір түйін үшін кіріс сигналын анықтау керек.

Әр түйін екі кіріс сигналдарының қосындысын белсендіру функциясы арқылы бір шығыс сигналына айналдыратынын білеміз, сондықтан

сигмоиданы қолданамыз (1). Енді осы функциядағы x – байланыстардың салмақтық коэффициенттерімен тегістелген алдыңғы қабаттағы байланысқан түйіндердің өндөлмеген шығыс сигналдарынан қалыптасатын комбинацияны қарастырайық (1.4.3-сурет).



1.4.3-сурет. Нейрондық желінің жұмыс істеу принципі

Кіріс сигналдарына $a = 1,1$ және $b = 0,6$ мәндері сәйкес келсін делік. Кездейсоқ салмақтардың салмақтық коэффициенттерінен бастайық:

$$W_{1,1} = 0,8; W_{1,2} = 0,3; W_{2,1} = 0,2; W_{2,2} = 0,8$$

Тегістелген кіріс сигналы келесі өрнектердің көмегімен есептеледі:

$$x = (\text{бірінші түйіннің кірісі} \cdot \text{байланыс салмағы}) + (\text{екінші түйіннің кірісі} \cdot \text{байланыс салмағы})$$

$$x = (1,1 \cdot 0,8) + (0,6 \cdot 0,2) = 0,88 + 0,12 = 1.$$

Белсендіру функциясының (1) көмегімен осы түйін үшін шығыс сигналын есептейік, мұндағы $e = 2,71828$:

$$y = 1 / (1 + e^{-1}) = 1 / 1,3679 = 0,7310. \text{ Осылайша, } y = 0,7310.$$

Осы есептеулерді қалған түйіндер үшін қайталайық – екінші қабаттың екінші түйіндері үшін:

$$\begin{aligned} x &= (1,1 \cdot 0,3) + (0,6 \cdot 0,8) = 0,33 + 0,48 = 0,81; \\ y &= 1 / (1 + 0,4448) = 1 / 1,4448 = 0,6921. \end{aligned}$$

Тәжірибе жасаңдар

Тұрлі кіріс мәліметтерін және кездейсоқ жолмен олардың салмақтық коэффициенттерін орнатындар, шығыс сигналдарын анықтаңдар. Жасырын қабаттарда түйіндер саны азайды ма, қарандар.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Нейрондық желілер олардың байланыстарының салмақтық коэффициентін нақтылау арқылы оқытылады. Ол жаттығу кезіндегі мәліметтердің дұрыс жауаптары мен нақты шығыс мәнінің айырмасымен басқарылады. Бұл процесс **қатемен басқару** процесі деп аталады.

Нейрондық желілерді оқыту үшін қолданылатын нақты мәндермен берілген мысалдарды **жаттығу мәліметтері** деп атайды.

Қазіргі таңда нейрондық желілерді модельдеу үшін көптеген программалық жасақтамалар бар, олар **программалық-имитатор** немесе **нейропакет** деп аталады. Бұлар – кәдімгі компьютерде пайдаланушы үшін нейрокомпьютердің ортасын эмуляциялайтын программалық қабықшалар. Нейропакеттерде нейрондық желілерді оқыту алгоритмінің үш тобы жүзеге асады: **градиенттік, генетикалық, стохастикалық**.

Желі параметрлеріне сәйкес қателер функцияның дербес туындыларын есептеу негізінде **градиенттік** алгоритмдер (1 және 2-ретті) құрылады. **Стохастикалық** алгоритмдер кездейсоқ жолмен қате функциясының минимумын іздейді. **Генетикалық** алгоритмде **градиенттік** және **стохастикалық** алгоритмдердің қасиеттері бірдей болады.

Кейбір нейропакеттерді атап өтейік: NeuroSolutions, NeuralWorks Professional II/Plus, Process Advisor, NeuroShell 2, BrainMaker Pro, Нейросимулятор 5.0, Neuro Office және т.б.



Нейрондық желіні «метрді сантиметрге айналдыру» амалын орындауға үйретейік, $1 \text{ м} = 100 \text{ см}$ персептронды түрдегі нейрондық желілерді құру және қолдану мүмкіндігін беретін «Нейросимулятор 5.0» программасында орындаіық.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР


Персептрондар – жасанды нейрон желілерінің қаралайым түрі. Басқаша айтқанда, бұл – қабылдау, танып-блу процесін модельдейтін құрылғы.

Персепtron датчиктерден (сенсорлардан), ассоциативтік және реакциялық элементтерден тұратын мидаң ақпараттарды қабылдауының математикалық моделіне негізделген. Датчиктер арқылы қабылданатын сигналдар алдымен ассоциативтік, сонаң соң реакциялық (жауап қайтаратын) элементтерге беріледі. Осылайша, персептрондар кіріс ақпараттары мен шығыс кезіндегі қажет реакция арасындағы

«ассоциациялар» жиынтығын құруға мүмкіндік береді. Биологиялық түрғыдан қарағанда бұл көрү ақпаратының қозғалыстағы нейрондардың физиологиялық жауап беруі сияқты түрленуге сәйкес келеді.

1. <http://www.lbai.ru/#show;install> мекенжайы бойынша «Нейросимулятор» жүктеп алып, іске қосыңдар.

2. Нейросимулятордың ашылған терезесінің **Желіні жобалау** (Проектирование сети) қосымша бетінде нейрондар санын (2 кіріс, 1 шығыс, 3 жасырын) және белсендіру функцияларын белгілеңдер (1.4.4-сурет).



1.4.4-сурет. Желіні жобалау қосымша парақшасы

	A	B	C	D
1	1	1	100	
2	1	2	200	
3	1	3	300	
4	1	4	400	
5	1	6	600	
6	1	7	700	
7	1	8	800	
8	1	9	900	
9				

1.4.5-сурет. Excel-дегі мәліметтер

3. Excel-де метрді сантиметрге айналдыру кестесін құрындар (1.4.5-сурет).


4. Оқыту қосымша бетіне өтіп, Excel-ден (*cm.xlsx*) мәліметтерді экспорттаңдар немесе «+» батырмасын басып, мәліметтерді қолмен енгізіндер (1.4.6, *a*-сурет). **Кері тарату** оқыту алгоритмін таңдаңдар, итерация санын, алгоритм жылдамдығын орнатыңдар. Содан кейін **Желіні оқыту** батырмасын басыңдар, сонда персепtronды оқу процесі, қатені **кері тарату әдісі** іске қосылады (1.4.6, *a*-сурет). Оқытудың итерация санын езгерте отырып, максималды (көк түспен көрсетілген) және орташа квадратты оқыту

	X1	X2	D1
1	1	1	100
2	1	2	200
3	1	3	300
4	1	4	400
5	1	6	600
6	1	7	700
7	1	8	800
8	1	9	900

	X1	X2	D1
1	1	5	500

a)

(қызыл түспен көрсетілген) қателіктерінің тәуелділік графигін көруге болады (1.4.6-сурет).



a)

1.4.6-сурет. Оқыту қосымша беті

5. Тексеру қосымша бетіне өтіндер және D1 желісінің қажетті шығуын Y1 нақты шығысымен салыстырыңдар. Ол үшін **Оқыту жиынтығынан мәліметтерді көшіру** (1.4.7, a-сурет) батырмасын таңдаңдар, содан кейін **Тестіленетін жиынтықтан мәліметтерді көшіру** таңдаңдар (1.4.7, a-сурет).

Нейросимулятор

The screenshot shows the NeuroSimulator application window. At the top, there is a menu bar with tabs: "Проектирование сети" (Network Design), "Обучение" (Training), "Проверка" (Verification), "Прогноз" (Forecasting), and "О программе" (About the program). Below the menu is a toolbar with various icons for file operations and network management. A main table displays training data with columns X1, X2, D1, Y1, E1, and empty rows for output. Below the table is a summary row with "Выход" (Output) and "Средн. кв. отн. (%)" (Mean square error %) values. The "Y1" row has values 1.6264 and 1.5367 respectively.

Нейросимулятор					
	Проектирование сети	Обучение	Проверка	Прогноз	О про
X1	X2	D1	Y1	E1	
1 1	1	100	118.4801	18.4801	
2 1	2	200	194.1344	5.8656	
3 1	3	300	284.908	15.092	
4 1	4	400	388.2533	11.7467	
5 1	6	600	610.038	10.038	
6 1	7	700	714.3696	14.3696	
7 1	8	800	806.5536	6.5536	
8 1	9	900	883.7987	16.2013	
<hr/>					
Выход	Средн. кв. отн. (%)	Средн. отн. (%)			
Y1	1.6264	1.5367			

a)

Нейросимулятор


The screenshot shows the NeuroSimulator application window. The menu bar and toolbar are identical to the previous screenshot. The main table displays training data with columns X1, X2, D1, Y1, E1, and empty rows for output. Below the table is a summary row with "Выход" (Output) and "Средн. кв. отн. (%)" (Mean square error %) values. The "Y1" row has values ∞ and ∞ respectively. The "E1" row has value 1.0324.

Нейросимулятор					
	Проектирование сети	Обучение	Проверка	Прогноз	О программе
X1	X2	D1	Y1	E1	
1 1	5	500	498.9676	1.0324	
<hr/>					
Выход	Средн. кв. отн. (%)	Средн. отн. (%)	№ примера с макс. ош	R2	R2A
Y1	∞	∞	1	- ∞	NaN

a)

1.4.7-сурет. Тексеру қосымша парақшасы

6. Енді нейрондық желі болжамдар жасай алады (1.4.8-сурет).



1.4.8-сурет. Болжамдар қосымша параптасы

- 💡** 1. Нейрондардың жасанды көрінісінде қабаттар қалай құрылады?
💡 2. Желідегі салмақтық коэффициенті дегеніміз не?
💡 3. Белсендіру функциясы не үшін керек?
💡 4. Сигмоида дегеніміз не?
💡 5. Нейрондық желінің қатесі қалай көмектеседі?
💡 6. Нейропакет дегеніміз не?
💡 7. Қандай нейропакеттердің түрлерін білесіндер?
💡 8. ЖӘНЕ логикалық операциясы үшін ақықаттық кестесін модельдейтін перспективонның қанша кірісі және шығысы болуы керек?
- 💻** 1. Нейросимуляторда желіні килограмды грамға, километрді дюймге айналдыруды үйімдастырыңдар.
👤 2. «Фишер құртқашашы» тапсырмасы бойынша кейір белгілеріне сүйене отырып, осы өсімдіктің түрлерін анықтайтын жасанды нейрондық желіні жобалау (1-сурет).



Қылышықты
құртқашаш



Виргин
құртқашашы



Көптүсті
құртқашаш

1-сурет. Құртқашаш түрлері

- 1) **Деректер:** Құртқашаштың 150 данасының үш түрінің әрқайсысынан 50-ден: қылышықты, виргин, көптүсті. Мұнда қылышықты құртқашашты – 1, виргин құртқашашын – 2, көптүсті құртқашашты – 3 деп белгілеп аламыз.




2) **Ерекше белгілері:** Эр құртқашаш түрі үшін 4 ерекше белгілері белгілі:

- гүл тостағаншасының жеке жапырағының ұзындығы;
- гүл тостағаншасының жеке жапырағының ені;
- жапырақтың ұзындығы;
- жапырақшаның ені.


3) Деректер қорынан кез келген құртқашаш түрін анықтау үшін оны жіктей алатын АЛГОРИТМ құрастырамыз. Құртқашашты жіктеу дегеніміз – берілген Құртқашаш класына жататын түрін көрсетуді білдіреді. Машинамен оқытуда жіктеу мәселеісі, атап айтқанда, мұғаліммен жаттығу түрінде эксперимент жасау арқылы жасанды нейрондық желілер әдістерін қолдану негізінде шешіледі.

4) Нейрондық желіні оқыту процесін сипаттайық.

1. Келесі сілтемеден <http://www.neurotechlab.ru/download> **Neural Excel** программасын жүктеп алайық;
2. Excel-ге келесі балтауларды енгізіндер (**Файл – Параметры – Надстройки – Управление – Надстройки Excel – Перейти. Шолу** (Обзор) арқылы орнатылған Neural Excel файлын табыңдар).
- 3) Орнатылғаннан кейін **Neural Excel** үlestірмесі меню қатарында пайдалады, содан соң **Примеры данных** таңдаймыз да, пайдаланып менюден **Фишер құртқашашын** таңдаймыз (2-3-суреттер).



2-сурет. Neural Excel үlestірмесі




3-сурет. Үlestірмелі меню

Кесте автоматты турде деректермен толтырылады. Сонымен қатар дайын деректерді қолданып, ез ерктеріңмен деректерді толтыруға болады.

4. Мастер обучения батырмасын басамыз және Создать новую нейронную сеть командасын таңдаймыз да, **OK** батырмасын басамыз.


5. Настройка процесса обучения нейронной сети терезесін суретте көрсөтілгендей белгілермен баптаймыз: **Тип поля – Входное и Тип нормализации – Линейная нормализация** (4-сурет).



4-сурет. Нейрондық желіні оқыту процесін баптау

6. CLASS бағанасы үшін **Тип поля – Выходное** және **Тип нормализации – Линейная нормализация** деп таңдаймыз. Ары қарай **Далее** батырмасын басамыз.

7. Баптауды жалғастырамыз, ол үшін қабаттардағы нейрондар санын өзгертіп жазамыз, біздің жағдайда – 17 (5-сурет).



5-сурет. Нейрон қабаттарын баптау

8. Келесі терезеде **Описание нейронной сети** жолында мысалдың атасын «Фишер құртқашашына мысал» деп өзгертеміз.
9. Ары қарай **Начать обучение сети** батырмасын басамыз және оқытуды динамикалық график түрінде бақыланадар (6-сурет).

**6-сурет.** Желіні оқыту

10. Нейрондық желінің оқытылуын тестілеу үшін, **Протестируовать обученную сеть** батырмасын басыңыз. Тестілеу үшін кестенің 20 жолындағы деректерді таңдаймыз (7–8-суреттер).

Neural Excel - тестирование нейронной сети	
Поле	Значение
# Длина чашелистика	46
# Ширина чашелистика	36
# Длина лепестка	10
# Ширина лепестка	2
CLASS	0

7-сурет. Нейрон желісін тестілеу

Neural Excel - тестирование нейронной сети	
Поле	Значение
# Длина чашелистика	46
# Ширина чашелистика	36
# Длина лепестка	10
# Ширина лепестка	2
CLASS	1.00019965139435


8-сурет. Тестілеу нәтижесі

Вычислить батырмасын таңдаймыз, сонда **CLASS** жолында Excel кестенің **CLASS** жолындағы мәнге жуық мән пайда болады, яғни бұл 1-қылышқты құртқашаш белгілері екенін таныды. Басқа да мәндерді дәл осылай тестілеуден өткізіл, нейрондық желінің оқытылғанына көз жеткізіндер.

11. Excel кестесінде **Выход сети** бағанасын қосамыз және осы бағанадағы бірінші жолға келесі формуланы ензіміз:

=PREDICT("NRLNET"; RC1; RC2; RC3; RC4).

Функция аргументтерін енгізу үшін формула жолындағы белгішесіне басамыз да және әр қатардағы батырмасын басу арқылы тізбектелген түрде деректермен толтырамыз (9-сурет).



9-сурет. Функция аргументтерін енгізу

ОК басқаннан соң, нәтижені аламыз (10-сурет).

R5C7	1	2	3	4	5	6
1	Длина чашелистика	Ширина чашелистика	Длина лепестка	Ширина лепестка	CLASS	Выход сети
2	50	33	14	2	1	1
3	53	37	15	2	1	1

10-сурет. Выход сети нәтижесі

Барлық деректер мәнін есептегу үшін формула жазылған ұяшыққа басып, ары қарай басқа ұяшықтарды автоматты толтырамыз (11-сурет).

	1	2	3	4	5	6
1	Длина чашелистика	Ширина чашелистика	Длина лепестка	Ширина лепестка	CLASS	Выход сети
2	50	33	14	2	1	1
3	53	37	15	2	1	1
4	64	28	56	22	3	2,99997583
5	63	33	60	25	3	2,99999873
6	65	28	46	15	2	2,0608674
7	67	30	50	17	2	2,48200836

11-сурет. Выход сети бағанасының нәтижелері



12. Оқытылу қатесінің өлшемін табу үшін **Ошибкa обучения** бағанасын құрамыз және оны CLASS және Выход сети бағаналарының сайкесінше айырмасын есептейтін формуlamен толтырамыз (12-13-суреттер).

Длина чашелистика	Ширина чашелистика	Длина лепестка	Ширина лепестка	CLASS	Выход сети	Ошибка обучения
50	33	14	2	1	1	$=ABS(RC[-2]-RC[-1])$
44	37	15	2	1	1	

12-сурет. Ошибкa обучения бағанасына формуланы енгізу

1	Длина чашелистика	Ширина чашелистика	Длина лепестка	Ширина лепестка	CLASS	Выход сети	Ошибка обучения
2	50	33	14	2	1	1	0.00000000
3	53	37	15	2	1	1	0.00000000
4	64	28	54	22	3	2.99997583	0.00002417
5	63	33	66	25	1	2.99999873	0.00000127
6	65	28	46	15	2	2.06069674	0.06069574
7	67	30	56	17	2	2.48200836	0.48200836
8	67	31	54	24	1	2.99999153	0.00000847
9	58	28	51	24	1	2.99999871	0.00001290
10	63	28	51	15	3	2.3887896	0.61121040

13-сурет. Ошибкa обучения бағанасының нәтижесі

Қатенің ауытқуы айтарлықтай емес, сондықтан нейрондық желі жұмысын дұрыс деп бағалауға болады.

13. Файлды импорттау және экспорттау үшін **Менеджер нейросетей** батырмасы қолданылады.



Басқа нейропакеттерді зерттеңдер. Олардың артықшылықтары мен кемшиліктерін салыстырындар.

I БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Бірнеше дұрыс жауапты таңдаңдар.

Жасанды интеллект (ЖИ) – бұл ...

- A) зерттеу объектісі адам болып табылатын ғылымның бағыты;
- B) ойлау туралы ғылым;
- C) адамның интеллектуалды функцияларын компьютерлік модельдеуді зерттейтін компьютерлік ғылымдар жүйесіндегі бағыт;
- D) адамның жүйке жүйесінің моделі;
- E) адам миының жұмысын компьютерлік модельдеу технологиясы.

2. Бірнеше дұрыс жауапты таңдаңдар.

ЖИ келесі міндеттермен байланысты:

- A) адам интеллектісін түсіну үшін компьютерді пайдалану;
- B) ми әрекетінің нейрондық механизмдері туралы идеяларды қалыптастыру;
- C) ми функцияларын жүйелік ұйымдастыру принциптерін зерделеу;
- D) адамның жүйке жүйесінің жұмысын бақылау;
- E) компьютерлік интеллектуалды жүйелерді әзірлеу.

3. Бірнеше дұрыс жауапты таңдаңдар.

Интеллектуалды компьютерлік программалар келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- A) бейне мен сөйлеуді тану;
- B) мәліметтерді талдау негізінде оқыту және өз бетімен оқу;
- C) интеллектуалды жүйелер мен роботтарды басқару;
- D) объектілер туралы ақпаратты сақтау;
- E) қорыту және болжау.

4. Бір дұрыс жауапты таңдаңдар.

ЖИ программысы алғаш жарыққа шыққан жыл:

- A) 1956;
- B) 1969;
- C) 1996;
- D) 1966;
- E) 1976.

5. Бірнеше дұрыс жауапты таңдаңдар.

Машиналық оқытудың компоненттері – ...

- A) деректер;
- B) белгілер;
- C) алгоритм;
- D) программа;
- E) нәтиже.

6. Бірнеше дұрыс жауапты таңдаңдар.

Нейрондық желілерді пайдалану арқылы шешілетін негізгі әрекеттер ...

- A) жіктеу;
- B) болжау;
- C) тану;
- D) талдау;
- E) бақылау.


7. Бір дұрыс жауапты таңдаңдар.

Нақты бір белгілері бойынша бірдей объектілерді іздеуге бағытталған мұғалімсіз машиналық оқытудың міндеті ...

- A) кластерлеу;
- B) жіктеу;
- C) тану;
- D) жинақтау, қорыту;
- E) регрессия.

8. Сәйкестікті орнатыңдар.

Схеманы ұғымдар мен терминдермен толтырыңдар және мысалдармен толықтырыңдар.



9. Сөздерді ретімен орналастырыңдар.

Белсендіру (активация) функциясы	функция	бірақ шекті мәндерді ескере отырып,
шығыс сигналдарын түрлендіретін	кіріс сигналдарын қабылдайтын	деп аталады

10. Сәйкестікті орнатыңдар.

1. Қате	A) Логарифмдік функция
2. Сигмоида	B) Аралық нейрондар
3. Нейрон	C) Жаттығу деректерінің нәтижесі мен нақты деректер арасындағы айырмашылық
4. Жасырын қабат	D) Биологиялық мидың негізгі құрылымдық-функционалдық бірлігі


11. Сөзжүмбақты шешіндер.

Көлденеңінен:

- Адамның сөзін және дауысын ұқсатып қайталаңтын әңгімелесуші-программа.
- Нейронның биологиялық құрылымындағы ұзын талшықтар.
- Сигналдарды өткізіп және оларды өндеп, өзгертіп отыратын екі нейрон арасындағы функционалдық байланыс.
- Адам қызметін компьютерлік модельдеуге байланысты бағыт.

Тігінен:

- Ойыншы жасырған кейіпкерді табатын онлайн-ойын.
- Файлдарды, бумаларды және компьютерлердің деректері сияқты мәліметтерге ортақ қатынасады, сондай-ақ желі пайдаланушыларына электрондық пошта қызметтерін қамтамасыз ететін компьютер.
- Нейрондық желілердің ең көп қолданатын әдісі.



І БӨЛІМНІң ТҮЙІНДЕМЕСІ

- ✓ **Жасанды интеллект** – адамның зияткерлік қызметін компьютерлік модельдеуге байланысты компьютер саласындағы бағыт.
- ✓ **Машиналық оқыту** – жасанды интеллектінің бір бөлімі. Оның негізгі идеясы, компьютердің алдын ала жазылған алгоритмді пайдаланып, тапсырманы орындауды үйренуін білдіреді.
- ✓ **Мұғаліммен машиналық оқыту** – машинаның алдын ала мұғалім көрсеткен нақты мысалдарға сүйеніп үйрену әдісі.
- ✓ **Мұғалімсіз машиналық оқыту** – машинаның өз бетімен белгісіз заңдылықтарды табу арқылы үйренуі.
- ✓ **Нейрон** – мидың негізгі құрылымдық-функционалдық бірлігі.
- ✓ **Жасанды нейрондық желі** – биологиялық нейрондық желілерді (тірі организмнің жүйке жасушалары) ұйымдастыру және жұмыс істеу принципі негізінде құрылған нейрондар желісінің математикалық немесе компьютерлік моделі.
- ✓ **Нейрондық желіні оқыту** – бұл нейрондар арасындағы байланыстардың салмақтық коэффициентін іздеу. Бұл процесс жаттығу мәліметтері бойынша берілген дұрыс жауап пен нақты шығыс мәні арасындағы айырмашылық арқылы қатемен анықталады.
- ✓ **Нейрондық желілер** күрделі аналитикалық есептеулерді шешу үшін қолданылады: объектілерді жіктеу, болжau және тану.
- ✓ **Чат-бот** – бұл адамның сөзін және дауысын ұқсатып қайталайтын әңгімелесуші программа.
- ✓ **Синапс** – екі нейронның арасындағы байланыс. Синапстардың параметрі – салмақ. Оның көмегімен бір нейроннан келесі нейронға таралып жатқанда кіріс ақпараты өзгереді.
- ✓ **Белсендіру функциясы** деп кіріс сигналын алатын, бірақ шекті мәнін ескеріп, шығыс сигналын түрлендіретін функцияны айтады.
- ✓ **Персептрон** – жасанды нейрон желілерінің қарапайым түрі. Басқаша айтқанда, бұл – қабылдау, танып-білу процесін модельдейтін құрылғы.

1-тоқсанды қорытындылау

ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Фылыми деректерді саралау арқылы теріске шығарыңдар немесе дәлелдендер:

- 1) жаңа, күрделі әрі жылдам компьютерлер саналы тұлғаның барлық қырларын дәл суреттей алады;
- 2) компьютерде адамдағы сияқты саналы ойлар, эмоциялар мен сезім-талдық сияқты қасиеттер болуы мүмкін;
- 3) Стивен Хокингтің «жасанды интеллект технологиясының дамуы болашақта адамзаттың өліміне алып келеді» деген пікірі;
- 4) жасанды интеллект технологиясының дамуы бірқатар мамандықтардың жоғалып кетуін болжайды, бірақ оларды қолдану басқа салалардың дамуына әкеледі;
- 5) математика белімі – формалды логика – кез келген сұраққа жауап берे алатын компьютер жасап шығару мүмкін еместігін дәлелдейді;
- 6) компьютер ешқашан ерекше немесе таңғаларлық нәрсе жасап шығара алмайды, ол тек өзінің программасына енгізілген функцияларды ғана орындаиды;
- 7) компьютердің «сипаттамасы» ережелермен реттелетіндіктен, дәрменсіз немесе қателік жіберетін жағдайлардың әдейі болып тұруы мүмкін;
- 8) адамдар жасанды интеллектке көп сене бастады және табиғат берген нәрсені қолдануды доғарады;
- 9) компьютерді ойлап тапқандар мен алғашқы программистер музыка жазу, сөзжұмбақтар шешу және әртүрлі ойындарға арналған программаларды ермек үшін құрастыруды;
- 10) қазіргі таңда денсаулық сақтау жүйесі мен білім саласында адам өмірін оңтайландыруға, тіпті рухтандыруға арналған жеке роботтардың пайда болуын күттеде.

www.canva.com сайтында таныстырылым жасау мүмкіндіктерін пайдаланып, жобалық жұмысты дайындаңдар және қорғаңдар.

2. Жобалық жұмысты орындаңдар.

1. Тақырыбы: «Neural excel арқылы көп қабатты желіні құру»

Мақсаты: Нейрондық желіні киімнің өлшемін анықтауға үйрету және жобалау.

1. Киімнің өлшемін анықтау қажет (футболка, белдемше, джинсы):

- a) 1-S;
- ә) 2-M;
- б) 3-L;
- в) 4-XL.

2. Келесі белгілер бар:

- а) иық ұзындығы;
- ә) бел ұзындығы;
- б) мықын ұзындығы;
- в) кеуде өлшемі;

Мысалы, кестеде футболка өлшемін анықтау үшін кіріс деректері бар.

Кіріс деректері			Шығыс деректері
Иық ұзындығы (см)	Кеуде өлшемі (см)	Мықын ұзындығы (см)	Өлшем (RUS)
80	39	82	1
86	40	83	2
90	41	84	3
94	42	85	4

2. Тақырыбы: «Neural Excel пакетінде белгілер бойынша жіктеу».

Мақсаты: Ұшу аппараттарын жіктеу үшін нейрондық желіні жобалау және үйрету.

Міндеттер:

1. Ұшу аппаратының келесі үш сыныпқа жататындығын анықтау талап етіледі:

- а) 1-ұшақ;
- ә) 2-тікұшақ;

б) 3-дирижабль;

2. Келесі белгілер бар:

- а) ұшу қашықтығы;

ә) ұшу биіктігі;

б) ұшу жылдамдығы;

в) жүк көтергіштігі;

г) тарту түрі (сандық эквивалентті сәйкес қою);

ғ) отын түрі (сандық эквивалентті сәйкес қою);

д) максималды жүктеме деңгейі.

Жобаның жұмыс кезеңдері:

1. Іріктеу үшін деректерді анықтаңдар.

2. Жіктеу белгілерін атап көрсетіңдер.

3. Нейрондық желіні жаттықтырыңдар.

4. Нейрондық жүйені жаттығу үшін тексеріңдер.

5. Нейрондық желіні оқыту қателерін есептеңдер.

II бөлім. 3D ЖОБАЛАУ

2.1. ВИРТУАЛДЫ ЖӘНЕ КЕҢЕЙТІЛГЕН ШЫНАЙЫЛЫҚ

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұмattар
<ul style="list-style-type: none"> • Виртуалды және кеңейтілген шынайылықтың қажеттілігін. 	<p>Виртуалды шынайылық – Виртуальная реальность – Virtual reality (VR)</p> <p>Кеңейтілген шынайылық – Дополненная реальность – Augmented reality (AR)</p> <p>Компьютерлік модель – Компьютерное моделирование – Computer modelling</p>	<p>Жас қазақстандық өнертапқыш Т. Рыспековтың қоршаған ортаны талдауға арналып жасалған кеңейтілген шынайылықтың арнайы көзілдірігі – имитациялық өнімнің бірі, өлшегіштер көмегімен химиялық реактивтердің түрін, температурасын және ылғалдығын табуға көмектеседі.</p>

Соңғы уақытта виртуалды шынайылық (VR) қарқынды дамып, кең тара-ла бастады. Арнайы құрылғылардың көмегімен (көзілдіріктер, шлем, қолғаптар, рөл және т.б.) адам VR әлеміне ене алады. Ең озық VR технологиялары көңіл көтеру және компьютерлік ойындар үшін, сонымен қатар түрлі құрылғыларды басқаруға байланысты қасіптерді: ұшқыш, диспетчер, жүргізуши, құтқарушы және т.б. дайындауда, оқыту және же-тілдіру, кино және өнер саласында қолданылады.

Виртуалды шынайылықпен қатар **кеңейтілген шынайылық** та (AR) даму үстінде. AR технологиясы адамның қабылдау саласын виртуалды ақпараттар-мен кеңейтіп, заманауи жарнама бизнесінде қолда-нылатын маркетинг құралы ретінде пайдаланылады. AR функциялары мақсатты аудиторияға ықпал ету және оларға оң жауап беру мақсатында дүкендер мен жарнамалық стендерге қосымша ақпарат қабатын қосады. Мысалы, смартфондарға арналған программа, **Тенге 3D** қағаз ақшаларда бейнеленген суреттерді «жандандырады» (2.1.1-сурет).

ЕСТЕ САҚТАНДАР

Виртуалды шынайылық немесе жасанды шынайылық (Virtual Reality, VR) – бұл адамның сезімдеріне әсер етіп, виртуалды ортамен өзара әрекеттесуін имитациялайтын техникалық құралдармен жасалған әлем.



2.1.1-сурет. Тенге 3D қосымшасының нәтижесі

ЕСТЕ САҚТАНДАР

Кеңейтілген шынайылық (Augmented Reality, AR) – бұл ақпаратты қабылдауды жақсарту үшін виртуалды элементтермен, сенсорлы деректермен «кеңейтілген» шынайы әлем.



Қосымша ақпарат

VR /AR тарихынан

Алғаш рет «жасанды шынайылық» терминін 1960 жылдары компьютерлік суретші М. Кругер (ағылш. Myron Krueger) қолданған.

«Виртуалды шынайылық» терминінің авторлығы деректерді визуализациялау саласында танымал ғалым Джарон Ланье (ағылш. Jaron Zepel Lanier) тиесілі.

1961 жылы Philco корпорациясы бірінші VR құрылғысы болған Headsight шлемін әзірледі.

1962 жылы өнертапқыш Мортон Хейлиг (ағылш. Morton Heilig) Бруклин көшелері арқылы мотоциклмен жүруді модельдейтін «Сенсорама» симуляциялық программасын ұсынды.

1967 жылы Иван Сазерленд (ағылш. Ivan Edward Sutherland) әзірлеген шлем өзінің салмағы үшін «Дамоклов меч» атағына ие болды. Шлем жасалған 3D бейнелерді тарататын, тәбеке орнатылған дисплей мен шлемнен тұратын құрылғы. Шлем бас қозғалуынан қалыптасқан бейнелерді өзгертуге мүмкіндік береді.

Аспен қаласының алғашқы гипермедиа картасын 1978 жылы Эндрю Липпман жасаған. Соның негізінде программа көмегімен көлікпен қалада виртуалды саяхат жасау моделі ұсынды.

EyePhone көзілдірігі және компьютерлік симуляция тарату үшін адамның басы мен денесінің қозғалысын талдайтын DataSuit сенсорлық костюмі 1980 жылдары VR технологияларының жемісі ретінде NASA жобаларында қолданылған.

Қазіргі уақытта VR шлем мен костюмдерінің прототипі (түпнұсқасы) бар. Мысалы, Microsoft-тан (2016) HoloLens, GoogleGlas (2014), Tesla Suit (2017) және тағы басқалары.

Ұшақ құрылышында пайдаланылатын сандық дисплейлерді сипаттауда «Кеңейтілген шынайылық» терминін алғаш рет 1992 жылы Tom Codell пайдаланды.

1990 және 2000 жылдары AR саласында аэронавигацияға қатысты, ұшқыш таңдаған бағытқа байланысты қозғалыстың бағытын автоматты түрде анықтау барысында зерттеулер жүргізілді.

Жүйенің тапсырмасы индикаторлардың кескінін сол кездеңі ақпарат арқылы көрсету болды.

VR/AR технологиясының өркендеуіне осы технологияны әзірлеушілердің ойын-сауық және компьютерлік ойындар саласына деген қызығушылығы әсер етті.

2000 жылдары симуляторлар және компьютерлік модельді шынайылыққа жеткізетін VR тренажерлері – авто- авиасимуляторлар, экономикалық және спорттық симуляторлар пайда болды.

AR/VR технологияның Қазақстандағы бірқатар жетістіктерінің бірі – Sana Academy бағдарламалай мектебінің Zhanuar 4D анимация курсы.



VR адамзатқа не үшін қажет?

ВИРТУАЛДЫ ШЫНАЙЫЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Виртуалды шынайылық үш түрде ұсынылуы мүмкін.

1. Компьютерлік модельдеу және имитация шынайылыққа жақын және жүйенің жұмыс істеуі мен пайдалануышының сыртқы әсерлеріне оның реакциясын айқындайтын, қоршаған ортаның үшөлшемді графикалық моделі болып табылады.

Компьютерлік модельдер жаңа жүйелердің прототипін жасау мен әзірлеуде, өмір үшін қауіпті немесе тікелей зерттеуі қыын болатын түпнұсқаны (прототипті) зерделеу үшін қолданылады.

Компьютерлі имитация пайдалануышының экранда көрсетілетін оқиғалардың тікелей қатысушысы ғана емес, сонымен қатар басты кейіпкердің виртуалды көшірмесі болу және әлемді оның сезімдері арқылы көру мүмкіндігін береді.

2. Желілік виртуалды шынайылық (Интернет) – нақты уақыттағы үшөлшемді интерактивті векторлық графиканы желіде көрсету.

Бұл көрсетушілік (визуализация) түрлі нұктелерден байқау, ену және виртуалды әлемнің ішінен зерттеулерді жүргізу мүмкіндігін береді, сондықтан суреттерді түзету үшін математикалық есептеулерді жылдам орындау керек, әйтпесе суреттер бұрмаланады. Жоғары сапалы желілік көрсетушілікті алу үшін **XML**-ге (eXtensible Markup Language) біріктірілген модульдік құрылымы бар **X3D** стандарты қолданылады. Ол **VRML** (Virtual Reality Modeling Language – виртуалды шынайылықты модельдеу тілі) стандартты файл форматынан ықшамды болып келеді.

3. Виртуалды шынайылықты аппараттық қамтамасыз ету – виртуалды ортамен өзара әрекеттесетін аппараттық құрылғы және жабдық.

VR/AR үшін құрал-жабдықтарын дамыту тарихы өткен ғасырдың ортасында бірінші VR шлем әзірленгеннен басталды. Қазіргі таңда іргелі ғылымдар, ғылым мен техниканың мамандандырылған қолданбалы салаларында тапсырмаларды шешу үшін жүзден аса ірі виртуалды шынайылықтың орнатуларын пайдаланады.

Болашақта интерактивті технологияны тездетіп қолданысқа енгізу үшін осы салаға әртүрлі мамандық иелері (маркетолог, әдіскерлер, әрлеушілер, инвесторлар, бизнесмендер) тартылып, инвестициялық салынымдар өсіп жатқаны байқалады (2.1.2-сурет).

Ескерту

Виртуалды шынайылықтың даму тарихы туралы толығырақ ақпаратты
<http://www.avclub.pro/articles/3d-tehnologii/kratkaya-istoriya-rазвития-tekhnologii-virtualnoy-realnosti/>;

<http://arnext.ru/>, <https://lookinar.com/blog/blog-ru/ar-vr-history.html> табуға болады.

	2016–2020	2020–2025	2025–?
Технологиялар	<p>Виртуалды шынайылық шлемдері</p> <p>Кері байланысы бар күрылғылар (виртуалды шынайылық костюмдері)</p> <p>Кеңейтілген шынайылық көзілдірігі</p>	<p>Робот-хирургтар</p> <p>Инвазивті емес нейроинтерфейс</p> <p>Робот – аватарлар</p>	<p>Инвазивті нейроинтерфейс</p> <p>Қашықтағы медициналық тексеруді және диагноз қоюды автоматтандыру</p>
Нарық	<p>Виртуалды туризм</p> <p>Нақты қатысу әсері бар медиа: – компьютерлік ойындар; – концерттер; – спорттық іс-шаралар; – жаңаңыздар.</p> <p>Виртуалды технологиялар мен нақты қатысу әсерін қолдану арқылы оқыту</p>	<p>Виртуалды кенселер</p> <p>Бұқіл әлем бойынша қашықтағы хирургиялық операциялар</p> <p>Өз валютасы мен зандары бар виртуалды әлем</p> <p>Тактильдік және дәмдік сезімдері бар жарнама</p> <p>Цифрлық сезімдерді модельдеу (тактильді, дәмді, ііс сезу)</p>	<p>Автоматтандырылған және дербестендірілген медицина</p> <p>Адам санасында автоматты түрде пайда болатын жарнама және оған арналған спам сүзгілер</p> <p>Виртуалды көңістікке кірген адам денелерінің қоймалары</p> <p>Виртуалды әлем құру</p> <p>Кибер-полиция</p>

2.1.2-сурет. VR/AR технологиясының өркендеуі

ВИРТУАЛДЫ ШЫНАЙЫЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

Шлем және көзілдірік (Head Mounted Display, HMD).



VR шлем

Шлемнің жұмыс істеу принципі бойынша пайдаланушы көз алдында екі дисплей орнатылған, сыртқы жарықтан қалқан қорғайды, стерео құлаққаптар, сандық акселерометрлер және орналасу сенсорлары кіріктірілген. Үшөлшемді ортаны шынайы қабылдауды қамтамасыз ететін бір-біріне қатысты аздал ауыстырылған стереоскопиялық бейнелерді дисплей көрсетеді.

Көптеген VR шлемдер өте ауыр, бірақ смартфондардың VR қосымшаларын қолдану үшін жасалған заманауи жеңіл нұсқалары да бар.

VR шлемдері үш түрге бөлінеді:

- **үстелге қоятын шлемдер** компьютерге немесе консольдерге қосылады (HTCVive, Oculus Rift, Playstation VR).
- **мобильді гарнитура** – линзалы смартфондарға арналған ұстағыш (Samsung Gear VR, Google Cardboard, YesVR).
- **автономды VR көзілдіріктер** – арнайы немесе бейімделген операциялық жүйелермен басқарылатын құрылғылар. Мұндай құрылғылардағы су-

реттерді өңдеу шлемде жүзеге асырылады (*OculusGo*, *HTCViveFocus*, *SulonQ*, *DeePoon*, *AuraVisor*).

Виртуалды шынайылық бөлмелері (Cave Automatic Virtual Environment).

Суреттер бөлменің қабырғасында таратылады, көбінесе бұл Motion-Parallax3D дисплейлері. Олар **қозғалыс паралаксы** деп аталатын көлемді қабылдау механизмін қолданады. Оның көмегімен пайдаланушы көзінің координатасына негізделген сурет бөліктерінің үнемі жылжуына байланысты көлемді заттың иллюзиясы пайда болады.

Виртуалды объектілер бейнелерді қайта құрудың арқасында нақты әлемнің объектілері ретінде сол қағидаттар мен зандарға сәйкес ауыстырылады. Бұл пайдаланушыға нақты және виртуалды объектілерді қамтитын тұтас бейнені құруға мүмкіндік береді. Толығымен енү үшін 3D көзілдірігі немесе шлемі пайдаланылады.

Виртуалды шынайылықта толық енуге мүмкіндік беретін VR Quest Қазақстандағы виртуалды шынайылықтың квест әзірлеушісі ретінде мысал бола алады (2.1.3-сурет).



2.1.3-сурет. Виртуалды шынайылық бөлмесі



2.1.4-сурет. Dexmo – 2016 қолғаптары

Көмекші гарнитуралар. Джойстик және VR қолғаптары көмегімен объектілерді басқаруда жоғары дәлдікпен кеңістіктегі қолдың орналасуын және қолдануши әрекеттерін көрсетуге болады. VR қолғаптары виртуалды ойындардың жаңқүйерлері арасында танымал. Қолғап әрбір саусақтың еркін қозғалысын жоғары дәрежелі сезімталдықпен оқып, оны экрандағы ойынға еліктіріп қозғалтады.

Oculus, Contact Ci, Manus VR, HTC компаниялары VR қолғаптар жасайды. Қызықты мобильді құрылғылар қатарына қытайлық Dextra Robotics компаниясының әзірлемелері кіреді.

Мысалы, Dexmo-2016 қолғабы (2.1.4-сурет) ойыншының қолынан сигналдар жібереді және виртуалды шынайылық объектілерін ғана емес, олардың мөлшерін, пішінін және қаттылығын сезінуге мүмкіндік береді.

Басқа құрылғылар аяқпен басқарылатын (3D Rudder) әртүрлі платформаларды және жүгіру жолдарын (Virtuix Omni) және т.б. қамтиды. Пайдалануши платформадағы өз қозғалыстарын басқарады және нақты әлемдегі соқтығысулардан қорықпай, жол бойында еркін жүреді.

Виртуалды шынайылық костюмі – VR әлеміне адамның ену мүмкіндігін беретін құрылғы.

Сыртқы әлемде оқшауланған VR костюмі ішінде бейне экран, акустикалық жүйе және электрондық құрылғылар орналасқан, олар терінің нервтік жүйесінің ұштарына әсер етуіне байланысты жанасудың пайда болуына себеп болады. Мысалы, Teslasuit костюмі VR және AR-мен эксперименттер жасау үшін әзірленген және тактильді (тері арқылы) көрі байланысты, қозғалысты қадағалауды, температураны бақылауды қамтамасыз етеді.

КЕҢЕЙТІЛГЕН ШЫНАЙЫЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

Кірістірілген құрылғылары мен камералары бар, автономды және ықшам құрылғылармен жабдықталған «**ақылды (смарт)**» деп аталатын көзілдірік пен шлем пайдалануышының айналасындағы кеңістікті бағдарлау картасын жасауға үлкен мүмкіндік береді. Бұл – компьютерлі көрү технологияларының жетістігі.

Олардың кеңейтілген шынайылықты пайдаланып, қашықтағы қызмет көрсетушілермен тәжірибе алмасуға, нұсқаулық беруге қолдануға болады.

Бұл құрылғылардың көпшілігінде дауысты және қозғалысты тану функциялары бар, суреттер арнайы шағын дисплейлерге немесе көзілдірік линзаларға проекцияланады.

Көзілдіріктер мен шлемдердің **бинокуляры** (стереоскопиялық) (Hololens, DAQRI SmartGlasses) және **монокуляры** (GoogleGlass, Vuzix M3000) үлгілері бар. Олардың айырмашылығы – адамның визуалды ақпаратты қабылдау ерекшеліктерінде. Көзілдіріктер мен шлемдердегі бинокуляры және монокуляры көрү қасиеттері – көрү бейнелерінің бірлескен сипатын көрсету.

Монокуляры көрү – бір көзben көрү.

Бинокуляры көрү – екі көзben көрү.

Адам басын қозғалтпай, бір көзben шамамен 140° , ал екі көзben шамамен 180° кеңістікті қамтиды, бұл стереоскопиялық көруді қамтамасыз етеді.

Мобильді құрылғылар. Іс жүзінде кез келген заманауи смартфон немесе планшет кеңейтілген шынайылық құрылғысы бола алады, тек тиісті программаны орнату жеткілікті. Маркер технологиясы объектілерді тану үшін жиі қолданылады. QR-кодтарды, жасалынған нұктелерді, логотиптерді, компьютерлі көруді және түлғаны тануды маркер ретінде пайдалануға болады.

Интерактивті терминалдар, стендер мен дүңгіршектер кеңейтілген шынайылықта жобаланған.

Бұл жабдық түрлі көрмелерде, сату, жарнама, білім беру салаларында пайдалануға арналған әргеномикалық қосымшалармен жабдықталған.

Олар белгілі бір мәннәтіндік объектілерді бейнелейтін кең форматты экрандар болып табылады және онлайн режимінде ақпаратты көруге мүмкіндік береді. Бейнені кез келген объектіге (бетке) қоюға болады.

VR/AR технологиялар нарығы жыл сайын кеңейтінін атап өткен жән және олар әртүрлі салаларда қолданылады.



1. Tenge 3D мобильдік құрылғысын орнатындар. Кеңейтілген шынайылықпен тәжірибе жасаңдар.

2. qrcoder.ru сайты арқылы визитканың QR-кодын жасаңдар.

1. qrcoder.ru сайтын ашыңдар.

QR-код арқылы кез келген ақпаратты кодтауға болады, мысалы: мәтін, телефон нөмірі, сайтқа сілтеме немесе визитка.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

QR-код

«QR (Quick Response) – жылдам жауап» – мобильді телефондағы камераның көмегімен оны жылдам тану үшін ақпарат беретін екі-өлшемді штрихкод (бар-код).



2. Визитканы кодтау сілтемесін таңдаңдар.

3. Объектіні жеке деректермен толтырындар. Сайт мекенжайы жолында мектеп сайтының мекенжайын көрсетіндер. Код терезесінің өлшемін таңдап, кодты жасау батырмасын басыңдар.

ВИЗИТНАЯ КАРТОЧКА В ВИДЕ QR КОДА

закодировать:	любой текст	ссылку на сайт	визитную карточку	дата-сообщение
имя:	Алексей	фамилия:	Иванов	
должность:	Шанибал	должность:	Шанибал	
телефон:	+79851234567	телефон:	+79851234567	
адрес:	г. Алматы, ул. Жырау б-р, д. 16	адрес:	г. Алматы, ул. Жырау б-р, д. 16	
заметка:	http://www.okulik.kz	заметка:	http://www.okulik.kz	
размер:	<input type="radio"/> 1 <input type="radio"/> 2 <input checked="" type="radio"/> 3 <input type="radio"/> 4 <input type="radio"/> 5 <input type="radio"/> 6			
создать код (ctrl+enter)				

ЧТО ТАКОЕ QR-КОД:

QR код «QR - Quick Response - Быстро Отклини» – это двухмерный штрихкод (бар-код), представляющий информацию для быстрого ее распознавания с помощью камеры на мобильном телефоне.

При помощи QR-кода можно занести любую информацию, например: текст, номер телефона, ссылку на сайт или визитную карточку.

ВАШ QR-КОД:





4. Пайда болған терезеде QR-кодтың суреті бойынша тінтуірдің оң жағымен басып, суретті **Қалай сақтау** (Сохранить как) командасын басып, сақтаңдар.

5. QR-кодын сканерлеу үшін QR-кодтарды тану бағдарламасын мобиЛЬДІ телефонға орнатыңдар. Телефон камерасының линзасын QR-кодқа бағыттаңдар және сканерлеңдер. Алынған ақпаратты контактілерде сақтауға болады.

Бүгінгі күні контактілерді алмасудың тағы қандай жолдары бар?



Мәтінді кодтау, сайтқа сілтеме, хабарлама.



1. Әдебиеттен немесе Интернеттөн заманауи VR/AR көзілдіріктерінің сипаттамаларын табыңдар. Мысалы, шлем, аяқтам платформалары, қолғаптар, смартфондарға арналған гарнитуралар. Бағасы мен сапасына қарай осы құрылғыларды салыстырыңдар.
2. Қазақстанда VR/AR технологиялары қаншалықты танымал екендігін зерттеңдер. Олар қандай салада сұранысқа ие?
3. VR/AR технологияларының көмегімен қандай технологиялық және әлеуметтік мәселелер шешіледі?
4. VR/AR технологиялары мен ғаламдық желілердің одан әрі дамуының адамзат үшін салдарын болжап көріндер.

2.2. ВИРТУАЛДЫ ШЫНАЙЫЛЫҚТАҒЫ АДАМ

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұмматтар
<ul style="list-style-type: none"> • Виртуалды және кеңейтілген шынаыйлықтың адамның психикалық және физикалық денсаулығына әсерін. 	<p>Виртуалды шынаыйлық – Виртуальная реальность – Virtual reality (VR)</p> <p>Кеңейтілген шынаыйлық – Дополненная реальность – Augmented reality (AR)</p> <p>VR/AR қолдану аясы – Области применения VR/AR – Applications fields VR/AR</p>	<p>Тұңғыш рет кеңейтілген шынаыйлық туралы «Өз елінің ғажайып сиқыршысы» атты әйгілі кітапты 1901 жылы Л. Френк Баум жазған. «Сиқырлы сөндіргіш» хикаясында Роб атты бала Электрлік жыннан сиқырлы көзілдірік алған. Көзілдірік әр адамның маңдайындағы әріпті көруге мүмкіндік берді – адамның мінез-құлқын сипаттайтын болған. Осылайша, аққеніл адамдарда «А», ақылдыларда (даналарда) – Д, жаман адамдарда – Ж, зердесіз адамдарда – З әрі көрінеді. Хикаяда бала жынның тамаша сыйлықтарынан бас тартады, себебі адамзат бүндай сыйлықтарды тиімді пайдалануды жете туғисе қойған жоқ деп санады.</p>

VR/AR технологиялары қандай бағытта дамып, қолданылып жатқанын талқылауды жалғастырайық.

Бұл процесс, бір жағынан, ақпаратты өңдеудің жылдамдығы мен тиімділігі тарағынан, екінші жағынан – жаңа техникалық мүмкіндіктердің пайда болуымен анықталады.

ВИРТУАЛДЫ ЖӘНЕ КЕҢЕЙТІЛГЕН ШЫНАЙЫЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУ


Білім беру. Интерактивті технологияларды оқу барысында пайдаланбай, білім беруді елестету қыын. «Виртуалды аудитория», «виртуалды оқу ортасы» тұжырымдамасы сенімді түрде қолданысқа енгізілді. Ол мұғалім мен оқушылардың оқу іс-әрекеттерін қолдау үшін технологиялардың, оқыту мен ақпараттық ресурстардың және деректер құрылымдарының тұтас жүйесі ретінде түсіндіріледі. Бұл терминдердің ағылшынша атаулары: «Smart Virtual Classroom» және «Digital Classroom». Виртуалды сынып мұғалім мен оқушы бірлесіп жұмыс (синхронды оқыту) істейтін аудиторияны білдіреді. Интерактивті тақтада мұғалім оқу материалдарын көрсетеді, олар оқушының қосымшалар терезесінде синхронды түрде пайда болады, оқушыға дыбыстап сұрақтар қоюға мүмкіндік береді.

Виртуалды оқу ортасын пайдалану сабак түрлерін көрнекі түрде жүргізуге, білім алушыларға нақты обьектінің немесе процестің барлық аспекттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Жалпы электрондық оқыту есте сақтау қабілетіне үлкен әсер етеді, білім беру процестерінің сапасы мен материалды тез қабылдауын жақсартады.

Қазіргі заманауи индустримальды оқыту жобалары мультимедиалық және VR/AR технологиясына бағытталып, балалар мен ересектерді оқытуға арналған. Жергілікті әзірлеушілердің кейбір қосымшаларын атап өтейік. Олар балаларға арналған «Bizbirgemiz – Біз біргеміз» және «Қаланы аралау» жобалары (1–000.kz) (2.2.1 және 2.2.2-суреттер).



2.2.1-сурет. «Bizbirgemiz»



2.2.2-сурет. «Қаланы аралау»

СЕТЕ САҚТАНДАР

Оқытудың **виртуалды кеңістігі** – мұғалім мен оқушының оқу процесін ақпараттық, құрылымдық ресурстармен қамтитын технологияның тұтас жүйесі.

Сол сияқты балаларды дамытуға арналған кеңейтілген интерактивті шынайылықты оқыту карталары – Zhanuar 4D және Baqsha 4D (ar.sana.kz), қазақстандық мектептер үшін «Digital English» үш тілдегі қосымшалар.

Бұл – қазіргі заманауи білім беруде виртуалды технологияларды қолданудың негізгі бағыттары.

VR/AR технологияларын денсаулық сақтау саласында қолдану.

Медицинада және денсаулық сақтауда VR/AR-ні қолданудың мүмкіндігін растайтын қазіргі заманғы мысалдарды қарастырайық. VR/AR технологиялары – заманауи медициналық инфрақұрылымды жобалау үшін перспективалық, медицинадағы виртуалды шынайылықпен енгізілетін өзгерістерді қолдай алатын, мұлдем жаңа ортаның болашақта жұмыс істейтін архитектурасы. VR/AR технологиясы емделушілерді оңалту және мүгедек адамдардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін қолданылады.

Психотерапевтпен VR көзілдірігін пайдаланып әңгімелесу кезінде VR көзілдіріктің психологиялық күйзелістер кезіндегі фобиямен курсеге көмектесетіні және емделушілерге өзін ұстауды үйрететіні атап өтілді.

Оқу мақсаттары үшін виртуалды шынайылық виртуалды науқастарға операцияларды модельдеуге мүмкіндік береді. Медициналық жоғары оқу орнының студенттері операциялық бөлмеге кірмей, VR көзілдірігінің көмегімен тәжірибелі хирургтың жұмысын бақылау мүмкіндігін және жоғары сапалы дәлдікпен суреттеу сияқты (суретке түсіру) барлық мәліметтерді ала алады.

Медицина университеттерінде және колledgeдерде болашақ дәрігерлердің білімдері мен дағыларын жақсарту үшін 3D форматындағы «Ішкі аурулар» интерактивті қосымшасы пайдаланылады. Тактильді кері байланысы бар виртуалды тренажерлер – виртуалды шынайылыққа негізделген хирургтарға арналған тренажерлер қолданылады (vardix-group.com, make-3D.ru).

Қазіргі заманауи гаджеттерді VR/AR технологиялары үшін платформа ретінде пайдалану

2.2.1-кесте

Мүмкін болатын қолдану саласы	Технологиялар	Ерекшеліктері	Іске асыру мысалдары
Бейнеойындар	VR/AR	Желілік ойындар, симуляторлар, жарыс және шабуылшылар, интерактивті мүмкіндіктер бойынша зерттеу	Nival-дан InCell

Жалғасы

Сауда-саттық аясы	VR	Интернет-дүкендер, электрондық нарықтар	T-market.kz, бірыңғай платформа –thousand-ar.kz
Тікелей эфирде көрсетілетін іс-шаралар	VR/AR	Іс-шаралар орындарында тікелей болу әсері	
Виртуалды және кеңейтілген шынайылықта ие парктер	VR/AR	Виртуалды әлемге толық енуге еліктеу	виртуалды ойын-сауық паркі Arena Space, Kat VR Park// arenaspace.ru
Кинематограф: фильмдер мен телевизорлар	VR	Үлкен көлемді мәліметтерді жоғары жылдамдықпен беруді талап ететін мазмұнның көлемі мен сапасына қойылатын жоғары талаптар	Almaty VR Film Fest



Жоғарыдағы кестеде тізімделгендерден басқа VR/AR-ні тағы қандай жерде пайдалануға болады деп ойлайсыңдар?



1. <https://vr-j.ru/tag/obrazovanie> электрондық журналында мақаланы оқындар және виртуалды шынайылықтың білім алу үшін артықшылықтары мен кемшіліктерін талқыланыңдар.
2. <https://esquire.kz/kakovo-to-v-sozdavaty-virtualynuuy-realynostyu-saytynda-fa/> мақаламен танысып, өз ойларыңмен бөлісіңдер.



1. Белгілі компаниялардың қызметтерін талдау негізінде зерттеулер жүргізіндер. «VR/AR қолданудың технологиясы маркетинг пен сатылымға қалай көмектеседі?». VR/AR қолданудың бәсекелес артықшылығы бар ма?
2. Сатып алушы неліктен көнсөсінде немесе объектіде өзінің VR турларын ұсынатын азірлеушіге сенім артатынын түсіндіріндер.
3. Виртуалды шынайылық бірнеше онжылдықтар бойы қолданылуда, бірақ оның ықпалы денсаулық пен қауіпсіздіктің мүмкін болатын проблемаларының арқасында шектелді. Бұл технологияға қатысты бұрын қандай қауіп бар еді? Бұл қазіргі кездегі технологиялық революцияға әсер етуі мүмкін бе?



1. «Смартфондар, сағаттар, планшеттер, ноутбуектердің бәрі өткенге кетеді. Олардың орнына VR/AR технологиясы негізінде азірленген интернет-линзалар келеді» деген мәлімдемемен келесіндер ме? Жауаптарыңды мысалдармен негіздендер.
2. VR-да табылған жаңалықтар деңе мен мидың жұмысына қалай әсер етуі мүмкін?



3. VR тәуелділігі қалай байқалады және оны қалай болдырмау керек?
4. Өздерің зиян көлтірмesten VR жаңа жабдығын тестілеудің 5 ережесін түжырымдаңдар.
5. Сендердің ойларыңша VR/AR қоғамдық мұддеге ие болу мүмкіндігіне негіз болатын бірқатар тақырыптар ұсыныңдар.



«VR/AR технологияларын пайдаланудың кемшіліктері мен артықшылықтары» кестесін толтырыңдар.

Категория	VR		AR	
	+	-	+	-
1. Құралдар (аппараттық жабдықтар), көру (қаралу) тәсілдері, жүзеге асыру жолдары және т.б.				
2. Пайдаланушыға әсері				

2.3. 3D ПАНОРАМА

Оқып-үренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұмattар
• Алғашқы көріністі 3D панорама арқылы қалай жасауға болатынын.	3D панорама – 3D панорама – 3D panorama Зенит – Зенит – Zenith Надир – Надир – Nadir Суретке түсіру – Фотографирование – Photographing Панорамалық фотосурет – Панорамная фотография – Panoramic photography	Әлем бойынша ең үлкен панорама жасау үшін 2014 жылы Еуропаның ең биік нүктесі – Монблан тауынан 46 ТБ көлеміндегі 70 000 фотосурет түсірілді. Суретшілер тобы 15 күн бойы түсірілім жүргізді, ал компьютерде өңдеумен 2 ай айналысты. Соңғы сурет 365 Гликсті құрады, бұл алдыңғы рекордтан – Лондон панорамасынан 45 Гликске артық. Толық көлемдегі панораманы www.in2white.com сайтынан көруге болады.

3D ПАНОРАМА НЕЛІКТЕҢ ТАНЫМАЛ?

3D панорама – ақпаратты ұсынудың ең танымал тәсілдердің бірі, олар адамда шын елес сезімін тудырады. Бейне немесе фотосуреттер топтамасына қарағанда, жеке деректерді көруге немесе панораманы алыстан көру-

ге болады. 3D панорамалардың артықшылықтары маркетинг индустриясында өнімдер мен қызметтерді алға жылжыту және клиенттерді тарту құралы ретінде пайдаланылады. 3D панорамамен және оны құру технологиясымен танысу үшін алдымен негізгі түсінктерді қарастырайық.

Қазіргі мағынада панорамалық фотосурет – бұл сфералық көріністі қамтамасыз ететін кадрленген (біріктірілген) сурет.

3D ПАНОРАМАНЫ ҚАЛАЙ ҚҰРУҒА БОЛАДЫ?

3D панораманы құру кезеңдері:

1. Суретке түсіру. 360°-қа шолу жасайтын орынның суретін түсіру.

2. Желімдел жапсыру (біріктіру). Әрі қарай өндедеу және түрлендіру (конвертациялау) үшін арнайы программаның көмегімен барлық кадрлар бір панорамаға желімделініп жабыстырылады (біріктіріледі).

3. Түрлендіру (Конвертация). 3D режимінде панорамалық суретті сақтау және қараша параметрлерін таңдау.

3D ПАНОРАМА ТҮСІРУ ҮШІН ҚАНДАЙ ЖАБДЫҚ ҚАЖЕТ?

Бұғынгі таңда сфералық панорамаға түсірілген суреттерді дербес жинайтын құрылғылар (фотоаппарат, смартфон, планшеттік компьютер) бар.

Алайда жоғары сапалы панорамаларды жасаудың жалғыз жолы цифрлық камераға суретке түсіру, содан кейін арнайы компьютерлік программаларда жеке кадрларды біріктіру болып есептеледі. Мысалы, панорамалық суретті жинау үшін программаларды (*WidsMob Panorama, AutoStitch, PanoramaStudio, ArcSoft Panorama Maker*) және онлайн құралдарды (*Image Composite Editor, Photo Gallery, Autostitch, Hugin, Dermandar, Google Photos*) пайдалануға болады.

Белгілі бір жағдайларда қарапайым 3D панорама қосымша жабдықты пайдаланбай, бір камерамен құрылады. Жабдықтарды дұрыс таңдау арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Фотокамера төмендегідей стандартты жабдықтар жиынтығын қамтиды (2.3.1-сурет).

1. Фотоаппарат (камера). Кез келген сандық камераны пайдалануға болады, бірақ сандық айналы камера панорамаларды түсіру үшін өте ыңғайлы.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Панорамалық фотосурет – көлденеңінен 160° және тігінен 75° адамның көрү өрісін қамтитын, ал кейбір жағдайларда көлденең жазықтықта 360° бос орынды көрсететін үлкен көрү бұрыши бар фотосурет түрі.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

3D панорама – көрү нүктесін өзгерту арқылы көруге болатын сфералық проекцияда алынған үшөлшемді панорамалық фотосуреттер.

2. Объектив. Сфералық панорамаларды құру үшін жоғарғы кең бұрыштық объективтер мен FishEye объективтері қолданылады. Сфераны тұйықтау үшін қажетті кадрлар саны объективтің фокус арақашықтығына байланысты.



2.3.1-сурет. Стандартты жабдықтар жынытығы

ЕСТЕ САҚТАНДАР

Нодалды нүкте – опти-
калық саулелердің
қызылсызында орналасқан
объектив осіндегі нүкте.

3. Панорамалық тірек объективтің нодалды нүктесінің айналасында айналатында етіп, каме-
раны штативке орнату мүмкіндігін береді. Бұл парал-
лаксты жоққа шығарады – алыстағы фонға қатысты
объективтің көрінетін орнын өзгерту. Панорамалық
тіректердің екі негізгі түрі бар – бір ядролы және көп
ядролы (сфералық).

4. Панорамалық тірек деңгейін реттеу үшін **деңгейлік платформа** (па-
норамалық тіректің деңгейін реттеуші) қолданылады.

5. Сфералық панорамалық тіректің камерамен тұрақты бекітілуін **штатив**
қамтамасыз етеді.



Алматы қаласындағы «Орталық мәдениет және демалыс саябағының» 3D сфералық панорамасын құрайық (Ол үшін интернет-ақпараттарды пайдалануға болады).



I. Суретке түсіру.


1) Түсірілім жасайтын орынды таңдаңдар және болашақ панорама
ортасында фотоаппарат (кейде смартфон) бекітілген штативті орна-
тындар.



2) Штативтің астындағы жерді немесе еденді (надир) суретке түсіруден бастаңдар.

3) Алдымен төмөнгі жолды, сосын ортанғы және үстіңгі жолдарды түсіріңдер, түсіруді аспанды немесе төбені түсірумен (зенит) аяқтаңдар. Түсірілім кезінде әрбір келесі кадрлар 20–30% кейінгі кадрмен қабаттасуы керек.

Әртүрлі фокустық арақашықтарда алынған бастапқы кадрлар (2.3.2-сурет) суреттегідей көрінеді.



2.3.2-сурет. Кадрлар: **8+8+Z+N**, екі қатар да горизонттан $+/- 30^\circ$ көлбеумен түсірілген.

Ескерту

Цифрлар саны жолдардың санын, цифрлардың мәні – әр жолдағы фотосуреттердің санын білдіреді. Z – зенит кадры (жоғары). N – надир кадры (төмен).

II. Желімдеп жapsыру (біріктіру).

Панорамалық суреттерді желімдеп жapsыру үшін Microsoft Image Composite Editor программасын орнатыңдар және іске қосыңдар (2.3.3-сурет).

Жұктеу үшін келесі сайтқа кіріңдер: <https://www.microsoft.com/en-us/download/details.aspx?id=52459>.



2.3.3-сурет. Microsoft Image Composite Editor программасының бастапқы парақшасы



1-қадам. IMPORT.


New Panorama From Images басындар және алынған суреттерді программаға жүктендер (2.3.4-сурет).



2.3.4-сурет. Фотосуреттерді жүктеу

2-қадам. STITCH.


Жақсы нәтижеге жету үшін **Projection** бөлімінде ұсынылған проекциялардың бірін таңдаңдар. Сонымен қатар **Orientation** бөлімінде тағы үш параметрді баптауға болады (2.3.5-сурет). Осы қадамда желімдеп жапсырылған (біріктірілген) сфералық панораманы алу керек.



2.3.5-сурет. Панораманы жинақтау

3-қадам. CROP.

Панораманы сақтау үшін **шегара форматын** (формат границ) таңдаңдар. Автоматты таңдауды орындауға болады немесе панорама шегараларын қолмен басқару арқылы таңдай аласыңдар (2.3.6-сурет).



2.3.6-сурет. Суретті қиу

III. Тұрлендіру (конвертация).

4-қадам. EXPORT.

Сақтау үшін суреттің параметрлерін таңдаңдар.

Келісім бойынша **JPG** форматы және 75% сапасы орнатылған.

Басқа фоторедакторда панораманы өңдеуді жалғастырсаңдар, онда **TIFF** форматын таңдаңдар (үлкен өлшемдегі максималды сапа).

Одан кейін **Export to disk...** және **Save** басындар (2.3.7-сурет).



2.3.7-сурет. Панораманы сақтау

Осы қадамдарға сәйкесінше түсірудің жаңа орнын белгілеп, 2-панорама жасаңдар.



<https://www.airpano.ru/search.php>, www.360cities.net сайттарындағы фото және бейнелерден 3D панорамаға мысалдарды қараңдар және оларға талдау жасандар.



1. Панорамалық фотосурет дегеніміз не? 3D панорама дегеніміз не? 3D панорамалардың өзектілігі неде?
2. Қандай панорамалар түрлерімен таныстындар?
3. Панорамалық фотосуреттер сапалы болуы үшін қандай ержелерді ұстану керек? Неге?
4. Кадрлар неге бір нүктеден түсіріледі?
5. 3D панорамаларды құру үшін қандай редактор программаларды қолдануға болады?



1. Мобильді телефон немесе фотоаппарат көмегімен сфералық панорама құрындар:
 - мектеп ғимаратына кіру;
 - мектеп фойесі;
 - математика кабинеті;
 - информатика кабинеті;
 - Қазақстан тарихы кабинеті.
2. Исті бастар алдында фотоаппарат немесе смартфонды баптау қажет:
 - объективте қысқа аралықта фокусты орнатындар;
 - фокустауды қолмен басқару режиміне ауысындар және алдынғы пландағы заттарға тұра келтіріндер;
 - аяу райын ескере отырып, ақ тұс балансын орнатындар;
 - жарықтандыруды орнатындар.



1. 3D панораманы құру үшін программаларды салыстырып, кестені толтырындар.

Сипаттамалары	Microsoft Image Composite Editor	PTGui	Autopano	Panorama Studio
Әзірлеуші (разработчик)				
Орнату				
Қолжетімділік				
Интерфейс				
Орыс тілдегі интерфейс				
Автоматты режим				



Жобаны сақтау				
HDR (High Dynamic Range) суреттер – диапозоны				

HDR (High Dynamic Range) – диапозоны кең, түсі мен көлеңкесі айқын кескіндеген дегенді білдіреді.

2.4. ВИРТУАЛДЫ ТУР

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұматтар
• Виртуалды тур құруды.	Виртуалды тур – Виртуальный тур – Virtual tour Панорамалық кескін – Панорамные изображения – Panoramic image	Алғаш рет XVI ғасыр стилінде жасалған сарай залдары арқылы саяхат жасауға мүмкіндік беретін виртуалды тур Дадли (Ұлыбритания) мұражайының ашылуында көрсетілді. Панорамалар мен басқару жүйесінен тұратын презентацияны 1994 жылы Колин Джонсон құрды.



Виртуалды турлар неліктен танымал?

Мәдениет саласы өмірдің барлық салалары сияқты желіде өз орнын бекіткен. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша виртуалды турды қараңдар (<http://city3d.kz/nash-gorod/>). Қазақстанның виртуалды мұражайларына саяхаттандар (<https://afisha.kz/art/stati-obzory-2/article/virtualnye-muzei-kazahstana>). Достарыңа қандай виртуалды турларды қоруді ұсынар едіндер?

ВИРТУАЛДЫ ТУРДЫ ҚАЛАЙ ҚҰРУФА БОЛАДЫ?

Виртуалды турды құру кезеңдері:

1. Виртуалды турдың жоспарын құру (панорамалар санын, өту нұктелері санын анықтау);
2. Панорамаларды құру (суретке түсіру, жапсыру, конвертациялау).
3. Виртуалды турға панорамаларды біріктіру (жинақтау).
4. Навигация құралдарын қосу.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Виртуалды тур – бұл арасында өту нұктелері бар бірнеше үшөлшемді панорамалардың жиынтығы.



Виртуалды турларды құру үшін қандай программалық қосымшалар қолданылады? Олардың өзгешеліктері неде?



Алматы қаласының Орталық мәдениет және демалыс саябағы бойынша виртуалды тур құрайық. Алдыңғы сабак материалдарымен не-месе Интернет ресурстарды қолдануға болады.

1. Виртуалды турдың жоспарын құру.

Біздің виртуалды турымыз алдыңғы сабакта орындалған екі панорамадан құрылады. Саябақтың картасында локацияны толық көрсететіндегі етіп, түсірілім нұктесін таңдайық (2.4.1-сурет).



2.4.1-сурет. Түсірілім нұктесі

2. Панорамаларды құру (суретке түсіру, жапсыру, түрлендіру).

«Саябақтың орталық кіреберісі» және «Саябақтың негізгі аллеясы» панорамаларын қолданамыз. Панорамаларды дайындау үшін графикалық редакторда суреттерді өңдеу қажет болуы мүмкін: жарық пен контрастты түзету – түсттерді, тондарды және қанықтығын өзгерту, өңдеме – ақауды түзету. Ол үшін кез келген графикалық редакторды қолдануға болады.

3. Виртуалды турға панорамаларды біріктіру (жинақтау).

Pano2VR программасын орнатындар және оны іске қосындар. <http://pano2vr-pro.ru/> сайтынан жүктеп алуға болады.


1-қадам. Панорамалық суреттерді импорттау.

Панорамалық суреттерді импорттауды екі адіспен жасауға болады:

1) Тінтуірдің оң жақ батырмасының мәнмәтіндік менюінің көмегімен (бос кеңістікте) және **Панорама қосу** (Добавить панораму) пунктін таңдаңдар (2.4.2-сурет). Файлдарды таңдау терезесінде бірнеше суреттерді таңдауға болады.




2) Файлдарды терезенің орталық аймағына сүйреп апару (панорамы көрсету аймағы).



2.4.2-сурет. Pano2VR

программасының
терезесі

Панорамаларды импорттағаннан кейін қосымшалар терезесінде оларды алдын ала көруге болады. Леп белгісі бар сары үшбұрыш панораманың кіріс немесе шығыс өту нүктелері жоқ екенін, спутник белгісі бар көрсеткі GPS (геотегтер) мәліметтерінің бар болуын көрсетеді (геobelгілеу) (2.4.3-сурет).




2.4.3-сурет.

Импортталған
суреттермен тур
терезесі

2-қадам. Турдың бастапқы панорамасын орнату.

Тур тізіміндегі алғашқы панорама бастапқы болып саналады. Ол сары шеңбер ішінде 1 белгісі арқылы көрсетіледі. Панорамалардың ре-тін өзгертуге болады, панораманы бастапқы етіп өзгерту үшін **Бастапқы панорама** (Сделать стартовой панорамой) пунктін таңдаңдар.



2.4.4-сурет.

Бастапқы пано-
раманы орнату



3-қадам. Панорамалардың арасында ауысуды құру.

1) Ауысуды қосу үшін және сипаттар редакторын ашу үшін **Белсенді нұктесін** екі рет басындар (2.4.5-сурет).

a)




ә)



2.4.5-сурет. Белсенді емес: а) жоқ елес-нұктесі
ә) түйіннен кейін ауысу нұктесі




2) Өту нүктелерінің сипаттары ағымдағы жағдайда мәндерге автоматты түрде орнатылады. Тұрдағы панораманы осы нүктемен байланыстыру үшін **Тип** сипаттын **Байланыстыру туры** бөліміне өзгертиңдер (2.4.6-сурет).



2.4.6-сурет. Ауысу нүктесінің сипаттамасын өндөу

3) **Мақсатты URL сілтемесінде** қажетті панораманы таңдаңдар (2.4.7-сурет).



2.4.7-сурет. Мақсатты URL сілтемесінің сипаттамасын өзгерту



4. Навигациялық құралдарды қосу.


4-қадам. Белсенді аймақтарды құру.

Полигоналды (көпбұрышты) белсенді аймақтар аудысатарын құру немесе панорамалық объектілерді ерекшелеге арналған. Оларға курсорды апарғанда, мәтіндік кеңестерді көруге болады.

Көпбұрышты белсенді аймақты қосу үшін пиктограммасы суретtelген батырманы басындар немесе «О» ыстық пернесін қолданындар. Бірінші нұктенің орнын анықтаңдар және тінтуірдің сол жақ батырмасын екі рет басып, оны орналастырындар. Тінтуірдің сол жақ батырмасын бір рет басу арқылы қалған нұктелерді орналастырындар. Барлық қажетті нұктелерді орналастырып болған соң, тінтуірдің оң жақ батырмасын басындар және өңдеу режимінен шығындар.

Өзгертулерді енгізу үшін аймақ ішін басып және оны белсендендіріндер, сол кезде аймақтың түсі көктүстен қызыл түске аудысады. Жаңа нұктеде қосу үшін аймақ шегарасында тінтуірдің сол жақ батырмасын басындар. Нұктенің жою үшін аймақ шегарасында тінтуірдің оң жақ батырмасын басындар. Нұктенің орнын өзгерту үшін тінтуірдің сол жақ батырмасын басып, курсорды нұктенің жаңа орнына аудыстырындар.

Панорамаға аннотацияны шығаратын хот-спотты «ыстық нұктелер» қосындар. Бұл панорамадағы кез келген объекттіге түсіндірме болуы мүмкін. Сипаттамалар редакторында аймақтар түрін таңдаңдар – **Полигоналды белсенді аймақтар** (Полигональная активная Зона) және **Қасиеттер** (Свойства) өрісін толтырындар (2.4.8-сурет).



2.4.8-сурет. Ақпараттық нұктеде сипаттамаларын өңдеу



ФОТОНҮКТЕЛЕРДІ ҚОСУ

Фотонүкте – белгілі бір суреті немесе фотосуреті бар терезені шығаратын хот-спот. Мысалы, панорама немесе басқа уақытта түсірілген фотосуретті бұрып көру мүмкін емес болатын көріністен обьектінің көрінісін бөліп көрсету. Фотонүктелерді қосу үшін ашылған сипаттама редакторынан **Бейне** (Изображение) аймақ түрін таңдау қажет (2.4.9-сурет).



2.4.9-сурет. Фотонүкте сипаттамасын өңдеу


ВИДЕОНҮКТЕЛЕРДІ ҚОСУ

Видеонүктелерді қосу үшін **Видео** аймақ түрін таңдаңдар (2.4.10-сурет).





а)




2.4.10-сурет. Видеонүктелердің сипаттамасын өндеу

ФОНДЫҚ ДЫБЫСТЫ ҚОСУ

Фондық дыбыс қосу үшін **Денгей** (Уровень) сипаттамасында дыбыстың **0-ден 100%-ке** дейінгі дыбыс деңгейі орнатылады (мәні 0,0–1,0) (2.4.11-сурет). Аудиофайлдың ойнатылуы аяқталған сайын қайталау саны **Қайталау** (Повтор) сипаттыңда орнатылады.

Егер **0 мәнін енгізсек**, аудиофайл шексіз рет ойнатылады. **0 мәнінен артық** мән ойнатудың нақты бір санын анықтайады. **-1 мәні** автоматты ойнатуды тоқтатады.




2.4.11-сурет. Фондық аудиофайлдың сипаттары


5-қадам. Экспорт.

Виртуалды тур бірнеше қолжетімді форматтарда экспортталуы мүмкін. Мысалы, **HTML5** форматын таңдаңдар (2.4.12-сурет).

a)



a)

**2.4.12-сурет.** Турды сақтау



6-қадам. Даын турды көру.

Егер тур HTML5 форматында сақталған болса, онда ол браузерде ашылады (2.4.13-сурет).



2.4.13-сурет. Турды көру



1. Виртуалды тур дегеніміз не? Виртуалды тур мен 3D панораманың арасындағы ерекшеліктер қандай?
2. Виртуалды турды құру қандай кезеңдерден тұрады?
3. Ауысу нүктелері не үшін керек?
4. Виртуалды тур жасау панорамалардың санына байланысты ма?



1. Әрекеттер ретін қолдана отырып, мектеп кабинеттері бойынша виртуалды тур құрындар:
 - 1) панораманы түсіру нүктелерін және олардың санын бекітіндер;
 - 2) 3D туры үшін қосымша модификацияларды бекіту: бөлме жоспары/карта, құралдар тақтасы және т.б.;
 - 3) бөлмені дайындау;
 - 4) түсірілім уақытын келісі;
 - 5) 3D панораманы суретке түсіру;
 - 6) 3D панораманы желімдеу;
 - 7) виртуалды турды жинақтау;
 - 8) белсенді аймақтарды қосу.



1. Элемдік мұражайлардың виртуалды турларына талдау жасаңдар.
2. Виртуалды турларды пайдалану артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

II БӨЛІМ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Зерттелетін құбылыстың үшөлшемді интерактивті ортасына пайдаланушиның «енуін» қамтамасыз ететін адам мен компьютердің өзара әрекеттесу технологиясы – бұл ...

- A) мультимедиа;
- B) мультимедиалық презентация;
- C) виртуалды шынайылық;
- D) Интернет желі.

2. ... – бұл ақпаратты қабылдауды жақсарту үшін виртуалды элементтер мен сенсорлық деректермен шынайы әлемді толықтыруды қамтамасыз ететін адам мен компьютердің өзара әрекеттесу технологиясы:

- A) мультимедиа;
- B) мультимедиалық презентация;
- C) кеңейтілген шынайылық;
- D) Интернет желі.

3. Бір нүкте айналасындағы барлық кеңістікті қамтитын арнайы фотосурет: 360° көлденең және 180° тігінен – бұл ...

- A) 3D панорама;
- B) 3D тур;
- C) мультимедиа;
- D) презентация.

4. Өзара аудиосуарлар арқылы қосылған бірнеше 3D панорамалар:

- A) мультимедиа;
- B) презентация;
- C) 3D тур;
- D) бейнеролик.

5. Артығын көрсетіндер. Виртуалды технологияларды енгізу дің артықшылықтары:

- A) туристердің қаражатын үнемдеу;
- B) туроператорлардың уақытын үнемдеу;
- C) жақсы демалыс;
- D) қалыптан тыс ойлауды дамыту;
- E) нерв жүйесіне күш түсіру;
- F) тағайындалған орынның атмосферасын күшейту;

- G) қызығушылық тудыратын кішігірім бөліктерін қарастыру мүмкіндігі;
 H) нақты өмірден бас тарту;
 I) VR/AR құрылғыларының жоғарғы бағасы.

6. Microsoft Image Composite Editor программасындағы әрекеттер тізбегіне кіретін командалар:

A) Export;	4-қадам
B) Crop;	3-қадам
C) Save;	5-қадам
D) Stitch;	2-қадам
E) Import;	1-қадам

7. Бос орындарды сәйкес терминдермен толтырыңдар.

Панораманы құру кезеңдері:

3D _____ құру __ кезеңнен тұрады, _____ – түсірілімді орындау, _____ – панорама құру, _____ – сақтау және көру үшін.

8. Сәйкестікті орнатыңдар.

«Виртуалды турды құру кезеңдері»:


Командалар	№
Панораманы түсіретін нүктені анықтау	2
Виртуалды турдың құрылымын ойлау	5
Панорамаларды құру	6
Қажетті панорамалар санын түсіру	1
Дайын панорамаларды түзету	3
Виртуалды турда панорамаларды біріктіру	7
Навигация құралдарын қосу	4

9. Әрекеттердің дұрыс ретін көрсетіңдер.

«Pano2VR программасында виртуалды турды құру кезеңдері».



10. Төменде көрсетілген ұғымдар мен терминдерді пайдаланып, сызба құрындар. Сызбада тек ұғымдар мен терминдердің реттік нөмірлерін жазып, олардың арақатынасын көрсетіңдер.



Ұғымдар мен терминдер

1. Виртуалды технологиялар.
2. Виртуалды шынайылық.
3. Кеңейтілген шынайылық.
4. «Ақылды көзілдірік».
5. «Ақылды экрандар».
6. 3D панорамалар.
7. Виртуалды тур.
8. Виртуалды туризм.
9. Виртуалды шлем.
10. Имитация.
11. Интерактивті стендтер.
12. Түрлендіру (конвертациялау).
13. Суретті желімдеп жапсыру.
14. Ауысу (өту) нүктелері.
15. Суретке түсіру.

II БӨЛІМ БОЙЫНША ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС

1. «Виртуалды саяхат».

Виртуалды саяхаттың мақсаты – алдын ала таңдалған объектілерді (ғимарат, аймақ, мұражайлар, өндіріс және т.б.) таныстыруды көрсету.

Виртуалды саяхаттар тәмендегідей болуы мүмкін:

- шолу (бағдарлы). Мұнда жалпы идеямен біріктірілген бірнеше экскурсия элементтері жинақталған;
- тақырып – нақты сұрақта немесе тақырыпқа арналған;
- биографиялық – танымал адамдардың өмірбаянымен байланысты.

Жобаның мақсаты: виртуалды саяхат құру.

Жобалық жұмыстың жоспары

1. Виртуалды саяхаттың тақырыбын, мақсатын және міндеттерін анықтаңдар. Түсірілім үшін объектілерді немесе орындарды таңдандар.
2. Суретке түсіріңдер, кем дегенде екі панорама құрындар. Панорамалық суреттерді қарандар. Қажет болса, өңдендер.
3. Кем дегенде үш аудио нұктеден тұратын, соның ішінде фото және бейне аудиосу бар виртуалды саяхат жасау.
4. Виртуалды саяхатты **HTML** форматында сақтаңдар.
5. Сыныпта виртуалды саяхатты көрсетіңдер.

2. «Кейіпкерлердің әдеби виртуалды мұражайы (немесе шығарма)».

Жобаның мақсаты: кейіпкерлердің әдеби виртуалды мұражайын құру.

Жобалық жұмыстың жоспары

1. Әдеби кейіпкерлер мен шығармалардың әлемдік мұражайлардағы мысалдарын зерттеңдер.
2. Мұражай құру үшін ақпаратты іріктеңдер. Мәтінді дайындаңдар. Жәдігерлер тағайындаңдар, оларға баға беріңдер.

3. Тиісті атмосфераны құру үшін көрнекі материалдар іздеңдер.
4. Жиналған ақпаратты ұсынындар және бейне панораманы рәсімдендер.

3. Өз өңірлеріңің экологиялық объектісі бойынша виртуалды экскурсия.

Жобаның мақсаты: экологиялық объект бойынша виртуалды экскурсия жасау.

Жобамен жұмыс жоспары

1. Виртуалды экскурсияның тақырыбын, мақсатын және міндеттерін анықтаңдар; суретке түсіру үшін объектілерді немесе орындарды таңдаңдар.
2. Экскурсия жасау үшін ақпаратты, материалдарды іріктеңдер.
3. Мәтінді дайындаңдар, 3D панорамаларды түсіріңдер. Дайындалған панорамаларды қарап, қажет болған жағдайда өңдеңдер.
4. Виртуалды экскурсияны құрындар.
5. Сыныпта виртуалды экскурсияны көрсетіңдер.

II БӨЛІМНІҢ ТҮЙІНДЕМЕСІ

- ✓ **Виртуалды шынайылық немесе жасанды шынайылық (Virtual Reality, VR)** – бұл адамның сезімдеріне әсер етіп, виртуалды ортамен өзара әрекеттесуін имитациялайтын техникалық құралдармен жасалған әлем.
- ✓ **Кеңейтілген шынайылық (Augmented Reality, AR)** – бұл ақпаратты қабылдауды жақсарту үшін виртуалды элементтермен, сенсорлы деректермен «кеңейтілген» шынайы әлем.
- ✓ **Виртуалды білім беру ортасы** – бұл мұғалім мен оқушының оқу іс-әрекетіне арналған технологиялар, ресурстар мен мәліметтердің құрылымдық жүйесі.
- ✓ **Виртуалды тур** – арасында ауысу (өту) нүктелері бар үшөлшемді панорамалардың жиынтығы.
- ✓ **3D панorama** – көру нүктесін өзгерту арқылы көруге болатын сфералық проекцияда алынған үшөлшемді панорамалық фотосуреттер.
3D панораманы құру кезеңдері: 1. Суретке түсіру; 2. Желімдеп жапсыру (біріктіру); 3. Түрлендіру (Конвертациялау).
- ✓ **Панорамалық фотосурет** – көлденеңінен 160° және тігінен 75° адамның көру өрісін қамтитын, ал кейбір жағдайларда көлденең жазықтықта 360° бос орынды көрсететін үлкен көру бұрышы бар фотосурет түрі.
- ✓ **Нодалды нүкте** – оптикалық сәулелердің қылышында орналасқан объектив осіндегі нүкте.
- ✓ **Фотонүкте** – белгілі бір суреті немесе фотосуреті бар терезені шығаратын хот-спот.

III бөлім. АППАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. ВИРТУАЛДЫ МАШИНАЛАР

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұматтар
• Виртуалды машиналардың мақсатын сипаттауды.	Виртуалды машина – Виртуальная машина – Virtual machine Қонақтық операциялық жүйелер – Гостевые операционные системы – Guest operating system	Виртуалды машинаның концепциясы нақты машина жұмысын модельдейтін ресурстар жинағы ретінде 1960 жылдары Кембридже Atlas манчестерлік есептеу машинасының виртуалды жады концепциясының кеңейтілімі түрінде пайда болды.



Қандай операциялық жүйелерді білесіндер? Бір компьютерде екі операциялық жүйені орнатуға бола ма?

Виртуалды машина дегеніміз не?

Басқаша айтқанда, виртуалды машина – бұл компьютерде басқа компьютерді оған орнатылған параметрлерімен эмуляциялайтын программа. Ол компьютердің ішіндегі компьютер. Бұл не үшін қажет?



Виртуалды машиналардың қандай түрлері бар?
Оларды не үшін пайдаланады?

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Виртуалды машина – бұл арнайы программалық қамтамасыз етуді пайдаланып, жасанды түрде жасалған виртуалды компьютер.

Компьютерде виртуалды машинаны пайдаланудың бірнеше себептері болы мүмкін:

1. Қосымша операциялық жүйені тестілеу, яғни операциялық жүйенің қалай жұмыс істейтінін, оның қаншалықты ыңғайлы екенін және ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін көру үшін тестілеу. Сондай-ақ компьютерде бұрын орнатылған операциялық жүйені жойғыларың келмейді. Бұл бір операциялық жүйеден екінші жүйеге ауысқанда пайда болады. Жаңа операциялық жүйені тестілеуге болады.

2. Түрлі программаларды тестілеу. Қандай да бір себептермен тез арада компьютерге орнатың келмейтін программаларды тестілеу. Бірдей функционалды программа (мысалы, аудио немесе бейне ойнатқыштары бар) ішінен виртуалды машинада тексеру және компьютерді артық программалармен толтырмау үшін ұнаған бір программаны таңдау қажет болған жағдайда жасалады.

3. Потенциалды қауіпті программаларды іске қосу. Мысалы, егер программаны жүктеген кезде антивирус барынша зиянды болу мүмкіндігі туралы

хабарлама шығарса, онда оны бірінші виртуалды машинада іске қосу және қалай жұмыс жасайтынын қараша керек, одан кейін программа ешқандай күдік тудырмаса, оны тікелей компьютерге орнатуға болады.

4. Компьютерде орнатылған операциялық жүйемен үйлесімсіз программаларды іске қосу. Мысалы, кейбір программаны Windows жаңа нұсқалары қолдамауы мүмкін, Windows 10 орнатылған, ал программа тек Windows 7-де жұмыс істейді деп үйіфарайық. Бұл жағдайда Windows жүйесінің алдыңғы нұсқаларының эмуляция режимін пайдалануға болады, бірақ бұл әрдайым жұмыс істемейді. Сондықтан Windows 7 жүйесін виртуалды машинаға орнату оңайырақ. Программа Linux үшін жасалса, қынырақ, болады. Бұл жағдайда Linux операциялық жүйесі орнатылған виртуалды машина көмектеседі.

Уш программаны – **VMWare**, **VirtualBox** және **Microsoft Virtual PC** виртуалды машиналарын ретімен қарастырайық.

VMWare – қазіргі уақыттағы сұранысқа ие виртуалды машина. Ол **VMware Workstation** программасының негізгі толық функционалды нұсқасы, ақылы. Программада маңызды компьютер серверлерінің жұмысын жеңілдететін көптеген баптаулар бар. Негізінде бұл виртуалды машина Windows және Linux операциялық жүйелерімен жұмыс істейді және MacOs-ді негізгі операциялық жүйе ретінде қолдамайды.



VMware программасының тегін қосымшасы – **VMWare Player**, ол виртуалды машиналарды жасауға қабілетті, бірақ толық нұсқасына қарағанда функционалдылығы өте шектеулі. Бұған дейін **VMWare Player** құрылған виртуалды машиналарды тек аша алатын, ал қазір оларды жасауға бейімделген. Бүгіндегі серверлік ОЖ-лерде жұмыс істейтін қуатты виртуалды машиналар көп.




VirtualBox – серверлік ОЖ-де жұмыс істейтін тегін қуатты виртуалды машиналардың ішіндегі кең тарағаны. Оның функционалдылығы алдыңғы VMware программасынан төмен. Бұл машинаның артықшылығы – орыс тіліндегі нұсқаның болуы. VirtualBox ыңғайлы түрде бапталады және ыңғайлы, туғсінікті интерфейске ие.

Microsoft Virtual PC – Microsoft компаниясының кең тараған виртуалды машинасы. Windows операциялық жүйелерін ғана қолдайды (бұрын MacOs қолдаған).

Осы шолуды қорытындылай отырып, **VMWare**-ға тоқталайық.

VMWare артықшылықтары	VMWare кемшіліктері
• қандай да бір қатысуласыз бірнеше операциялық жүйелерді бір физикалық компьютерде пайдалануға мүмкіндік береді;	• физикалық компьютер сияқты тиімді емес, себебі аппараттық ресурстар жанама түрде таратылған;

<ul style="list-style-type: none"> • кеңінен қолжетімді, басқару және қызмет көрсету оңай; • қосымшаларды ұсыну және апattyқ қалпына келтіру мүмкіндіктеріне ие. 	<ul style="list-style-type: none"> • бір физикалық компьютерде жұмыс істейтін бірнеше виртуалды машиналар өнімділіктің тұрақсыздығын тудыруы мүмкін.
--	---




Vmware виртуалды машинасын құру және оған Ubuntu операциялық жүйесін орнату.

1. Алдымен программалық қамтамасыз етуді ресми сайттан жүктеу (<https://www.vmware.com/products/workstation-pro/workstation-pro-evaluation.html>) және орнату қажет.
2. Жүктеу бетіне ауысқанда, осы программалық қамтамасыз етуді қандай операциялық жүйеге қолданатыныңды таңдаңдар.
3. Программаны жүктегеннен кейін оны орнатып, іске қосындар.
4. Виртуалды машинаны орнатуды және баптауды бастаңдар.

ВИРТУАЛДЫ МАШИНАНЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ БАПТАУ

1. Алдымен орнатқыларың келген операциялық жүйенің кескінін дайындау қажет.
2. Виртуалды машинаны жасау үшін **Файл** (File) менюінің тармағын басындар және **Жаңа виртуалды машина...** (New Virtual Machine...) таңдаңдар.
3. Ашылған терезеден **Таңдамалы** (Custom) элементін таңдал, **Келесі** (Next) батырмасын басындар.
4. Келесі терезе аппараттық қамтамасыз етудің үйлесімділігі үшін нұсқаны таңдауды ұсынады. Нұсқаны таңдаңдар және **Келесі** (Next) батырмасын басындар.
5. Операциялық жүйенің дереккөзін (кескінін) таңдау. Егер операциялық жүйені дискіден орнату қажет болса, онда Орнатушы диск (Installer disk) опциясын таңдаңдар.

Егер операциялық жүйенің кескіні болса, онда Орнатылатын бейне файлы (Installer disk image file) тармағын таңдал, Шолу (Browse) батырмасын басындар. Ашылған терезеден қажетті бейнені таңдаңдар және Ашу (Open) батырмасын басындар. Бейне файлы .ISO кеңейтімінде болуы керек. Біздің мысалда Ubuntu-ды орнатуды жүзеге асырайық. Қажетті әдісті таңдағаннан кейін, Келесі (Next) батырмасын басындар (3.1.1-сурет).




3.1.1-сурет. Операциялық жүйенің бастапқы парақшасын (гостевая) орнату

Ескерту

Windows 7/8/8.1/10 операциялық жүйелерін орнату үшін BIOS-де аппараттық виртуалдандыру опциясын (Virtualization Technology) іске қосу қажет. Бұл опция AMD және Intel негізіндегі компьютерлер үшін қолжетімді. Осы технологияны іске қоспайынша, ОЖ-ні іске қосуға болмайды.

6. Операциялық жүйеге кіру үшін тіркелу жазбасын құрындар. Құпия сөз ойлап табындар және толық атты жазындар, қолданушының аты және құпия сөз **Келесі** (Next) батырмасын басындар (3.1.2-сурет).




3.1.2-сурет. Тіркелу жазбасын құру



7. Келесі терезеде виртуалды машиналардың тізімінде көрсетілетін виртуалды машинаның атын жазыңдар. Виртуалды машиналардың файлдары орналасатын буманы таңдаңдар.

8. Процессордың конфигурациясы (Processor Configuration) терезесінде іске қосылған виртуалды машина пайдаланатын процессор ресурстарының қажет параметрлерін таңдауға болады.


Стандартты программа процессордың оңтайлы параметрлерін автоматты түрде таңдайды немесе қолмен жасауға болады. Қажетті параметрлерді анықтаған соң келесі қадамға өтіндер, **Келесі** (Next) батырмасын басыңдар (3.1.3-сурет).



3.1.3-сурет. Процессордың конфигурациясы

9. Виртуалды машинаға арналған жад (Memory for the Virtual Machine) баптаулар терезесінде программа процессорға таңдағандай автоматты түрде виртуалды машинаға арналған оперативті жадын бөлудің оңтайлы параметрлерін таңдайды (3.1.4-сурет).

Қажетті параметрлерді таңдағаннан кейін **Желі түрі** баптауына өтіндер.



3.1.4-сүрет. Виртуалды машинаға арналған жад

10. Желі түрі терезесінде виртуалды машинаға арналған желілердің параметрлерін баптауға болады.

Виртуалды машинаға арналған желілік кіруді баптау мүмкіндігін **Vmware Workstation** программасы береді.

- Интернет желісінен машинаға кіруді қамтамасыз ету үшін «**Желілік көпірді қолдану**» тармағын таңдау керек. Бұл опцияны пайдаланған кезде виртуалды машинаға арналған сыртқы (ақ) IP-мекенжайын орнату қажет болады.
- Желі ішінде виртуалды машинаны пайдалану және оның Интернетке кіру мүмкіндігін беру үшін «**Желілік мекенжай трансляциясын пайдалану (NAT)**» тармағын таңдау керек.
- Егер Интернетке кіруге шектеу қою және виртуалды машинаны тек ішкі желіде пайдалану қажет болса, онда **Тек қана желі түйінін пайдалану** тармағын таңдау керек.
- Ал соңғы тармақ – бұл **желілік қосылымды пайдаланудан бас тарту**, осы тармақты таңдаған кезде виртуалды машина кез келген желіге қолжетімсіз болады.



Қажетті нұсқаны таңдаңдар. Қажетті параметрді таңдағаннан кейін, келесі қадамға өтіңдер (3.1.5-сурет).




3.1.5-сурет. Желі түрі

11. Контроллер түрін таңдау терезесінен SCSI контроллерінің жұмыс істеуі үшін драйверді таңдаңдар. Таңдауға драйвердің З түрі ұсынылады: **BusLogic, LSI Logic, LSI Logic SAS**.

Vmware Workstation программы операциялық жүйеге сәйкес келетін контроллер драйверін автоматты түрде таңдайды.

Драйверді таңдағаннан кейін, келесі қадамға өтіңдер (3.1.6-сурет).



3.1.6-сурет. Енгізу/шығару контроллер түрін таңдау



12. Келесі терезеде виртуалды диск түрін таңдау керек.

Жүйе виртуалды машина мен оның операциялық жүйесі үшін қажетті диск түрін автоматты түрде анықтайды. Тиісті дискіні таңдағаннан кейін, келесі қадамға өтіндер.

Бұл терезеде виртуалды машинаны орнату үшін қай дискіні пайдалану керектігін таңдауға болады.


- **Жаңа виртуалды дискі құру** (Create a new virtual disk) – бұл опция виртуалды машинаның операциялық жүйесі мен оның өлшемі орнатылатын буманы көрсетуге мүмкіндік береді.

- **Қолданымдағы виртуалды дискіні қолдану** (Use an existing virtual disk) – бұл опцияны таңдау, егер алдында виртуалды машина құрылған болса, онда виртуалды дискіні қайта орнату немесе параметрлерін қайталу және ескі виртуалды машинаның буласын орнату мүмкіндігін береді.

- **Физикалық дискіні пайдалану** (Use a physical disk) – виртуалды машина үшін бөлек жергілікті қатты дискіні пайдалану қажет болса, бұл параметрді таңдау керек.

Біздің жағдайда **Create a new virtual disk** бірінші параметрін таңдаймыз. Келесі қадамға өтейік.

13. Келесі терезеде виртуалды қатты дискінің өлшемін көрсету керек. Программа операциялық жүйенің түріне қажетті өлшемді автоматты түрде көрсетеді, ал егер көп немесе аз өлшем қажет болса, онда **Дискінің максималды өлшемі** өрсіне қажетті өлшемді жазыңдар (3.1.7-сурет).



3.1.7-сурет. Дискінің өлшемін көрсету




14. Диск файлын көрсетеу. Виртуалды машинаға арналған виртуалды дискінің файлы қай жерде орналасатындығын таңдаңдар. **Шолу...** (Browse) батырмасын басыңдар және бұманы көрсетіңдер немесе жаңа бума құрыңдар.

15. Виртуалды машинаны және оның операциялық жүйесін баптау.

Бұл терезеде барлық таңдалған параметрлердің тізімін қайта көруге болады. Түзету жағдайында **Жабдықты баптау ...** (Customize Hardware) батырмасын пайдаланыңдар.


Барлық көрсетілген параметрлерді тексергеннен кейін **Дайын** (Finish) батырмасын басыңдар (3.1.8-сурет).



3.1.8-сурет. Барлық орнатылған параметрлерді тексеру

Орнатқаннан кейін жүйе өздігінен іске қосылады.

Енді **Ubuntu** операциялық жүйесімен жұмыс істеу үшін виртуалды машинамыз бар (3.1.9-сурет).



3.1.9-сүрет. Ubuntu операциялық жүйесі

Сендер орнатылған барлық виртуалды машиналарды көре аласыңдар және программаның сол жағында орнатқан кезде берілген аттарымен іске қоса аласыңдар.



1. Виртуалды машина (ВМ) дегеніміз не?
2. Виртуалды машина қандай мүмкіндіктерді береді?
3. Қандай танымал виртуалды машиналармен таныстыңдар?



Виртуалды машиналардың атауымен 3 топ құрындар. Әрбір топ таңдаған ВМ-ны орнатады, зерттейді және кестені толтырады. Орнатылғаннан басқа қандай операциялық жүйелер қажет? Неге? ВМ-ны қандай мақсатта орнатасыңдар?

ВМ (виртуал-ды машина)	Қолжетім-ділік	Интерфейс	Қандай ОЖ қолдайды?	Артықшылықтары	Кемшиліктері
VMWare					
Virtual Box					
Microsoft Virtual PC					



ВМ-ны қолдану бойынша **swot – талдау** жасаңдар.

3.2. МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұмattар
<ul style="list-style-type: none"> • Мобильтің құрылғының не екенін; • мобильтің құрылғылардың түрлерін; • мобильтің құрылғылардың сипаттамаларын. 	<p>Мобильтің құрылғылар – Мобильные устройства – Mobile devices</p> <p>Планшет – Планшет – The tablet</p> <p>Смартфон – Смартфон – Smartphone</p> <p>Электрондық кітаптар – Электронные книги – e-Book</p> <p>Ноутбук – Ноутбук – A laptop</p>	Мобильтің құрылғылардың өндірушілердің 75%-і өздері өндіретін смартфондар мен планшеттерге Android операциясының жүйесін орнатады.

МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ ҚАНДАЙ ДЕП ОЙЛАЙСЫҢДАР?

Мобильтің құрылғы негізінен қалта компьютері болып табылады. Мобильтің құрылғылардың санатына айтарлықтай шағын, өзімен алғы жүргуге болатын, кез келген электрондық құрылғы кіреді.

МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРИ

Планшеттер, электрондық кітаптар, смартфондар, қалталы дербес компьютерлер (КДК) және интеллектуалдық мүмкіндіктері бар портативті музикалық плеерлер – мұның бәрі мобильтің құрылғылар болып табылады (3.2.1-сурет).

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Мобильтің құрылғы (яғни тасымалдануға оқай, портативті) – бұл қолда және жұмыста ұстап жүргуге арналған кішігірім құрылғы, оның дисплейі мен шағын пернетақтасы бар (кейінірек виртуалды пернетақтасы бар сенсорлық экран ойлап шығарылды).



3.2.1-сурет. Мобильтің құрылғылар

Компьютерлер сияқты әрқайсысының орталық процессоры, тұрақты жады, оперативті жады, басқа құрылғылармен байланыс үшін модульдері және т.б. бар. Бірақ мобильді құрылғылардағы процессорлар жеке пайдаланылмайды. Басқа компоненттермен бірге процессорды құрайтын **SoC** (System on a chip – кристалдағы жүйе) үғымы бар. Мысалы, графикалық үдештіштермен бір микросхемада орналасқан.

Жеке электрониканың кең спектрі – ноутбук, телефондардан бастап штрих-кодтар мен RFID – оқу құрылғысы мобильді құрылғылары ретінде жіктеледі. Мобильді деп аталатын осындай технологиялардың санына байланысты тұтынушылар мобильді құрылғылардың сипаттамаларын анықтауда қыыншылықтарға тап болады.

МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

Мобильді құрылғылар үқсас сипаттамаларға ие. Олардың ішінде:

- Интернетке Wi-Fi немесе мобильді телефондар арқылы кіру;
- құрылғыны бірнеше сағат қуаттайтын аккумулятор;
- ақпаратты енгізуге арналған физикалық немесе экрандық пернетақта;
- бір қолмен ұстап жүру және екіншісімен манипуляциялау мүмкіндігін беретін шағын көлемі мен салмағы;

- барлық жағдайлардағы сенсорлық экраны бар интерфейс;
- виртуалды көмекші, мысалы, Siri, Cortana немесе Google Assistant;
- Интернеттен мәліметтерді, сонымен қатар қосымшалар мен кітаптарды жүктеу мүмкіндігі;
- сымсыз жұмыс істей алатындығы да бар.

Көптеген жағдайларда мобильді құрылғылар үш түрлі сипаттамалармен анықталады. Мобильді құрылғыларды белгілі бір сипаттамаларына байланысты үқсас құрылғылардан ажыратуға болады. Мысалы, портативтілігі, шағын өлшемі, сымсыз байланысы – олардың артықшылықтары.

Портативтілігі.

Мобильді құрылғылар жиі тасымалдану қабілетімен анықталады. Кез келген мобильді құрылғы жолда, электр қуатына жақындығына немесе Интернетке физикалық қосылуына қарамастан үнемі жұмыс істеуі керек. Үтқырылқыты қамтамасыз ету үшін мобильді құрылғылар әдетте сыртқы қуаттағышқа немесе қуат көзіне қол жеткізу мүмкіндігінсіз бірнеше сағат бойы немесе одан көп уақыт жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аккумуляторлық батареялардан тұрады.

Шағын өлшемі.

Мобильді құрылғылар телефонға үқсас өлшемдеріне қарай қалталы компьютер және смартфондар ретінде белгілі. Кәдімгі мобильді құрылғы ересек адамның қолына немесе қалтасына сыйады. Кейбір мобильді құрылғылар бүктелуі мүмкін немесе кіріктірілген пернетақтасын, үлкен экранын көрсету

үшін шағын портативті режимнен үлкен өлшемге ауысады. МобиЛЬДІ құрылғылар сенсорлы экрандарды және шағын көлемі мен сыртқы интерфейстік құрылғылардан тәуелсіздігін сақтай отырып енгізу үшін, кішкене пернетақталарды пайдаланады. МобиЛЬДІ құрылғының стандартты түрлері пайдаланушыға бір қолмен басқаруға мүмкіндік береді, яғни оны алақанында немесе саусақтарымен ұстап, бас бармақпен оның функцияларын орындауды.

Осыған байланысты құрылғының көлемі бір қолмен жұмыс істеуге мүмкіндік бермесе немесе тасымалдануды қынадатса, оны нақты мобиЛЬДІ құрылғы деп қарастыруға болмайды деп санап, кейбір пайдаланушылар Netbooks және шағын планшеттік компьютерлерді шынайы ұялыш құрылғылар ретінде қабылдамайды.

Сымсыз байланыс.

МобиЛЬДІ құрылғылар басқа да ұқсас құрылғылар, стационарлық компьютерлер және жүйелер, желілер және портативті телефондармен байланыса алады.

Негізгі мобиЛЬДІ құрылғылар Интернетке Bluetooth немесе Wi-Fi желілері арқылы кіре алады, көптеген модельдер мобиЛЬДІ телефондарға және сымсыз желілері арқылы мәліметтерді беру қолжетімділігімен жабдықталған. Электрондық пошта және мәтіндік хабар алмасу мобиЛЬДІ құрылғылармен байланысудың стандартты жолдары болып саналады. Олардың көбісі телефонияға қабілетті, ал RFID және штрих-кодтарды оку құрылғылары сияқты кейбір мобиЛЬДІ құрылғылар орталық құрылғылармен тікелей мәліметтермен алмасады.

СМАРТФОНДАР

Смартфондар дәстүрлі мобиЛЬДІ телефондардың алдыңғы қатарлы нұсқалары болып табылады, себебі олардың мобиЛЬДІ телефондар сияқты телефон қоңырауларды жасау және қабылдау, мәтіндік және дауыстық хат алмасу, сонымен қатар оларды Интернет желісінде электрондық поштаны жіберу және алу, әлеуметтік желілерге қатысу және онлайн сатып алу үшін пайдалану функциялары бар.

Смартфон – бұл кәдімгі телефонға қарағанда көбірек есептеуіш және байланыс мүмкіндігі бар операциялық жүйе орнатылған мобиЛЬДІ құрылғы. Смартфондар алғаш рет қолжетімді болған кезде олар ҚДК (қалталы дербес көмекші) функцияларын мобиЛЬДІ телефонмен біріктірді.

Телефондардың дамуы барысында камералар, GPS навигациясы және мультимедиа ойнатқыштары сияқты басқа да мүмкіндіктері бұл құрылғыларды одан да қуатты етті.

Қазіргі заманғы смартфондар Wi-Fi немесе мобиЛЬДІ кең жолақты байланыс қызметін пайдаланып, веб-сайттар мен мақсатты парақшаларын көрсө-

түге мүмкіндік беретін жоғары ажыратымдылықтағы сенсорлық экрандар мен веб-браузерлермен жабдықталған (3.2.1-кестені қара).

Смартфон

3.2.1-кесте

Мобильді құрылғы	Негізгі операциялық жүйелер	Жеткізуші компаниялар
Смартфон	Android (Google) iPhone iOS (Apple) Bada (Samsung) Windows Mobile (Microsoft) Blackberry OS Symbian (Nokia) MeeGo (Nokia и Intel) WebOs (Palm / HP) Palm (Garnet)	Apple Samsung Huawei Lenovo Xiaomi

Смартфондардың экрандары кішірек, әдепті экран өлшемі тігінен орнатылғандығына қарамастан, олардың браузерлері мобильді телефондардың үстел компьютерлерінің браузерлеріне ұқсас HTML5 спецификациясының кең ауқымын көрсете алады. Смартфондардың операциялық жүйелері пайдаланушыларға телефонның функционалдылығын жақсартатын мобильді қосымшаларды оңай жүктеуге мүмкіндік береді.

Планшеттер.

Планшеттер ноутбуктер сияқты портативті, бірақ олардың өзіндік ерекшелігі бар. Оларда арналы планшеттер үшін жасалған программалар іске қосылады, мүмкіндіктері ұқсайды, бірақ ноутбукті пайдаланумен бірдей емес. Планшеттер смартфоннан сәл үлкен және шағын ноутбуктың көлеміне дейін әртүрлі пішінде болады. Жеке пернетақта аксессуарын сатып алуға болады, планшеттерде енгізу және ақпаратты енгізу үшін виртуалды экрандық пернетақталар қолданылады. Олар сенсорлы экраны бар интерфейстерін пайдаланады, ал кәдімгі тінтуір саусақпен басу арқылы аудиостырылады. **Google Pixel, Samsung Galaxy Tab, Nexus** и **Apple iPad** – планшет өндіруші компаниялар.

Электрондық кітаптар.

Электрондық кітаптар – бұл цифрлық кітаптарды оқуға арналған ма-манандырылған планшеттер. Бұл цифрлық кітаптарды онлайн-қорларынан тегін сатып алуға немесе жүктеп алуға болады. Электрондық кітаптардың белгілі желілері **Barnes & Noble Nook, Amazon Kindle** және **Kobo** сияқты бірнеше модельдерде қолжетімді. Электрондық кітаптар үшін қосымша орнатылған планшеттерде цифрлық кітаптарды оқуға болады. Мысалы, **Apple**-

дің **iPad** планшеттері Books-пен жеткізіледі және **Nook**, **Kindle** және **Kobo** цифрлық кітаптарын оқу үшін жүктелетін қосымшаларды қолдайды.

Басқа мобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАР.

Кейбір портативті музыкалық плеерлер Интернетке кіру мүмкіндігі бар және өз тұтынушылары үшін құндылықтарды арттыру мақсатында қосымшаларды жүктей алады. Apple-дің **iPad** планшеттері – бұл телефонсұз iPhone. Қалған барлық жағдайда ол жұмыстың дәл сондай тәжірибесін ұсынады. Sony компаниясының жоғары сапалы **Walkman** портативті аудиоплеерлері – **Android**-қа арналған қосымшалар легі бар аудиоплеерлер.

МОБИЛЬДІ ЕСЕПТЕУІШ ҚҰРЫЛҒЫЛАР

Ноутбуктер.

Ноутбуктер әлі портативті есептеуіш құрылғылар болып табылады, өйткені олар әртүрлі орыннан жұмыс үстелінің компьютерін жасауға болатын барлық әрекеттерді жасауға арналған. Ең кішкентай және портативті ноутбуктердің салмағы шамамен 2,5 кг және экран өлшемі 33 см немесе одан аз болады. Ноутбуктер мобиЛЬДІ құрылғылар арасында ең көп есептік қуатқа ие және оларды саяхатқа алып шығу ыңғайлы болғанымен, олар мобиЛЬДІ құрылғыларға қарағанда портативті емес.

УльтрамобиЛЬДІ ДК.

Кішкентай корпустағы ультрамобиЛЬДІ компьютерлер **UMPC** – сенсорлы экраны, стилусы және пернетақтасы бар мини-компьютер немесе мини-планшет. Дисплей өлшемі – 18 см және одан аз, салмағы кем дегенде 0,9 кг. UMPC шынымен қалта құрылғылары болып саналады және Windows пен Linux сияқты дәстүрлі немесе толыққанды операциялық жүйелерді ұсынады. UMPC смартфондарға қарағанда дәстүрлі, жалпы мақсаттағы қосымшаларды кеңінен қолдайды және ноутбук болмаса нетбукке қарағанда әлдеқайда кішірек.

Сондай-ақ олардың автономды жұмыс уақыты аз және экраны кішігірім, бағасы да арзанырақ.

Нетбуктер.

Кейбір қолданушылар үшін тіпті шағын ноутбуктар тым үлкен болып саналады. Нетбуктерде экран өлшемі 25 см немесе одан аз және салмағы 0,9 кг болатын шағын пішінді болып келеді. Нетбуктер ұзақ уақыт автономды жұмыс істейді және ең көп кездесетін – процессор ресурстарын аз талап ететін Веб-беттерді қарап шығу, электрондық поштаны тексеру және кеңселік программалар сияқты тапсырмаларды орындаиды.

Жұмыс үшін нетбукті пайдалану тапсырмаларда байланысты.



МобиЛЬДІК құрылғыларға арналған танымал операциялық жүйелерге талдау жасаңдар: Windows, Phone, BlackBerry, Symbian.

Қосымша ақпарат

МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ ДАМУЫ

Мобильді құрылғылар біздің өмірімізге сенімді түрде нық кірді және олардың рөлі өсіп келеді. Мұндай құрылғылардың түрлері күннен-күнге артуда және қолдануға икемді және түрлі функцияларды қамтуда. Мобильді құрылғылар операциялық жүйеге ие.

Екі ең танымал мобильді операциялық жүйелерді қарастырайық:

– **Android** (*Android, Inc.* қазір оны Google сатып алды) – Unix ядро-сы негізінде Операциялық жүйе, тегін, ашық бастапқы коды бар. Осы платформадағы смартфон өндірушілері – Samsung, LG, HTC және басқа да көптеген компаниялар.

– **iOS** (*Apple*) – Unix операциялық жүйесіне ұқсас, тек Apple құрылғыларына арналған операциялық жүйе. Көп мәселелі, ресурстарға талап қоймайтын, жабық бастапқы коды бар, яғни пайдаланушы жүйеге өз бетінше өзгерістер енгізе алмайды.

АППАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ПРОГРАММАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ДАМУЫ

1999 жылы Nokia компаниясы нарықтың бизнес-сегментіне бағытталған Nokia 9110 инновациялық аппарат-коммуникаторын шығарды. Ол шағын ноутбукті еске түсіреді және кітап ретінде жасалды, оның СК-дисплей және QWERTY-пернетақтасы болды. Модель электрондық поштаны пайдалануға мүмкіндік берді. Microsoft программаларымен (мысалы, Outlook) жұмыс істеп, Lotus программаларымен синхрондауды жүзеге асыруды.

2001 жылы Nokia кіріктірілген фотокамерасы бар Nokia 7650 смартфонын (кадр өлшемі 640x480 нүктені құрады) жасап шығарды. Аппараттың корпусы күміс-қара жылжымалы, Symbian OS Series 60 операциялық жүйесінің басқаруымен жұмыс істеді. Осы модельден бастап барлық келесі аппараттарда кіріктірілген жад көлемі біртіндеп өсті (3,6 Мбайт).

Кейінірек QWERTY-пернетақтамен жабдықталған Treo 180 модельінің коммуникаторлары және Treo 180g пайда болды. Handspring өндірісінің бұл коммуникаторлары Palm OS 3.5.2Н4 базасында болды. Олар монохромды экранға ие және Motorola Dragonball VX 33 МГц процессорының басқаруымен жұмыс істеді. Олардың жады 16 Мб жетеді. Келесі модель, Treo 270, түсті экран және үлкен пернетақтамен жабдықталған.

Одан әрі нарықта ойын-сауық функциялары бар коммуникатор Siemens SX45 пайда болды. Аппараттың кірістірілген MP3 ойнатқышы бар. MMC-картаға сүйікті әуендерді жазуға болады. Windows CE 3.0 мобильді ОЖ басқаруында жұмыс істеді. Барлық ҚКП сияқты SX45 қолжазба мәтінін тану мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, алфавиттік пернетақтаны ауыстырған сенсорлық экранмен жабдықталған. Бірақ бұл модельде орнатылған фото-камера жоқ.

Ойын-сауық позициясы, сондай-ақ Orange компаниясынан SPV (Sound Pictures Video) моделінде де болды. Оны әзірлеуге Microsoft компаниясы қатысты, сондықтан бұл аппаратта да Windows CE 3.0 операциялық жүйесі орнатылған. Процессордың жұмыс өнімділігіне қойылатын талаптардың жоғары болуына байланысты коммуникатор MPEG-4 форматын қолдамады.

2002 жылы Еуропалық байланыс операторы O2 мен Тайвань High Tech Computer (HTC) компаниясының бірлесіп дайындаған Qtek 1010 моделі пайда болды. Аппараттың салмағы үлкен және габаритті еді, Intel Strong-ARM процессорының басқаруында жұмыс істеді, 206 МГц жиілікте және 64 Мбайт жедел және 32 Мбайт флэш-жады жинақталған. Коммуникатор барлық ықтимал бизнес-қосымшаларды қолдап, MP3-плеер ретінде жұмыс істей алды.

СМАРТФОННЫҢ ДАМУЫ

Смартфондар 2006-2007 жылдары танымал болды, мұндай құрылғыларға сұраныс күрт өсіп, оларды өндіру көлемі де арта түсті. 2006 жылдан бастап BlackBerry OS, Windows Mobile және Symbian OS смартфондары пайда болды.

2007 жылдың басында iPhone OS (iOS) платформасында iPhone бірінші моделін шығару туралы жарияланды. Осы жылы нарықта Android OS платформасының базасында смартфондар пайда болды.

Symbian OS платформасы батырмалы смартфондар үшін жасалғандықтан, уақыт өте келе ол өз танымалдығын жоя бастады, ал сенсорлық құрылғылардың танымалдығы артып, сұранысқа ие болды.

2010–2012 жылдары iOS (және әсіреке Android OS) танымалдығы тез артты, ал Symbian OS, Windows Phone, BlackBerry OS – төмендеді және олар бүгінде пайдаланылмайды десе де болады.

Саланың көшбасшылары Android OS және iOS платформалары болып табылады. Android OS артықшылығы – ашық бастапқы платформа кодында. iOS артықшылығы – аппараттық және программалық қамтамасыз етудің сенімділігі мен сапасы болып табылады.

Тәжірибе жасандар

Смартфонда мәтінді өндеңдер немесе сурет салып көріңдер. Ноутбукten суретке түсіріңдер. Осы құрылғылардың кемшіліктерін анықтаңдар.



1. МобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫ ДЕГЕНИМІЗ НЕ?
2. МобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫН ПРОЦЕССОРЫ ДЕГЕНИМІЗ НЕ?
3. ҚАНДАЙ ҚҰРЫЛҒЫЛАР МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРҒА ЖАТАДЫ?
4. МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРҒА СИПАТТАМА БЕРІҢДЕР.
5. ИНТЕРНЕТ ЖЕЛЕСІНІЦ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА СМАРТФОНДАРДЫҢ ТАНЫМАЛДЫҒЫН (ШАМАМАЕН 85%) ТҮСІНДІРІҢДЕР.
6. КЕЙІРБ Ноутбук пайдаланушылар оны мобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРҒА ЖАТҚЫЗБАЙДЫ? ОЙЛАРЫҢДЫ ТҮЖКЫРЫМДАҢДАР.



1. МобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ОЖ-НІЦ ДАМУЫНЫЦ БОЛАШАҒЫ МЕН БАҒЫТЫ ҚАНДАЙ?
2. БАСҚА МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАР ҮШІН 3.2.1-КЕСТЕГЕ ҮҚСАС КЕСТЕ ҚҰРЫНДАР.
3. СМАРТФОННЫЦ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ (ОЖ) СИПАТТАМА БЕРІҢДЕР. ТЕЛЕФОНДАРЫҢЫЦ ОЖ-І ҚАНДАЙ?
4. СМАРТФОНДАРЫҢДАҒЫ НЕМЕСЕ ПЛАНШЕТТЕРІҢДЕГІ БРАУЗЕР ҚАНДАЙ МҮМКІНДІКТЕРГЕ ИЕ?
5. МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫҢЫЦ СИПАТТАМАЛАРЫН АНЫҚТАҢДАР.



Windows Mobile, Google Android, Symbian OS, BlackBerry OS платформаларыныц мүмкіндіктеріне талдау жасандар және әрқайсысыныц артықшылықтары мен кемшілік түстарын айтыңдар.

Сөзжұмбақты шешіндер.



Сөзжұмбақ «МобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАР»

Көлденеңінен


1. ОЙЫНДАРҒА АРНАЛҒАН МАНИПУЛЯТОР.
2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫЦ АУМАҒЫНАН ТЫС ЖЕРДЕ БОЛҒАН КЕЗДЕ БАЙЛАНЫСУ МҮМКІНДІГІН БЕРЕТИН ҚЫЗМЕТ.
3. КОМПЬЮТЕРЛЕР ЖЕЛІЛЕРІ ЖҮЙЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ СИГНАЛДАРДЫ АНАЛОГТЫҚ ТҮРГЕ ЖАНЕ ОНЫ КЕРІСІНШЕ ТҮРЛЕНДІРЕТІН МОДУЛЯТОР ЖӘНЕ ДЕМОДУЛЯТОР ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ.
4. ВИРУСТАРДЫ ТАУЫП, ОЛАРДЫҢ КЕРІ АСЕРІН (ЗАҚЫМЫН) ЖОЯТАЫН БАҒДАРЛАМА.
5. МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҒАЛАМДЫҚ ЖЕЛІ.
6. ҚАЛТАЛЫ ДЕРБЕС КОМПЬЮТЕР (КДК) ФУНКЦИЯСЫНА ИЕ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН.
7. СЫРТҚЫ ҚҰРЫЛҒЫЛАРМЕН БАЙЛАНЫС ЖАСАЙТАЫН ЖҮЙЕЛІК БАҒДАРЛАМА.

Тігінен

1. ДЕРЕКТЕРДІ ҚАБЫЛДАУҒА, САҚТАУҒА ЖӘНЕ БАСҚАЛАРҒА БЕРУГЕ АРНАЛҒАН ЭЕМНЫЦ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ БӨЛІГІ.



2. Ақпаратты сақтау және қайта шығару қасиетіне ие жұқа материалмен қапталған дөңгелек пластинка түрінде жасалған мәлімет тасушы құрылғы.
3. Химиялық реакцияның энергиясы бірнеше рет электр энергиясына өзгеретін химиялық ток көзі.
4. Деректер мазмұнын өзгерту (түзету, толықтыру).
5. Мәліметтерді ЭЕМ-ға енгізуге арналған құрылғы, сонымен қатар командалық операциялардың орындалуын басқарады.
6. Файлдар мен бумаларды сыйымдауға арналған программа.
7. Арнайы программалық қамтамасыз етуді пайдаланып, жасанды түрде жасалған виртуалды компьютер.



III БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Виртуалды машинаны пайдаланудың артықшылықтары (Бірнеше жауабы бар):

- A) қосымша операциялық жүйені тестілеу;
- B) түрлі программаларды тестілеу;
- C) потенциалды қауіпті программаларды тестілеу;
- D) жылдам орнатылуы мен бапталуы.

2. Қосымша фотокамерасы бар алғашқы смартфонды әзірлеуші компания:

- A) Nokia;
- B) TREO;
- C) Siemens;
- D) iPhone.

3. Арнаулы жасақтаманың көмегімен цифрлық түрде жасақталған виртуалды компьютер:

- A) ноутбук;
- B) виртуалды машина;
- C) үстел компьютері;
- D) нетбук.

4. Ашық коды бар, Unix базасына негізделген смартфон, теледидар, фотоаппарат, планшеттерге арналған операциялық жүйе:

- A) Symbian;
- B) Blackberry;
- C) iOS;
- D) Android.

5. Виртуалдандырудың негізгі платформаларын атаңдар (бірнеше жауабы бар):

- A) Linux;
- B) VirtualBox;
- C) Windows Azure;
- D) VMWare ESX.

6. Виртуалдандырудың негізгі артықшылықтары (бірнеше жауабы бар):

- A) инфрақұрылымдық шығындардың өсүі;
- B) есептеу ресурстарын тиімді пайдалану;
- C) программалық қамтамасыз ету шығындарын азайту;
- D) инфрақұрылымды басқаруды жетілдіру.

7. Виртуалдандырудың негізгі түрлерін көрсетіңдер (бірнеше жаубы бар):

- A) серверді виртуализациялау;
- B) операциялық жүйелерді виртуализациялау;
- C) ойды виртуализациялау;
- D) мәліметтерді өңдеу орталығын виртуализациялау.

8. Сәйкестікке арналған тест.

Потенциал қауіпті программа-ларды іске қосу	Бұл мәселе бір операциялық жүйеден екіншісіне ауысу туралы сұрақ туындаған кезде пайда болады.
Қосымша операциялық жүйені тестілеу	Программа тек белгілі бір ОЖ-де жұмыс істеген кезде ОЖ-ні виртуалды машинаға орнату оңайырақ.
Түрлі программаларды тестілеу	Егер программа зиянды болса, онда оны бірінші виртуалды машинада іске қосу керек
Компьютерде орнатылған операциялық жүйемен үйлесімсіз тексеру керек болғанда программаларды іске қосу	Виртуалды машинада қосымша программаларды тестеру керек болғанда

9. Көптеген қолданушылар бұл құрылғыны алақанда ұстауға қолайсыз, үлкендеу көлеміне байланысты, оны мобиЛЬДІ құрылғы деп есептемейді.

III БӨЛІМ БОЙЫНША ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС

Жобаның мақсаты: негізгі және бастапқы «қонақтық» (гостевой) операциялық жүйелерді салыстыру.

Жобалық жұмыстың жоспары

1. VMware Workstation арқылы виртуалды машинаны жасау.
2. Mac OS немесе Linux қонақтық операциялық жүйесін орнату және іске қосу. Пайдаланушы аты ретінде өз тектерінді, құпия сөз ретінде өз аттарыңды пайдаланыңдар.
3. Видеомонтаж немесе VideoPad Video Editor бейнередакторларын негізгі және қонақтық операциялық жүйелерде параллель орнату.
4. Төменде ұсынылған тақырыптардың бірін таңдап, видеоредакторда (Видеомонтаж немесе VideoPad Video Editor) бейнені өңдеу.
5. Негізгі және қонақтық операциялық жүйелерде программаларды орнату және жұмыс істеу жылдамдықтарын салыстыру.

Бейне тақырыптары:

1. «Күйзеліске төзімділік, бұл не және оны қалай көтеру керек?»
2. «Төтенше жағдайлармен қасіби байланысты адамдардың күйзеліске төзімділігі».
3. «Адамның экологиялық мәдениеті».
4. «Экологиялық мәдениеттің табиғи негіздері».
5. «Энергия алушың балама көздері».
6. «Экологиялық таза көлік».
7. «Қалдықсыз өндіріс».
8. «Экологиялық қала құрылышы».
9. «Компьютер және оның адам психологиясына және мінез-құлқына әсері».
10. «Түстің ақпаратты қабылдауға әсері».

III БӨЛІМНІң ТҮЙІНДЕМЕСІ

- ✓ **Виртуалды машина** – бұл арнайы программалық қамтамасыз етуді пайдаланып, жасанды түрде жасалған виртуалды компьютер.
- ✓ **Мобильді құрылғы** (яғни тасымалдануға оңай, портативті) – бұл қолда және жұмыста ұстап жүргуге арналған кішігірім құрылғы, оның дисплейі мен шағын пернетақтасы бар (кейінірек виртуалды пернетақтасы бар сенсорлық экран ойлап шығарылды).
- ✓ **Смартфон** – бұл кәдімгі телефонға қарағанда көбірек есептеуіш және байланыс мүмкіндігі бар операциялық жүйе орнатылған мобильді құрылғы.
- ✓ **Планшеттер** смартфоннан сәл үлкен және шағын ноутбуктың көлеміне дейін әртүрлі пішінде болады. Жеке пернетақта аксессуарын сатып алуға болады, планшеттерде енгізу және ақпаратты енгізу үшін виртуалды экрандық пернетақталар қолданылады. Олар сенсорлы экраны бар интерфейстерін пайдаланады, ал кәдімгі тінтуір саусақпен басу арқылы ауыстырылады.
- ✓ **Электрондық кітаптар** – бұл электрондық нұсқада ұсынылған мәтіндік ақпаратты тамашалау, цифрлық кітаптарды оқуға арналған мамандандырылған планшеттер. Бұл цифрлық кітаптарды онлайн-қорларынан тегін сатып алуға немесе жүктеп алуға болады.
- ✓ **UMPC** – сенсорлы экраны, стилусы және пернетақтасы бар мини-компьютер немесе мини-планшет. Дисплей өлшемі – 18 см және одан аз, салмағы кем дегенде 0,9 кг.
- ✓ **Нетбуктер** ұзақ уақыт автономды жұмыс істейді және ең көп кездесетін – процессор ресурстарын аз талап ететін тапсырмаларды орындаиды.
- ✓ **Android** (*Android, Inc.* қазір оны Google сатып алды) – Unix ядросы негізінде Операциялық жүйе, тегін, ашық бастапқы коды бар. Осы платформадағы смартфон өндірушілері олар – Samsung, LG, HTC және басқа да көптеген компаниялар.
- ✓ **iOS** (*Apple*) – Unix операциялық жүйесіне ұқсас, тек Apple құрылғыларына арналған операциялық жүйе. Көп мәселелі, ресурстарға талап қоймайтын, жабық бастапқы коды бар, яғни пайдаланушы жүйеге өз бетінше өзгерістер енгізе алмайды.

IV бөлім. ЗАТТАР ИНТЕРНЕТИ

4.1. «ЗАТТАР ИНТЕРНЕТИ» ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұматтар
<ul style="list-style-type: none"> «Заттар Интернеті» дегеніміз не? заттар Интернетінің жұмыс істеу принципін; заттар Интернетінің келешегі туралы. 	Заттар Интернеті – Интернет вещей – Internet of things Ақылды – Умный – Smart	2008–2009 жылдары «Адамдар интернетінен» «Заттар интернетіне» көшу басталды, яғни желіге қосылған заттардың саны адамдардың санынан асып түсті.



Интернет біздің өмірімізді қаншалықты жөнілдетеді?

«**Заттар Интернеті**» (IoT) сөзі екі негізгі бөліктен тұрады: **Интернет** – қосылудың негізі, ал **заттар** – объектілер, құрылғыларды білдіреді. «Заттар Интернеті» не екенін үғыну үшін мысалдар келтірейік.

Заттар Интернетінде жүрек мониторының имплантанты бар адам, биочип ретрансляторы бар жануарлар, дөңгелекте қысымның тәмендігін көрсететін кіріктірілген датчиктері бар автомобилдер, ақылды тостерлер, иттерге арналған фитнес-қарғыбаулар немесе IP-адрес тағайындалуы мүмкін және деректерді желі арқылы жіберуге болатын кез келген табиғи немесе жасанды заттар мысал бола алады.



Қосымша ақпарат

IoT (INTERNET OF THINGS) ТАРИХЫ

Интернетте қосылған құрылғылардың идеясы «Кіріктірілген Интернет және барлық жерде есептеу» атымен 1970 жылдардан бері қолданылып келеді. Мысалы, 1980 жылдардың басындағы алғашқы Интернет-құрылғы Карнеги-Меллона университетінің кока-коланы өндіру құрылғысы болды. Интернетті пайдалану арқылы программистер машинаның күйін тексеріп, машинаға келген кезде олар сүйкі сусынға қол жеткізетінін анықтады.

1999 жылы Массачусетс технологиялық институтының Автоидентификация орталығының негізін қалаушы Кевин Эштон Procter & Gamble (P & G) компаниясы үшін радио жиілігінің идентификаторы (RFID) туралы презентациясында Заттар Интернеті жайлы айттып өтті. Ол өзінің презентациясын 1999 жылдың жаңа трендін көрсету үшін «Заттар Интернеті» деп атады. Массачусетс технологиялық институтының профессоры Нил Гершенфельдтің «Әркім ойлай бастаған кезде»

кітабында 1999 жылы IoT қайда қозғалатындығы туралы нақты түсініктеме берілді, бірақ ол нақты терминді қолданған жоқ.

IoT сымсыз технологиялар, микроэлектромеханикалық жүйелер (MEMS), микро-серверлер мен Интернет желілерінің жақындасу процесінен дамыды.

Заттар Интернеті адам қолданатын, бірақ адамның қатысуының бір-бірімен байланысатын барлық жансыз обьектілерді (M2M) құру және өзара әрекеттесуіне бағытталған тұжырымдамадан басталды. M2M – құрылғының бұлтқа қосылуын, оны басқару және деректерді жинауды білдіреді. Заманауи M2M жаңа деңгейге жеткізілді, ол – IoT.

Нақты уақыт режимінде қашықтықта жабдықтар мен жағдайларды бақылау үшін **SCADA** (диспетчерлік бақылау және мәліметтерді жинау) қолданылады. Одан кейін оның табиғи іріктеуі IoT болды. SCADA жүйесінің соңғы буыны IoT жүйесінің бірінші буынына айналды. SCADA жүйесі аппараттық және программалық компоненттерден тұрады. Компьютерге мәліметтерді жинастын және беретін аппараттық қамтамасыз етуде арнайы SCADA программалық қамтамасыз ету орнатылған.

2010 жылы Қытай үкіметі IoT экожүйесі бесжылдық жоспарында стратегиялық басымдықта ие болатынын мәлімдеді.

Зауыттарда қосылған машиналар мен обьектілер «төртінші индустріалды революцияға» алып келеді, сарапшылардың пікірінше 2020 жылға қарай жаңа касіпорындардың жартысынан астамы IoT-да жұмыс істейтін болады.

Заттар Интернетіне келесі технологиялар тән:

- **база (платформа)** – бұл кез келген пәндік сала, ақпараттық, экономикалық, техникалық, басқарушылық және т.б. үшін маңызды болып табылатын жалпы технологиялар;
- **тақырыптама (сегменттер)** – бұл маңсатты түрде анықталған белгілі тақырыптық салаға тән технологиялар;
- **қоршаған орта (инфрақұрылым)** – бұл басқа ақпараттық, техникалық, экономикалық немесе гуманитарлық жүйелермен бірігіп, тұтас немесе сегменттер бойынша IoT белсенді түрде пайдалануға мүмкіндік беретін технологиялар.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАТТАР ИНТЕРНЕТИ

ТМД елдерінің арасында M2M-өзара әрекеттесу міндеттерін іске асыру саласында Қазақстан көш басында.

Қазіргі таңда Қазақстанның төрт ірі қалалары: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында **Smart City** pilotтық жобасы іске қо-

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Заттар Интернеті (IoT) – бұл адамдар, жүйелер және басқа қосыншалардан мәліметтерді жинау және олармен алмасу үшін біріктірін миллиардтаған интеллектуалды құрылғылардан тұратын сенсорлық жүйе.

сылды. Бұл жобаның мақсаты – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және қоғамдық көліктегі IoT жүйесін енгізу. Ыстық және сұық суды, электр энергиясын және газды тұтынуды есепке алу үшін «Orion Система» Қазақстанның компаниясы өз құрылғысын ұсынды, оларда **LoRaWAN** (Long Range Wide-Area Networks) қашықтықтан әсер ететін радиусқа ие энергия тиімділік желілері қолданылады. Есепке алушының нәтижелері пайдаланушыларға осы қызметтерді тұтыну барысында шығындарды табуға мүмкіндік береді.

Мобильді байланыс ел ішінде Заттар Интернетінің таралуында негізгі рөлді атқарады.

«Қазақтелеком» **LoRaWAN** технологиясы базасында отандық жабдықты пайдаланып, **LPWAN** сымсыз желісін құратын бірінші ұлттық байланыс операторы болды. Осында сымсыз желі негізінде GPS трекерлері, қозғалыс датчиктері, «ақылды» жарықтандыру және «ақылды» бағдаршамдар жұмыс істейді. Бұлардың бәрі лицензияланған ауқымда ғана жұмыс істейді.

5G (ағылш. *fifth generation* – бесінші буын) – қолданыстағы 4G/IMT – Advanced стандарттарынан кейінгі телекоммуникация стандарттары негізінде әрекет ететін мобильді байланыстың бесінші буыны. Жаңа буын байланысының телекоммуникациялық стандарты.

5G мобильді байланыстың тестілік сынақтары Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында өткізілді.

GSM стандарты – Global System of Mobile communication – мобильдік байланыстың бүкіләлемдік жүйесі. GSM стандартының мобильдік байланысының цифрлық жүйесі екінші буынның мобильді жүйесін білдіреді. Мобильді жүйелердің келесі буыннанда цифрлық технологияның таңдауы іргелі болып табылады. GSM стандарты мобильді байланысының ұялы жүйесінде қолданылатын цифрлық тәсілдердің артықшылықтары келесідей:

- анағұрлым тәмен жылдамдықты сездерді цифрлық кодтау;
- тиімді өзгеретін жиілік жолағының кеңдігі;
- барынша жоғары кедергіге тұрақтылығы.

Huawei болжамына сәйкес, 2020 жылы Қазақстанда 5G желілері базалық станциялар пайда болады. Олар 16 мамырда XII Нұр-Сұлтан экономикалық форумында тесттік режимде іске қосылған болатын.

Zigbee технологиясының негізінде **Smart Home** платформалары іске қосылуда, бұл мобильді қосымшалар арқылы қозғалыс датчиктерін, IP камерарапарын, температура мен ылғалдылық сенсорларын, тұтіндеуді бақылауға мүмкіндік береді.

Желілерді қамтитын IoT нарығының сегменттеріне: B2C – пәтерлер, кіреберістер мен жеке үйлер; B2B/B2G – қала көшелерінің ауқымы, әкімшілік ғимараттар, көп пәтерлі үйлер, автокөлік жолдары және өндірістік объектілер кіреді.

Тәжірибе жасандар

Заттар Интернетін пайдаланудың перспективалық облыстарының бірі болып табылатын телемедицинада Интернет не ұсынатынын зерттеңдер.

Price Waterhouse Coopers (PWC) бағалауы бойынша, әлемде Заттар Интернетінің дамуына төрт технологиялық процесс ықпал етеді: мәліметтерді беру құнын төмендету, есептеу қуатының құнын төмендету, «қосылған» құрылғылар санының жылдам өсуі, бұлттық технологияларды және Big Data жүйесін дамыту.

- 
1. Заттар Интернеті дегеніміз не?
 2. IoT тарихындағы негізгі мезеттерді көрсетіңдер.
 3. IoT-та қандай технологияларды білесіңдер?
 4. Қазақстандағы Заттар Интернетіне мысалдар келтіріңдер.

- 
1. Қазіргі кезде Интернетке қандай «заттар» қосылуда? Кестені толтырыңдар.

Атауы	Сипаттамасы
Компьютерлер	
Мобильді құрылғылар	
Спутниктік орнын анықтау (GSM) датчиктері	
Интеллектуалды сенсорлар (сымсыз сенсорлық желілер – Smart Dust)	
Радио белгілер (RFID)	
Аспаптар «Бұлттық» (Cloud Instrument)	
«Ақылды заттар»	

2. Заттар Интернетін пайдаланудың перспективалық бағыттары ретінде «Ақылды ауылшаруашылығы» тақырыбына эссе жазыңдар.



«Заттар Интернетінің қауіпсіздік мәселесі» тақырыбына реферат жазыңдар.

4.2. «АҚЫЛДЫ ҮЙ»

Оқып- үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұматтар
<ul style="list-style-type: none"> • «Ақылды үй» дегеніміз не? • «Ақылды үй» құрылғыларынан мәліметтерді беруді қалай үйымдастыруға болатынын. 	«Ақылды үй» – «Умный дом» – «Smart house» Датчик – Датчик – Sensor Атқаруышы құрылғылар – Исполнительные устройства – Executive devices	«Ақылды үй» тұжырымдамасы өткен ғасырдың 70-жылдарында Вашингтондағы Интеллектуалдығимарат Институтында тұжырымдалған болатын. Тұжырымдама келесі турде айтылған: «Ақылды үй» – бұл жұмыс кеңістігін өнімді және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін ғимарат.

«Ақылды үй» дегеніміз не? «Ақылды ғимарат» деп адам ыңғайлылығы үшін жоғары технологиялық құрылғылармен біріктірілген барлық коммуникациялары бар заманауи ғимаратты айтады. «Ақылды үйде» тұрмыстық техникалар жалпы қолдану желісіне шығу мүмкіндігі бар әмбебап үй желісінде біріктіріледі. Әртүрлі өндірушілердің бірнеше жүйелерін бір басқарылатын кешенге үйлестіру – «ақылды үйдің» басты ерекшелігі. Құрылғылар әр бөлмеге орнатылады, оның сигналдары орталық компьютерге жіберіледі. Тапсырмаға байланысты компьютер оларды өндейді және іске қосу керек болатын құрылғыларға арналған басқару командаларын түрлендіреді.

«Ақылды үйдің» негізгі функциясы келесі жүйелерді басқару болып табылады (4.2.1-сурет):

- электрмен қамтамасыз ету және жарықтандыру;
- Интернет, телефон және мобильді байланыс, хабарландыру жүйесі, аудио және бейне жүйелері, теле жүйелер;
- қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бейне бақылау;
- қашықтықтан басқару, жылдыту және желдету;
- сумен қамтамасыз ету және канализация;
- өрт дабылы;
- климаттық бақылау;
- ақауларды мониторингілеу, мысалы, газдың тарауы немесе судың ағып кетуі және т.б.

Қауіпті жағдай бола қалса, оқиға туралы үй иесіне (мысалы, SMS немесе электрондық пошта арқылы), тиісті қызмет органдарына (полиция, өрт сөндіру бригадасы және т.б.) хабарлайды. Төтенше жағдайда «ақылды үй» жүйені басқаруды өзі ретке келтіруі керек. Мысалы, газ немесе суды жабу, электр энергиясын немесе дабыл дыбысын сөндіру.



4.2.1-сурет. «Ақылды үй» негізгі қызметі

«Ақылды үй» тұжырымдамасы мынадай негізгі үш кезеңнен тұрады: **үнемдеу, жайлыштық, қауіпсіздік**.

Қосымша ақпарат

Қазақстанда «Highvill Астана» тұрғын үй кешені пәтердің іші және одан тыс жерлері бойынша «Ақылды ғимарат» мәртебесіне ие.

Wall Pad жақсартылған басқару жүйесі тұрғын үй кешенінде тұрғындардың электр қуатының шығындарын, жарық панелдерін, асүйдегі және ваннада қосымша теледидарды басқару мүмкіндігін береді. Сонымен қатар Wall Pad пәтер ішіндегі микроклиматқа жауап береді.

Павлодар қаласының тұрғындары үшін «Ақылды үй» бағдарламасы әзірленді, ол пәтер иелерін тұрғын үй туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған. Онлайн режимінде тұрғын үй иесі өзінің үйінің толық сипаттамасын, қызмет көрсетіп жатқан үйдің туралы ақпарат алады, өтініш бере алады. Сонымен қатар көлік, ойын-сауық, білім, денсаулық сақтау туралы ақпараттар ала алады.

«АҚЫЛДЫ ҮЙДІҢ» БІРЫҢҒАЙ ЖҮЙЕСІ

«Ақылды үй» жүйесінің екі түрі бар: **орталықтандырылған** және **орталықтандырылмаған**. Олардың арасындағы айырмашылық орталықтандырылған жүйенің барлық элементтері бір-бірімен байланысты, ал орталықтандырылмағанда көрініште.

«АҚЫЛДЫ ҮЙДІ» ҚҰРУ ҮШІН НЕ ҚАЖЕТ?

ЕСТЕ САҚТАНДАР

«Ақылды үй» жүйесі – үйде немесе пәтерде инженерлік-техникалық жабдықтары мен тұрмыстық техникаларды басқару үшін пайдаланылатын программалық және аппараттық құралдар жиынтығы.

Ең алдымен қолданыстағы технологиялардың тізімін қарастырайық.

Бүкіл жүйені бір пульт көмегімен қашықтан немесе сенсорлы дисплеймен басқару үшін, компьютер мен үй құрылғылары, аудио және видео сияқты әртүрлі құрылғыларды бір жүйеге байланыстыратын құрылғылар қажет.

Жүйелер шешілетін міндеттерге байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Құрылғылардың жалпы құрылымдық сыйбасын және олардың функционалдық мақсатын қарастырайық (4.2.2-сурет).

Датчиктер –

артүрлі физикалық шамаларды түрлендіруге арналған құрылғы.

Мысалы, температураларды электр сигналдарына түрлендіреді.

Ақпаратты тарату құрылғысы –

үйде немесе пәтерде орнатылған жабдықтың жағдайы туралы ақпаратты қашықтан жиберуге арналған артүрлі байланыс арналары (Интернет немесе GSM).

Контроллер (процессор) –

құрылғылардан немесе интерфейстерден келетін ақпаратты талдайды және берілген алгоритмдерге немесе сыртқы командаларға сәйкес басқару сигналдарын түрлендіретін құрылғы (Бұл – арнайы құрылғы, кейбір GSM жүйелері – дабылдама, арнайы программалары бар дербес компьютерлер).

Интерфейстер – түрлі тұрмыстық техника мен жабдықтар арасында ақпарат алмасу процесін үйлестіруге қызмет ететін құрылғылар.

Орындауыш құрылғылар – электр жабдығының жұмысын басқаратын түрлі релелер. Кейбір жағдайларда олар хабарландыру құрылғысының қызметін атқаруы да мүмкін (дыбыстық, жарықтық).

4.2.2-сурет. Құрылғының құрылымдық сыйбасы және қызметтік мақсаты

Датчиктер бірқатар опциялар мен параметрлерге байланысты бөлінеді, мысалы, олар сандық немесе балама сигналдарды түрлендіреді, ақпараттарды таратудың сымсыз немесе сымды каналдарын қолданады (4.2.1-кесте).

«АҚЫЛДЫ ДАТЧИКТЕР» ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҚСАТЫ

4.2.1-кесте

Атауы және қызметі	Сурет
Температура датчиктері пәтерде қолайлы температура орнату үшін «ақылды үйдің» әр бөлмесінде орнатылады.	
Жарық датчиктері – көшедегі жарыққа байланысты бөлмеге жарықты қосу және өшіру қызметін атқарады. Бірқатар құрылғыларды математикалық жолмен анықтайды. Мысалы, географиялық координаталар мен уақытты ескере отырып, күннің шығуы мен бату уақытын есептейді.	
Қозғалыс датчиктері кіреберіс есігі, дәліз, кіреберіс, жуыннатын бөлме, дәретхана жарығын қосу немесе өшіру үшін қолданылады және бұл жағдайда қозғалыстың болуы жеткілікті. Кейбір құрылғылар адамдардың ғана емес, сондай-ақ үй жануарларының қозғалысына байланысты іске қосылады.	
Ұлғалдылық датчиктері ауа райына байланысты көгалды су-мен қамтамасыз ету, желдеткішті ванна бөлмесіне қосу қызметін атқарады.	
Газдың берілуі және тарал кетуін қадағалайтын құрылғылар төтенше жағдайларды тану үшін жасалған.	
Әйнектерге арналған датчиктер қауіпсіздік жүйесін орнату мақсатында қолданылады. Олар адамның құлағына естілмейтін жағдайдағы әйнектің шағылған немесе сынған кездегі дыбыстырына жауап береді.	
Ауаның күйін бақылау датчиктері қауіпсіздік және өрт дабыл жүйелеріне арналған, сондай-ақ, желдету жүйелері ауадағы көміртегі тотығының (CO), тұтін, метан, шаң мөлшерінің деңгейлерін бақылауға мүмкіндік береді.	

Енді «ақылды үйдің» жабдықтары құрамына кіретін ең танымал жүйелердің қарастырайық.

СЫМСЫЗ «АҚЫЛДЫ ҮЙ»

«Ақылды үй» технологиясын енгізу үшін қашықтан қолжеткізуді қамтамасыз ету қажет, ол пайдалануышыға өз үйінің ортасын бақылауға және оны ноутбук, мобиЛЬДІ телефон немесе планшетten Интернет арқылы өзгертуге мүмкіндік береді.

TCP/IP протоколын пайдалану жаһандық Интернет желісінде және «ақылды үй» ішінде жергілікті желі арқылы Интернет желісіне қосылмастан, желілік байланысты қамтамасыз етеді.

WI-FI технологиясын қолдану компьютер, смартфон, планшет, микроконтроллер және басқа құрылғыларды сымсыз желіге қосылып, олардың Интернетке қосылуына мүмкіндік береді. Бірақ WI-FI сигналдарының рұқсатсыз кіру қауіпсіздік деңгейі мен айтартылған жоғары қалқалауы (бір-бірін көру аймағында орналасқан) технологияның кемшілігі болып табылады.

Bluetooth технологиясы да сымсыз болып табылады және қысқа ауқым-да байланыс үшін қолжетімді радио жиіліктері құрылғылар арасында ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

GSM (Global System for Mobile Communications) мобиЛЬДІ телефон иеленушісі мен орталық модуль арасында сымсыз мәліметтер алмасу үшін пайдаланылады. Сонымен қатар үйде инженерлік-техникалық жабдықтарды автоматты түрде және қолмен басқаруға арналған қосымша опциялар жынытығы бар таныс GSM сигнализациясы болуы мүмкін.

Қазіргі заманауи сымсыз жүйелер әрдайым құрылғылар мен контроллер арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз ете алмайды, сондықтан «ақылды үйді» жобалау кезінде олар сымы бар инфрақұрылымды монтаждауды жүргізеді.

Программалық қамтамасыз ету (жасақтама) автоматтандырылған жүйенің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. «Ақылды үйді» басқару үшін компьютерден бастап смартфонға дейінгі барлық құрылғыларда, Windows, Android, iOS операциялық жүйелерде контроллерге Wi-Fi немесе байланыс протоколының интернеті (ModBus TCP) арқылы қосылуы керек. Көптеген өндірістік **Beckhoff** және **OBEN** контроллері сияқты құрылғымен жұмыс істеу қажет.

Программалық қамтамасыз етудің әртүрлі құрылғыларға бейімделген анық және теңгерілген интерфейсі болуы керек. Программаның негізгі міндеттері:

- әрбір бөлменің климатын бақылау;
- жарықтандыру жүйелерін басқару (соның ішінде жарықтығы өзгермелі көп түсті жарықдиодты жолақтар мен шамдар);


- желдеть және аяу баптағыш жүйелерімен байланысы;
- қауіпсіздік және өрт дабылы жүйелерімен байланысы;
- автоматты түрде өшіру арқылы энергияны тұтынуды бақылау;
- апартардың алдын алу және бақылау: судың ағуы, газ иісінің таралуы және т.б;
- розеткалар мен басқа электр құрылғыларын басқару; құрылғылардың кез келген санын орнату, Интернет арқылы құрылғыларды алыстан басқару;
- пайдаланушының талабына сай алдын ала орнатылған параметрлерге бойынша басқару;
- жергілікті желі арқылы немесе сыртқы IP-адрес арқылы контроллерге кіру;
- су, газ және электр есептеуіштерінен ақпарат жинау;
- IP-камералардан бейнелерді көрсету және т.б.



1. «Ақылды үй» жүйесі дегеніміз не? «Ақылды үй» жүйесінің құрылымы қандай?
2. Контроллер, интерфейс, құрылғылар функциясын атаңдар.
3. «Ақылды үйді» құру үшін неліктен сымсыз желі ұсынылады?



1. Көрсетілген нұктelerде қандай датчиктерді қоюға болатындығын анықтаңдар (4.2.3-сурет). Жауаптарынды дәлелдендер.



4.2.3-сурет. «Ақылды үйге» датчиктерді орналастыру



2. «Ақылды үйдің» сценарийін жазыңдар. Сендердің «Ақылды үй» жүйелерің қандай болуы керек?

Сценарийдің мысалы:

«Ешкім жоқ» режиміндегі барлық құрылғылар және кіші жүйелер ең сенімді және энергияны үнемдейтін жұмыс режиміне ауыстырылады, онда кезекші құрылғылардан (қауіпсіздік жүйесі) және жүйенің өзінен басқа барлық электр энергиясын тұтынушылар ток көздерінен ажыратылады. Бұл режимде «Ақылды үй» инженерлік коммуникациялар мен жүйелердің жай-күйін қадағалайды, үй-жайға немесе аумаққа рұқсатсыз кіруді бақылайды. Апарттық және төтенше жағдайлар жайлы «Ақылды үй» телефон қонырауы немесе SMS хабарла ма арқылы иесіне хабарлайды, ал егер оған арнайы қызметтерге (полиция, төтенше жағдайлар, ерт сөндіру бөлімшелері) қонырау шалуды тапсыrsa, ол міндетті түрде оны орындаиды.

3. «Ақылды үйді» құру үшін келесі контроллер мен құрылғыларды зерттеңдер: LogicMachine, Wink, Archos және Z-wave, SmartThings, MajorDoMo, VelocioAce, WirenBoard, LoxoneMiniserver, Iris.

4. «Ақылды үйді» құру үшін қажетті құрылғылардың түрлерін атаңдар.

5. Қандай сымды және сымсыз байланыс протоколдарын пайдалану керек?



Интернет-ресурстарды пайдаланып, «Ақылды жасыл үй» презентациясын да-йындаңдар.

4.3. «Ақылды үй» жобасын әзірлеу

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұматтар
<ul style="list-style-type: none"> • «Ақылды үй» құрылғыларынан алынған мәліметтерді енгізу үшін программаны әзірлеуді; • «Ақылды үй» құрылғыларын басқару үшін программаны әзірлеуді. 	<p>«Ақылды үй» – «Умный дом» – «Smart house»</p> <p>Желілік құрылғылар – Сетевые устройства – Network devices</p> <p>«Ақылды үй» элементтері – Элементы «Умного дома» – Elements of the «Smart house»</p>	<p>Samsung тұрмыстық техникасы Яндекстің «Ақылды үйіне» біріктірілген. Samsung Electronics компаниясы Яндекстің «Ақылды үйіне» қосылып, «Алиса» дауыстық көмекшісі арқылы басқаратын ірі тұрмыстық техниканың алғашқы өндірушісі болды. Samsung тұрмыстық техникасын «Ақылды үй» экожүйесіне интеграциялау Заттардағы Интернет технологиясына негізделген. Ол үйдегі барлық құрылғыларды біріктіреді және оларды компанияның өз шешімі – Smart Things ашық платформасы арқылы басқаруға мүмкіндік береді.</p>

«Ақылды үй» желілерін жобалау үшін пайдаланылатын **Cisco Packet Tracer** симуляторын қарастырайық.

Cisco Packet Tracer – бұл жүйені басқарушыларға желінің таралуын ескере отырып, тәжірибе жасауға және мүмкін болатын сценарийлерді


бағалауға жағдай жасайтын желіні модельдейтін қуатты программа. Бұл құрал физикалық жабдықты толықтырады, шексіз құрылғылары бар желілерді жасауға мүмкіндік береді және конфигурациялау, ақаулықтарды жою, сондай-ақ құрылғыларды анықтау бойынша практикалық дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

Cisco packet tracer-мен жұмыс істеу үшін келесі сайтта тіркелу керек: <https://www.netacad.com/> немесе тіркеуді қажет етпейтін режимді таңдау керек (4.3.1-сурет). Cisco Packet Tracer 7 программасының нұсқауы «ақылды үй» компоненттерін қолдайды. <https://www.netacad.com/group/offering/packet-tracer/> сілтемесі бойынша программаны жүктендер.



4.3.1-сурет. Cisco Packet Tracer тіркеуді қажет етпейтін программа терезесі

Программа терезесі және оның құрылымы төменде ұсынылған (4.3.2-сурет).



4.3.2-сурет. Cisco Packet Tracer программасының терезесі


«Құрылғылар тобы» тақтасының құрамына **Cisco Packet Tracer** программасының «ақылды үйлерді», «ақылды қалаларды» жобалауына мүмкіндік беретін мынадай компоненттер кіреді (4.3.3-сурет): желілік құрылғылар, шекті құрылғылар, қосу компоненттері, мульти пайдалануышыны біріктіру және т.б.



4.3.3-сурет. «Құрылғылар тобы» тақтасы

Шекті құрылғылар мен компоненттерді қарастырайық. 4.3.4-суретінде көрсетілген шекті құрылғылар қосымша параграфында бірнеше категория бар:

- 1) Шекті құрылғылар (ДК, смартфон, телефон, сервер, теледидар);



4.3.4-сурет. Шекті құрылғылар

- 2) 4.3.5-суретінде үй, соған ұқсас элементтер бейнеленген.



4.3.5-сурет. Үй компоненттері

«Ақылды үй» элементтері: «ақылды желдеткіш», «ақылды кофе қайнату машинасы», аккумулятор және т.б. (4.3.6-сурет).



4.3.6-сурет. «Ақылды үй» элементтері

«Ақылды қала» элементтері (4.3.7-сурет): атмосфералық қысым контроллері, аккумулятор, блютуз-шамшырағы, карбон монооксид құрылғылары және т.б.



4.3.7-сурет. «Ақылды қала» элементтері



Кегалдарды суару үшін температуралық құрылғы, өрт туралы ескертуге арналған түтін құрылғысы бар «Ақылды үйді» жобалдау.

1. Қала сыртындағы үй жобасының фонын қосындар. Ол үшін **Logical** жолағындағы **Set Tiled Background** басындар. Ашылған терезеде **Browse** басып, суретті таңдаңдар. **Apply**-ды басындар (4.3.8-сурет).




4.3.8-сурет. Фонды қосу

2. Home Gateway шлюзін орналастырыңдар (4.3.9-сурет) және атын өзгертіңдер (4.3.10-сурет).



4.3.9-сурет. Шлюзді орнату




4.3.10-сурет. Шлюзді баптау



«АҚЫЛДЫ ҮЙ» ҚҰРЫЛҒЫСЫН БАСҚАРУ

3. Үйді басқару үшін планшетті қосындар (4.3.11-сурет).



4.3.11-сурет. Планшетті қосу

Оны **SSID-Home Gateway** программасын тағайындау арқылы қосындар (4.3.12-сурет).




4.3.12-сурет. Планшетті баптау

4. Көгалдарды суару үшін **Lawn Sprinkler** құрылғысын қосындар. Екі рет құрылғыны шертіңдер. Ашылған терезеден **Advanced** таңдаңдар. **I/O Config** қосымша парағын ашыңдар және **Network Adapter**-ті сымсыз адаптерге ауыстырыңдар (4.3.13-сурет).



4.3.13-сурет. Сымсыз байланыс

5. Config-те HomeGateway арқылы қосылуды орнатамыз. Құрылғы атын Lawn Sprinkler-ге өзгертеміз. Құрылғылар сымсыз байланысқан (4.3.14-сурет).



4.3.14-сурет. **Lawn Sprinkler** баптау

«АҚЫЛДЫ ҮЙ» ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНАН МӘЛІМЕТТЕРДІ БЕРУ

6. Көшеге Temperature Monitor – температуралық құрылғыны қосыңдар. Екі рет құрылғыны шертіңдер. Ашылған терезеден **Advanced** таңдаңдар. **I/O Config** қосымша парагын ашыңдар және **Network Adapter-ті PT-IOT-NM-1W** сымсыз адаптерге ауыстырыңдар. **Config-те HomeGateway** арқылы қосылуды орнатыңдар. Құрылғы атын **Temperature**-ге өзгертиңдер (4.3.15-сурет).



4.3.15-сурет. Температуралық құрылғыны қосу



7. Көгалдарды суару үақыт аралығын және температуралық режимді орнатыңдар. **Environment** қосымша парағы температурадан қысымға дейін түрлі мәліметтерді көрсетеді. **Edit** басыңдар және суару кестесімен температураны реттендер. Көк сзызық күнделікті температура кестесі болып табылады. **Температура** кестесін өзгертіңдер. Тұнде температура $+8^{\circ}\text{C}$, ал таңертең $+5$ -тен $+14^{\circ}\text{C}$ -ге дейін көтеріледі. Біз күннің симуляциясын секундына 30 минут жылдамдықпен орнатамыз (4.3.16-сурет).




4.3.16-сурет. Сүмен суару кестесін баптау

8. Планшетте браузерді ашып, **192.168.25.1** (логин, пароль-admin) **шлюзіне** қосылыңдар. Веб-интерфейске қосылған соң, қосылған құрылғылардың тізімі ашылады. (4.3.17-сурет).




4.3.17-сурет. Шлюзге қосылу

9. Conditions-ке кіріндер және **Add** басындар. **Сүмен суаруды** реттендер. Суаруды $+11^{\circ}\text{C}$ мен $+17^{\circ}\text{C}$ аралығында қосындар (4.3.18-сурет). Температура $+11^{\circ}\text{C}$ -ден төмөн және $+18^{\circ}\text{C}$ -ден жоғары болғанда, өшіріндер (4.3.19-сурет).



4.3.18-сурет. Суаруды қосу



4.3.19-сурет. Суаруды өшіру



4.3.20-сурет. Нәтиже




10. Smoke Detector тұтін құрылғысын, **Siren** дабылын және **Fire Sprinkler** өрт спринклерін қосындар. Құрылғыны екі рет шертіңдер. Ашылған терезеден **Advanced** таңдаңдар. **I/O Config** қосымша парағын ашындар. **Network Adapter-ті** **PT-IOT-NM-1W** сымсыз адаптерге ауыстырындар. **Config**-те **HomeGateway** арқылы қосылуды орнатамыз. Құрылғы атын (**Smoke Detector**, **Siren**, **Fire Sprinkler**) өзгертиңдер (4.3.21-сурет).



4.3.21-сурет. Smoke Detector, Siren және Fire Sprinkler
құрылғыларын қосу

«АҚЫЛДЫ ҮЙ» ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНАН АЛЫНҒАН МӘЛІМЕТТЕРДІ ШЫҒАРУ

11. Desktop қосымша парағындағы **IoT Monitor** ашындар. Қосылған құрылғылар тізімі көрсетіледі. **Conditions** кіріп, **Add** басындар. Дағылдарды және өрт сөндіруді орнатындар (4.3.22-сурет).




4.3.22-сүрет. IoT Monitor

12. Тұтін деңгейі 10-нан жоғары болса, дабыл қосылады (4.3.23 а)-сүрет). Өрт сөндіру тұтін деңгейі 10,5-тен жоғары немесе тең болғанда іске қосылады (4.3.23 ә)-сүрет). Тұтін шығару үшін **Old Car** құрылғысын қосыңдар. Құрылғыны қосу немесе іске қосу үшін пернетақтадағы **Alt** пернесін басып тұрыңдар, содан кейін тінтуірдің сол жақ батырмасы арқылы құрылғыны басыңдар (4.3.24-сүрет).



4.3.23 а)-сүрет. Дабылды қосу



4.3.23 ә)-сүрет. Өрт сөндіруді қосу



4.3.24-сурет. Old Car қосу



4.3.25-сурет. Нәтиже

Тәжірибе жасаңдар

«Акылды үйге» нені қосқын келеді? Құрылғыларды қосу жоғарыдағы нұсқауларға үқсас болады.

4.4. МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ҚҰРУ ҮШІН КІРІСПЕ

Оқып-үренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұмattар
• Мобильті қосымшаларды әзірлеу процесін	Мобильті қосымша – Мобильті қосымша – Mobileapp Мобильті құрылғы – Мобильті құрылғы – Mobile device Мобильті платформа – Мобильті платформа – Panoramic platform	Қытайлық TikTok мобильті қосымшасы 500 күн ішінде өз бәсекелестерін артта қалдырып, жүктеп алу бойынша көшбасшы болды. 800 миллионнан астам пайдаланушысы бар программа хабарлармен, музыкалық бейнелермен алмасу және тікелей эфирде көрсету мүмкіндіктерін береді.



Қандай мобильті қосымшаларды пайдаланаңдар?

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Мобильті қосымша

(ағылш. Mobileapp) – мобильті құрылғыларды қолдануға арналған арнайы әзірленген программалық қамтамасыз ету.

Қысқа уақыт ішінде мобильті қосымшалар өте танымал болды.

Қазіргі уақытта **Android** операциялық жүйесінің ресурстарын пайдаланатын мобильті қосымшалар ең үлкен қолданысқа ие. Сондықтан Android операциялық жүйесіне негізделген мобильті қосымшаны әзірлеу процесін қарастырайық.

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ПРОЦЕСІ ҚАНДАЙ?

1. Болашақта қажетті мобильті қосымшаның мақсатын анықтау және ол қолданылатын платформаны анықтау.

2. Мобильті қосымшаның қызметінің сипаттамасы бар *техникалық тапсырманы* құру.

3. Пайдаланушы интерфейсінің *түпнұсқасын* әзірлеу.

Осы мақсатта қосымшаның қызметі, экранның формалары мен олардың арасындағы өтпелер анықталады.

Пайдаланушының қосымшамен әрекеттесуге арналған форма *пайдаланушы интерфейсі* деп аталады. Ол пайдаланушыға түсінікті, яғни оған өте ыңғайлы болуы керек. Осындағы интерфейсті жасаған кезде, әзірлеуші адам денесінің құрылымын және смартфонның бағытын ескеруі керек. Мысалы, смартфондарды пайдалану туралы статистикалық мәліметтерге сүйенсек,

тұтынушылардың 94%-і смартфонды тігінен және оң қолында ұстайтыны және экранды басқару үшін бас бармақты пайдаланатыны анықталды. Көп жағдайда сол жақ жоғарғы бұрышы маңызды ақпаратты орналастыру үшін, ал навигация үшін – экранның төменгі бөлігі пайдаланылады.

4. МобиЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫҢ ДИЗАЙНЫН АЗІРЛЕУ. Бұл кезеңде пайдаланудың барлық сценарийлеріне түрлі жағдайлар жасалады.

5. Қосымшаның бірінші нұсқасын азірлеу және шығару.

6. Тестілеу кезінде мобиЛЬДІ ҚОСЫМША МҮҚИЯТ ТЕКСЕРИЛЕДІ, БАРЛЫҚ ҚАТЕЛЕР МЕН СӘЙКЕССІЗДЕКТЕР ТЕКСЕРІС КЕСТЕСІНДЕ ҚЕРСЕТИЛЕДІ.

7. Графикалық элементті алдын ала көру «нүктелерін» енгізу (иконка), олар кейін қосымшаның «бетіне» айналады.

8. Жариялау үшін мобиЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ App store-ге немесе Google Play-ге орналастыру керек.



Komekshı қосымшасының түпнұсқасын жасаңдар. Қосымша төтенше жағдайлар кезінде қажетті нәмірлерге қонырау шалуға мүмкіндік береді. Бұл қосымша келесі қызметтердің нәмірлерін қамтиды: өрт қауіпсіздігі, полиция, жедел жәрдем, құтқару қызметі, балалар мен жасөспірімдерге арналған сенім телефоны.

Әзірлеудің негізгі құралдары

1. Түпнұсқаны құру үшін **Pidoco** програмmasын қолданамыз. Программа <https://pidoco.com> сайтында тіркелуден өткеннен кейін қолжетімді болады.

2. **Create a new project** (4.4.1-сурет) батырмасы жаңа жобаны ашады, жоба **First Project** деп аталады.




4.4.1-сурет. Жаңа жоба құру

Жоба бойынша жұмыс істеу үшін «Edit» батырмасын басыңдар. Жаңа бет құру үшін «Add new page» таңдаңдар. Ашылған «Choose screen size» терезесінде мобиЛЬДІ құрылғының түрін **Android Label**-ді таңдау қажет.




3. Pages терезесінде түпнұсқаны құру үшін басу керек. Терезеде мобильді қосымшаның түпнұсқасын жасаңдар (4.4.2-сурет).




4.4.2-сурет. Жаңа парақша құру

4. Сурет қосу үшін Image компонентін таңдаңдар. Алты image компонентін қосыңдар.



4.4.3-сурет. Компоненттер қосу

5. Мекенжайды шығару үшін Text компонентін қосындар. Мәнін ағымдағы жағдай бойынша қалдырындар. Қаріп өлшемін 18-ге өзгертіңдер.



4.4.4-сурет. Мекенжайды шығару

6. Жұмысты жүктеп алу үшін **Жүктеуді** (Скачать) басындар және жүктеу үшін файл түрін таңдаңдар (4.4.5-сурет). **Done** басындар.



4.4.5-сурет. Экспорттауға файл таңдау

Қосымша ақпарат

Қосымшалар интерфейсін жобалаушыға арналған қорлар

1. МобиЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРҒА ЖАҚСЫ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТҮСТІ ТАҢДАУ

getuicolors.com,

www.coleure.com,

bootflat.github.io/color-picker.html

2. Интерфейстер мысалдары

www.mobile-patterns.com/

3. Дайын мокаптар (Mockups) (арнайы дайындалған файлдар, онда дизайнныңды нақты объектілерге орналастыруға болады):

www.premiumpixels.com/tag-index/, uispace.net/all-psd, dbfreebies.co/mobile



1. МобиЛЬДІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ (ОЖ) КОМПЬЮТЕРЛІК ОЖ-ДЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ БАР МА?



2. МобиЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ҚҰРУ ҚАНДАЙ КЕЗЕҢДЕРДЕН ТҮРАДЫ?

3. ҰҢҒАЙЛЫ ИНТЕРФЕЙС ДЕГЕН НЕ?



4. МобиЛЬДІ ҚОСЫМША МЕН КОМПЬЮТЕРДІҢ ҚОСЫМШАСЫ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ ҚАНДАЙ (WEB-САЙТ, ОЙЫНДАР ЖӘНЕ Т.Б.)?



Қандай мобиЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ҚҰРЫЛЫРЫҢ, КЕЛЕДІ? ӨЗДЕРІҢІҢ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРЫНЫҢ ТУПНУСҚАСЫН ҚҰРЫНДАР.



1. МобиЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУДЕ ANDROID ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ НЕЛІКТЕН ТАНАМЫЛ ЕКЕНІН ТАЛДАҢДАР.



2. ИНТЕРНЕТТЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҮШІН 12 ПАЙДАЛЫ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ТАБЫНДАР. ОЛАРДЫҢ ИНТЕРФЕЙСІН ТАЛДАҢДАР. ОЛ ҚАНШАЛЫҚТЫ БЕЙІМДЕЛЕДІ?



«Заманауи адамның өміріндегі мобиЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ РЕЛІ» ТАҚЫРЫБЫНА САУАЛНАМА ДАЙЫНДАНДАР. Google Forms-ті пайдаланып, сұраулар жүргізіндер.


4.5. МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ҚҰРУ

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұматтар
<ul style="list-style-type: none"> • МобиЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ АЗІРЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ОРТАНЫ; • ШАРТТАРЫ МЕН ЦИКЛДЕРІ БАР КОД БЛОКТАРЫН ҚОЛДАНЫП, МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ЖАСАУДЫ, АЗІРЛЕУДІ; • АЗІРЛЕНГЕН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ОРНАТУДЫ. 	Құрастыруышы – Конструктор – Constructor Интергралданған азірлеу ортасы – Интегрированная среда разработки – Integrated development environment МобиЛЬДІ ҚОСЫМША – Мобильное приложение – A mobile application	2008 жылы пайда болған Androidтың бірінші нұсқасы және кез келген тәттілердің атымен аталған кейінгі жаңартулары – бұл смартфондарға көмекші болуға мүмкіндік беретін жаңа мүмкіндіктер. Эртүрлі қосымшаларды орнату мүмкіндігі олардың артықшылышы болып табылады.

Android-қосымшаларын құрмас бұрын құралдар жиынтығын таңдау қажет. Өздік қосымшаларды құру үшін Интернет көптеген шешімдерді ұсынады: **визуалды құрастыруышылар**, универсал **онлайн-қызметтер** немесе **интегралданған әзірлеу ортасы** (IDE, ағылш. *Integrated Development Environment*).


Заманауи құрастыруышылар таңдалынған шаблондар мен рәсімдеу стильдері негізінде программалауды пайдаланбай-ақ, қосымшалар құра алады. Олардың кәсіпқой мамандар әзірлеген қосымшалардан айырмашылығы болмайды.

Android-қосымшаларды құру үшін қолжетімді конструкторлардың бірі, ол – визуалды әзірлеудің бұлттық ортасы **MIT App Inventor** болып табылады (<http://ai2.appinventor.mit.edu/>). Ортада жұмыс істеу үшін алгоритмдеудің негіздерін білу және Google аккаунтының болуы қажет (4.5.1-сурет).



4.5.1-сурет. Мобильді қосымша жасауда қолданылатын құралдар

MIT App Inventor сервисінің бастапқы парақша терезесі жұмыс облысы мен жобалар тізіміне ие (4.5.2-сурет). Құрастыруышда құрылған жобалар **Менің жобаларым (Мои проекты)** бұмасында сақталады.



4.5.2-сурет. Құрастыруышының бастапқы парақша терезесі

Мобильді қосымшаларды әзірлеу екі кезеңде жүзеге асырылады:
 1) Пайдаланушы интерфейсін жобалау немесе «Көрінісі қандай болады?»
 2) Қосымша компоненттерін программалау немесе «Олар қалай әрекет етеді?»

Кезеңдер ортасында бөлек терезелерінде жүзеге асады. Ауыстыру үшін **Дизайнер** және **Блоктар** батырмалары қолданылады.

Әр кезеңді қарастырайық.

Бірінші кезең – пайдаланушы интерфейсін жобалау

Жобаны экранның жоғарғы сол жақ бұрышындағы **Жаңа жобаны бастау...** батырмасынан бастау қажет. Жобаның атауы бірегей және ағылшын тілінде болуы керек, енгізген соң ол тізімде пайда болады.

ИНТЕРФЕЙСТИ ҚҰРУ

Дизайнер режимі – қосымшаның «сыртқы түрі» құрылатын режим – қосымшаның түрлі компоненттерін таңдау және орналастыру: батырмалар, мәтіндік жолдар, суреттер және т.б. үшін қолданылады (4.5.3-сурет).

Интерфейс тәмендегідей негізгі элементтерден тұрады.


1. **Қарал шығу** (Просмотр) – қосымша экраны.

2. Палитра (Түстерге байланысты) – болашақ қосымша компоненттерінің жиынтығы.

3. Компоненттер (Компоненты) – жобада қолданылған компоненттер тізімі.

4. Қасиеттер (Свойства) – қосымша компоненттерінің қасиеттері орнатылады, мысалы, түсі, қаріп өлшемі, суреттер мен дыбыстар көзі, жазулар, бастапқы мәндері және т.б.

5. Медиа – медиафайлдар тізімі.



4.5.3-сурет. Дизайнер режимі терезесі

Екінші кезең – қосымшаның компоненттерін программалау.

Блоктар режимі пайдаланушының әртүрлі әрекеттеріне қосымша компоненттерінің реакциясын программалауға арналған (4.5.4-сурет).

Блоктар тобы:

– **Басқару** (Управление) – барлығына компоненттер үшін ортақ тармақталу блоктары, циклдер, бірнеше экрандармен жұмыс істеу және т.б.

– **Логика** – қосымшаларда логикалық функцияларды қолдануға арналған блоктар.

– **Математика** – математикалық блоктар жиынтығы.

– **Мәтін** (Текст) – мәтіндік блоктар жиынтығы.

– **Массивтер** – массивтер/тізімдермен жұмыс істеуге арналған блоктар.

– **Түстер** (Цвета) – түстермен жұмыс істеу бойынша блоктарды анықтау.

– **Процедуралар** – процедуралар мен функцияларды анықтауға мүмкіндік беретін блоктарды қамтиды.

- Айнымалылар (Переменные) – ауқымды және жергілікті айнымалылардың мәнін анықтауға және орнатуға мүмкіндік беретін блоктар.




4.5.4-сурет. Блоктар режимінің терезесі



Komekshi қосымшасын жасаңдар. Қосымша төтенше жағдайлар кезінде қажетті нөмірлерге қоңырау шалуға мүмкіндік береді. Бұл қосымша келесі қызметтердің нөмірлерін қамтиды: өрт қауіпсіздігі, полиция, жедел жәрдем, құтқару қызметі, балалар мен жасөспірімдерге арналған сенім телефоны.

1. Меню жолағында **Бастау – Жаңа жоба** (Начать – Новый проект) батырмасын басыңдар. Жобаның атауын енгізіңдер: **Komekshi**. Жаңа бос жоба ашылады (4.5.5-сурет).



4.5.5-сурет. Жаңа жоба құру

2. **Кесте** (Табличное расположение) компонентін қосыңдар. **Қасиеттер** (Свойства) бөлімінде келесі қасиеттерді өзгертиңдер: **Ба-**




ғандар – 3, Биіктігі – Ені – Толық толтыру, Жолдар – 4 (Столбцы – 3, Высота – Ширина – Наполнить родительский, Строки – 4).

3. **Кесте** (Табличное расположение) компонентінің ішіне 6 батырма қосындар (**Кнопка1, Кнопка2, Кнопка3, Кнопка4, Кнопка5, Кнопка6**) (4.5.6-сурет).



4.5.6-сурет. Батырма қосу

4. **Медиа** бөлімінде қызметтердің белгішесін жүктеңдер. Ол үшін **Файлды жүктеу** (Загрузить файл) батырмасын басындар және қажетті суреттерді таңдаңдар (4.5.7-сурет).



4.5.7-сурет. Қажетті суреттерді жүктеу

5. **Компоненты** бөлімінде **Кнопка1** компонентін таңдаңдар. **Свойства** бөлімінде келесі қасиеттерін өзгертиңдер: **Биіктігі, Ені – 100 pixels, Кескін – 101.jpg, Мәтін** (Высота, Ширина – 100 pixels, Изображение – 101.jpg, Текст) – бос қалдырамыз, **Мәтінді туралау – орта:1** (Выравнивание текста – центр:1).



6. **Кнопка2** компоненті үшін **Қасиеттер** (Свойства) бөліміндегі келесі қасиеттерді өзгертиңдер: **Биіктігі, Ені – 100 pixels, Кескін – 102.jpg, Мәтін** (Высота, Ширина – 100 pixels, Изображение – 102.jpg, Текст) – бос қалдырамыз, **Мәтінді туралау – орта:1** (Выравнивание текста – центр:1).

7. **Кнопка3, Кнопка4, Кнопка5, Кнопка6** компоненттері үшін сәйкес **Изображение Кнопка3** – 103.jpg, **Кнопка4** – 112.jpg, **Кнопка5** – 150.jpg, **Кнопка6** – geo.jpg суреттерін таңдап, ұқсас қадамдарды орындаңдар (4.5.8-сурет).

8. **Кесте** (Табличное расположение) компонентінің ішіне 5 рет **Қоңырау шалу** (Позвонить) компонентін қосындар. **Қоңырау шалу1** (Позвонить1) таңдаңдар және **Қасиеттер** (Свойства) қосымша бетінде **Телефон нөмірі** (Телефонный номер) қасиетін 101 деп өзгертиңдер. **Позвонить2** компонентін таңдаңдар. **Қасиеттер** (Свойства) қосымша бетінде **Телефон нөмірі** (Телефонный номер) қасиетін 102 деп өзгертиңдер. Сәйкесінше телефон нөмірлерін өзгертиңдер: **Позвонить3** – 103, **Позвонить4** – 112, Позвонить5 – 150.

9. Тұрған жерді табу үшін **Сенсор Местоположения** компонентін қосындар. **Қасиеттер** (Свойства) бөлімін ағымдағы жағдай бойынша қалдырыңдар.

10. Мекенжайды экранға шығару үшін **Надпись** компонентін қосындар. **Қасиеттер** (Свойства) бөлімінде – **Мәтін** (Текст) бос қалдырыңдар, **Видимый** белгісін алыңдар (4.5.9-сурет).


Программаның логикасын анықтау үшін **Блоки** батырмасын басындар. Батырманы басқан кезде шұғыл қызметтердің нөмірлері ашылады және қоңырау шала аласыз. Ол үшін **Блоки** бөлімінде **Кнопка1** компонентін басындар және **Щелчок** командасын таңдаңдар (4.5.10-сурет).

когда Кнопка1 • Щелчок
делать

4.5.10-сурет. Қоңырау шалуды таңдау



4.5.8-сурет. Суреттерді таңдау



4.5.9-сурет.
Тұрған жердің мекенжайын экранға шығару



11. Қоңырау шалу үшін **Блоки** бөлімінде **Қоңырау шалу1** (Позвонить1) компонентін басыңдар және **Телефонға қоңырау соғы** (Сделать Телефонный звонок) командасын таңдаңдар.

вызов Позвонить1 .СделатьТелефонныЙЗвонок

4.5.11-сурет. Қоңырау шалу

12. **Кнопка2**, **Кнопка3**, **Кнопка4**, **Кнопка5** үшін командаларды қайталаймыз.



4.5.12-сурет. Блоктар режимі

13. Тұрған жерді білу үшін **Кнопкаб** батырмасын басыңдар және **Щелчок** командасын таңдаңдар. Мекенжайды шығару үшін **Надпись1** батырмасын басыңдар және **Присвоить текст** командасын таңдаңдар. Ары қарай **Тұрған жерді білу сенсоры** (Сенсор Местоположения) компонентін басыңдар және **Вызов Широта из адреса и Текущий адрес** командасын таңдаңдар.



4.5.13-сурет. Тұрған жерді білу

14. Қосымшаны эмулятор арқылы іске қосыңдар.

ҚОСЫМШАНЫ ҚҰРЫЛҒЫФА ЖҮКТЕУ ЖӘНЕ ОРНАТУ

Программаны жасау **MIT App Inventor** бұлттық ортасында орын алады. Тестілеу және ретке келтіру мобиЛЬДІ құрылғыда жасалады. Әзірлеу үшін ДК-ң үстелін немесе ноутбуктарды пайдалану, ал жәндеу мен тестілеуге – **MIT App Inventor Companion** қосымшасы орнатылған мобиЛЬДІ құрылғыны пайдалану үсынылады. **MIT App Inventor Companion** қосымшасы сенің құрылғыңа орнату үшін құрылған мобиЛЬДІ қосымшаның QR-кодын оқуға мүмкіндік береді.

Құрылғыға қосымшаны жүктеу әдістері:

- **бастапқы кодта (.aia кеңейтіліміндегі файл).**

.aia форматындағы бастапқы код қосымшаны өңдеуге мүмкіндік береді. Бастапқы код жоба бетінің Жобалар/Менің компьютеріме Таңдалған жобаларды экспорттау (.aia) менюі арқылы жасалынады.

- **орындалатын файл ретінде (.apk кеңейтіліміндегі файл).**

.apk қосымшасының файлы App Inventor программасына Құру-Косымша (компьютерге .apk сақтау) менюінде жасалынады (компьютерге сақтау .apk). .apk файлы – бұл құрылғыда орындалатын қосымша.

- **қосымшаның QR-коды ретінде.**

Құру – Қосымша (.apk жүктеу үшін QR-код құру) менюінің командалары арқылы жасалынады. QR-код оқу және қосымшаны мобиЛЬДІ құрылғыға орнату үшін Google Play-ден мобиЛЬДІ құрылғыға MIT AI2 Companion App қосымшасын орнату қажет.


.apk қосымшаларыңды мобиЛЬДІ құрылғыға орнату кезінде белгісіз дәрек көздерден қосымшаларды орнату рұқсат етілуі қажет (**Баптаулар – Қосымшалар – Белгісіз** дереккөздер).

Егер сенің Wi-Fi қосылған OS Android-і бар мобиЛЬДІ құрылғың болса:

1. МобиЛЬДІ құрылғыға Google Play дүкенінен MIT AI2 Companion App қосымшасын жүктеу және орнату.

2. Жұмыс істеп отырған компьютерлеріндегі және мобиЛЬДІ құрылғыңды Интернеті бар желіге қосу, мысалы, Wi-Fi арқылы.

3. Компьютерде тестілейтін жобаны ашу және **Қосылу – AI көмекшіні таңдау** (4.5.14-сурет).



4.5.14-сурет. Жобаны тестілеу


4. Экранда сенің қосымшаңың QR-коды пайда болады.

Мобильді құрылғыда **MIT AI2 Companion** қосымшасын іске қосу және **Scan QR-code** басу. Бірнеше секундтан кейін қосымша құрылғыда пайда болады.

Егер OS Android-i бар мобильді құрылғы болмаса:

1. **App Inventor Setup Software-ке** арнағы программалық қамтамасыз етуді жүктеу және орнату.


2. **aiStarter** (тек Windows& GNU/Linux үшін) іске қосу. Төмендегідей тerezе ашылса, онда aiStarter сәтті іске қосылады (4.5.15-сурет).



```
aiStarter
Platform = Windows
AppInventor tools located here: "C:\Program Files (x86)"
Bottle server starting up (using WSGIRefServer())
Listening on http://127.0.0.1:8004/
Hit Ctrl-C to quit.
```

4.5.15-сурет. Эмуляторды іске қосу

3. МiT App Inventor-гі **жоба тerezесіне өту** және **Қосылу – Эмулятор** менюін таңдау (4.5.16-сурет).



4.5.16-сурет. Эмуляторға қосылу



4.5.17-сурет. МобиЛЬДІК ҚОСЫМШАНЫҚ ИНТЕРФЕЙСІ

.apk файлын мобиЛЬді құрылғыға жүктегу

Орнату үшін жүктелген қосымшанық .apk файлы мобиЛЬді құрылғының Download каталогында сақталады. Оған «файлдық менеджер» арқылы кіруге болады. Эртүрлі OS Andriod үшін бір қосымшанық нұсқалары түрлі нұсқаларда бірнеше рет қайта жазылуы мүмкін. Жаңа қосымша ескі қосымшанық орнына немесе өзгертілген атымен жаңа нұсқа ретінде орнатылуы мүмкін. Download каталогында қосымшанық ескі нұсқаларын жойып отыру ұсынылады.

МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАНЫ ТЕСТИЛЕУ

МобиЛЬді қосымшаны қателер мен сәйкессіздіктерді іздеуге тестілеу кезінде әдетте берілген жағдайларда қосымшанық қалай әрекет ететінін және қандай жағдайда дұрыс жұмыс істемейтіндігін тексереді. Ол үшін бастапқы шарттарды, кіріс деректерін, пайдаланушының іс-әрекетін және күтілетін нәтижені сипаттайтын тест-жоспар жасалады. Жасалған қосымшаны тексеріп, тест-жоспар кестесін толтырындар. Тестілеу жүйесінің штаттан тыс тәртібіне сәйкес келетін әрекеттермен толықтырындар.

Iс-әрекет	Күтілетін нәтиже	Тесттің нәтижесі:
Іздеу арқылы қосымшаны табу		<ul style="list-style-type: none"> • өтті • орында алмады • бұғатталды
Қосымшаны іске қосу		
Сәйкес келетін белгішени таңдау (басу)	Қызмет нәмірі бар терезенің ашылуы	
Қоңырауды басу		

Мақсатты аудиторияның сапасын бағалау және кері байланыс алу үшін сауалнаманың көмегімен қосымшаны тестілеу жүргізіндер. Тек «келісемін» және «келіспеймін» деген жауптары ғана бар сұрақтармен Google Форма құрындар. Мысалы,

- мен оны достарыма ұсынар едім;
- кеңестер маған көмектесті;
- мен қосымшаны қарапайым деп санаймын;
- мен батырмаларды және т.б. дұрыс қолданамын ба деп күмәндандым.



Сұрақтардың тақ нәмірлері оң тұжырымдалған, ал жүптары теріс (мұндай сауалнаманы 1986 жылы Дж.Брук ұсынған).

- 
- 
- МобиЛЬДІ қосымшаларды азірлеу үшін қандай программалық қамтамасыз ету қажет?
 - Қосымшаларды іске қосудың дұрыс жолдарын талдаңдар (эмүлятор немесе смартфон арқылы).
 - «Сөзді тап». МобиЛЬДІ қосымшаларды құруда пайдаланған терминдер мен командаларды табындар. Терминдерге анықтама беріңдер және командалардың мақсатын дәлелдендер. Қанша сөз?

Л	Ж	Е	Ы	Н	Г	Л	Д	И	З	А	Й	Н
В	Д	Р	Э	Й	Ф	Р	Л	З	Л	А	Л	М
Р	К	О	М	П	О	Н	Е	Н	Т	Р	А	А
Ы	К	Ф	Ж	О	Б	А	Б	Ф	Ы	О	Ү	Т
Қ	О	С	Ы	М	Ш	А	Н	И	Е	Ә	О	С
Ш	Ц	Е	Я	М	І	Р	М	А	Р	К	И	Н
Д	К	П	Т	Е	К	С	Т	О	Ј	Т	Т	О
Ы	О	О	О	Р	И	Е	Н	Т	А	Ц	И	Я
А	Н	Д	Р	О	И	Д	Ь	Щ	В	І	Е	W
Ұ	А	Л	У	Е	С	Н	П	Л	А	Г	И	Н



1. Қандай қарапайым мобиЛЬДІ қосымшалардың түрлерін білесіңдер? Сендердің ойларыңша, олар қалай өзгертілуі керек?
2. Дәulet үш тілде еркін сөйлегісі келеді. Ол Интернетте пайдаланатын тілдерді үйренуде. Бірақ кейде ол Интернетке қол жеткізе алмайды. Тілді үйрену үшін оған қандай кеңес берер едіңдер?
3. «Тоғызқұмалақ шебері» ([metod-kopilka.ru>togyz-kumalak](http://metod-kopilka.ru/togyz-kumalak)), «Асық ату» ([kopilkaurokov.ru>...asyk_atu](http://kopilkaurokov.ru/...asyk_atu)), «Домбыра» ([putidorogi_nn.ru>ariy](http://putidorogi_nn.ru/ariy)) мобиЛЬДІ қосымшаларына талдау жасандар. Оларда қандай компоненттер пайдаланылған? Қосымшаның батырмаларын, фонын және мәтінін табыңдар.



IV БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**1. Заттар Интернетінің (IoT) бастамашысы «Ақылды үй» технологиясының ерекшелігі.**

- A) азық-түлік қорлары, тазалау өнімдері және басқа заттар автоматты түрде толтырылады;
- B) жарықтандыру үйде бірден реттеледі;
- C) құрылғылар үйдің барлық бөлмелерінде орналасқан және температура, ылғалдылық және басқа параметрлерді бақылайды;
- D) жүйе адамның қажеттіліктеріне бейімделеді.

2. IoT қызметінің бірі – автоматтандырылған автотұрақтың қызметі:

- A) сканер машинадағы штрихкодты оқиды және мәліметтерді серверге жібереді;
- B) тұрақ алаңының үстінде мәліметтерді басқару орталығына жіберетін камералар орнатылған, ал ол жерде арнайы дайындалған адам оларды өндейді;
- C) сенсор тұрақ аумағында тоқтаған машинаны жазып алғып, мәліметтерді орталық құрылғыға жібереді;
- D) автотұрақтың салмағын өлшейді және егер оның салмағы артқан болса, демек, тұрақтағы машинадан ақша алуға болады дегенді білдіреді.

3. Заттар Интернетінде әлемдегі заттарды теңдестіру технологияларына әсер етпейтін фактор.

- A) 5G; C) штрихкодтар;
- B) QR-кодтар; D) DataMatrix.

4. «Ақылды үйдің» негізгі функциясы келесі жүйелерді басқару болып табылады (бірнеше жауап):

- A) электрмен жабдықтау және жарықтандыру;
- B) үйді сату;
- C) қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бейнебақылау;
- D) үйді тазалау.

5. «Ақылды үй» құру үшін контроллер мен құрылғыларды таңдаңдар.

- A) Cisco; C) Wink;
- B) Logic Machine; D) LoRaWAN.

6. Сәйкестікті орнатындар.

1) Контроллер (процессор)	A) Әртүрлі физикалық шамаларды электр сигналдарына түрлендіруге арналған.
2) Интерфейстер	B) Үйде немесе пәтерде орнатылған жабдықтардың жай-күйі туралы ақпаратты қашықтан хабарлауға арналған түрлі байланыс арналары.

3) Ақпаратты беру құрылғылары	C) Құрылғылардан немесе интерфейстерден түсетін ақпаратты талдайды және берілген алгоритмге немесе сыртқы командаларға сәйкес тиісті басқару сигналдарын түрлендіреді.
4) Орындаушы құрылғылар	D) Түрлі үй аспаптары мен жабдықтары арасында ақпарат алмасу процесін үйлестіруге қызмет ететін құрылғылар.
5) Құрылғылар	E) Электр жабдығының жұмысын бақылайтын түрлі релелер.

7. Карточкалар жыныстығын пайдаланып, мобильді қосымшалар конструкторы үғымын тұжырымдаңдар.

қосымшалар	онлайн-редактор	ондағы
пайдаланушылар	болады	Өз алдына
визуалды	Конструкторы	Мобильді қосымшалар
web-платформада	Мобильді құрылғылар	құру
тестілеу	үшін	Және дамыту

8. Сәйкестік орнатындар және мобильді құрылғылар үшін операциялық жүйелерді таңдаңдар.

Құрылғылар	Операциялық жүйелер
Mac OS	Linux ядросына негізделген
Android	Америкалық Apple компаниясы әзірлеген
iOS	Microsoft әзірлеген, графикалық интерфейс көмегімен басқарылады
Windows	Меншік құқығы, Apple өндірісі

9. Жобалау кезеңдерін ретімен орналастырыңдар (өсу ретімен).

пайдаланущы интерфейсін түпнұсқалау	1
корпоративтік белгішелерді әзірлеу	2
идея	3
Appstore және Google Play дүкендеріне мобильді қосымшаларды орналастыру	4
тестілеу	5
техникалық тапсырма	6
әзірлеу	7
мобильді қосымшаның дизайны	8

10. «_____» болу үшін интерфейс келесі қасиеттерге ие болуы қажет: табиғилық, келісімділік, төзімділік пайдаланушымен көрі байланыс, қарапайымдылық, икемділік.

- A) пайдаланушылық;
- B) графикалық;
- C) ыңғайлы;
- D) түсінікті;
- E) командалық.

IV БӨЛІМ БОЙЫНША ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Жобалық жұмысқа арналған тақырыптар:

1. «Ақылды» көше шамдары.
2. «Ақылды» бөлме.
3. «Ақылды» кеңсе.
4. «Ақылды» компьютерлік сыйнап.

Мақсаты: Cisco Packet Tracer қолданып, «ақылды_____» жобасын әзірлеу.

Міндеттері:

1. «Ақылды _____» үфімін қарастыру.
2. «Ақылды _____» құрылымы.
3. «Ақылды _____» жүйелері.
4. «Ақылды _____» сценарийлері.

Зерттеу әдістері:

- Осы тақырып бойынша Интернет-ресурстардан, арнайы әдебиеттерден ақпаратты талдау және синтездеу.
- «Ақылды _____» орнатуды модельдеу.

Жобамен жұмыс істеу кезеңдері

1. «Ақылды ...» әзірлеу бойынша алған білімдерін пайдалану.

2. Іс-қимыл жоспарын жасау:

- 1) Таңдалған тақырып бойынша ақпаратты табу.
- 2) Жобаны көрсететін графикалық суреттерді, суреттерді табу.
- 3) Cisco Packet Tracer қолдану.
- 4) Салыстыру және талдау үшін ақпарат табу.
- 5) Дайын өнімді дайындау және ұсыну.
- 6) Қарсыластардан қосымша сұрақтар.

2. Жобалық жұмыс.

1. Жобаны орындауға дайындық.

- 1) Қазіргі таңда өзекті қандай мобиЛЬДІ қосымшаларды жасау қажет?
 - 2) Сендердің ойларыңша, қандай программалық жасақтама мен мобиЛЬДІ қосымша қажет?
 - 3) МобиЛЬДІ қосымшаға ат ойлап табындар. Осы қосымшаға қандай мәтін, сурет, батырмаларды қосар едіңдер?
 - 4) Пайдаланушы интерфейсінің түпнұсқасын және мобиЛЬДІ қосымшаның жобасын құрындар.
- 2.** Жоспарлау және жобалау.
- 1) «МобиЛЬДІ дабыл батырмасы» қосымшасын құрындар.
 - 2) МобиЛЬДІ қосымшаны құру үшін қандай компоненттер қажет болады?
 - 3) Қосымшаны Қазақстанға арнап қалай бейімдейсіңдер?
 - 4) Қазақстанға осындай мобиЛЬДІ қосымша қажет пе?
- 3.** МобиЛЬДІ қосымша құрындар. Қазақстанда қалай бейімдеу жасайдындар және ол қажет пе?

Ұлгілік тақырыптар

1. «МобиЛЬДІ дабыл батырмасы».
2. «_____ тілінің аудармашысы».
3. «Сұлулық. Денсаулық. Тамақ».
4. «Қазақстан мектептерінің рейтингі».
5. Еркін тақырып.

IV БӨЛІМНІң ТҮЙІНДЕМЕСІ

- ✓ **Заттар Интернеті** – бір-бірімен немесе сыртқы ортамен өзара әрекеттесуге арналған қосымша технологиялармен жабдықталған физикалық обьектілердің (заттардың) компьютерлік желісі туралы тұжырым.
- ✓ **IoT** – бұл адамдар, жүйелер және басқа қосымшалардан мәліметтерді жинау және олармен алмасу үшін біріктірін миллиардтаған интеллектуалды құрылғылардан тұратын сенсорлық жүйе.
- ✓ **IoT тұжырымдамасын** 1999 жылы Кевин Эштон жариялады және мұндай желілерді үйімдестеруды адамды қатыстырмай, экономикалық және әлеуметтік процестерді қайта құруға болатын құбылыс ретінде қарастырды. Заттар Интернетінің дамуы келесі жағдайларға ықпал етеді: мәліметтер мен есептеу қуатын тасымалдау құнын төмендету, мейлінше осы жүйеге «қосылған» құрылғылар санын көбейту, бұлттық технологиялар мен Big Data (үлкен ақпарат) жүйелерін дамыту.
- ✓ **«Ақылды үй»** – үйдегі барлық электр аспаптары мен тұрмыстық техниканы біртұтас экожүйеге біріктіру арқылы үй тұрмысын автоматтандыру әдісі. Әдетте, мұндай экожүйенің өзіндік «мины» бар, яғни меншікті программа, құрылғы немесе қызметті бақылау арқылы жүзеге асырылады.
- ✓ **«Ақылды үй» технологиясын жүзеге асыру** үшін үйдің ортасын басқаруға және оны Интернет арқылы ноутбуктен, мобиЛЬДІ телефоннан немесе планшеттен өзгертуге мүмкіндік беретін қашықтықтан қол жеткізуі қамтамасыз ету қажет.
- ✓ **«Ақылды үй» тұжырымдамасының негізіне мына үш жайт жатады:** **үнемдеу, жайлышық, қауіпсіздік.**
- ✓ **МобиЛЬДІ** деп операциялық жүйенің басқаруында жұмыс істейтін кез келген шағын құрылғы аталады. Әртүрлілігіне қарамастан, олардың барлығының құрамында орталық процессор, тұрақты жады, жедел жады, басқа құрылғылармен байланыс модульдері және т. б. бар.
- ✓ **МобиЛЬДІ қосымшалар құру конструкторы** – бұл дизайн элементтері мен ұсынылатын функцияларды өз міндеттеріне бейімдей отырып, пайдаланушыларға қолданбаларды жасауға мүмкіндік беретін кең құралдар жиынтығы бар визуалды редактор.
- ✓ **Компоненттер** – қосымшаның функционалдық мүмкіндіктері. Олардың кейбіреулері графикалық дизайнның бөлігі болып табылады, мысалы, батырмалар, ал кейбіреулері құрылғы экранында көрінбейтін таймер, сенсорлар немесе бейнелер сияқты болуы мүмкін.

V бөлім. IT STARTUP

5.1. STARTUP ҚАЛАЙ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ?

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұматтар
<ul style="list-style-type: none"> • Startup ұғымын; • Crowdfunding платформасының жұмыс істеу принципін. 	Стартап – Стартап – STARTUP Краудфандинг – Краудфандинг – Crowdfunding Бизнес-модель – Бизнес-модель – Business model	Youtube – бейнефайлдар хостингі, Уикипедия – «халықтық энциклопедия», сонымен қатар Facebook және ВКонтакте әлемге танымал табысты іске қосылған стартапқа мысал бола алады. Microsoft, Apple, Google және т.б. әлемдік танымал АТ (Ақпараттық технологиялар) – корпорациялары да стартаптар ретінде өз жұмысын бастаған.



IT (Information Technology) стартап дегеніміз не?

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Стартап – ауқымды және тиімді бизнес-модельді табу үшін жасалған уақытша ұғым.
 (Стив Бланк, Эрик Рис, Пол Грем)

Қазіргі таңда «стартап» сөзі күнделікті өмірде жиі кездеседі және стартаптар саны күн сайын артып келеді. Кішігірім шеберхананың ашылуынан бастап ең жаңа технологияларды құруға дейінгі қадамдардың барлығын осы тұжырымдамамен атайды.

Стартап термині (ағылшын тілінен Startup company, startup – «бастаушы») – бұл үнемді бизнес үлгісін іздейтін уақытша құрылым.

Алғаш рет бұл терминді 1939 жылы Стэнфорд институтының түлектері Дэвид Паккард пен Уильям Хьюлетт кішігірім жобаның атауы ретінде қолданған. Сонында Hewlett-Packard ақпараттық технологиялар саласындағы американлық ірі компаниялардың бірі болды.

IT (Information Technology/Ақпараттық технологиялар) **стартаптар** деп ақпараттық технологиялар және Интернет-жобалар саласында өнімдер мен қызметтер нарығында алғашқы қадамдарын жасаған компанияларды айтады.

Кез келген бизнестің, оның ішінде IT саласында да өзекті мәселені шешу қажет, ал стартап осы мәселенің шешімін инновация немесе өнім түрінде береді. Игерілудегі өнім немесе қызметтің сапасы мен құны, сондай-ақ қолдану ыңғайлылығы стартаптың негізі болуы керек.

Бизнес-жоспар – бизнес-модельді сипаттайтын құжат. IT стартапының бизнес-моделі ақпараттық технологиялар мен Интернеттің бірегей қасиеттерін пайдалануға бағытталған.

Стартаптар әдетте бизнес-модель бойынша: *операциялық, масштабты, сату немесе әлеуметтік жоба* болып бөлінеді.

Операциялық модель кезінде стартап аз-ғана пайда көре отырып, бар клиенттерге өнім сатуды іске асырады. Бизнестің **масштабты моделінде** жоспарлар тартылған инвестициялар арқылы ірі бизнеске бағытталған, онда инвестор белгілі бір кезеңде пайда көреді. Бизнестің **сатуға арналған** стартап моделі жаңа технологияларды, клиенттердің базасын немесе бірегей құзыреттілік, беделі мен тәжірибесі бар іске стартап командаларын ірі компаниялар немесе инвесторлардың сатып алуына негізделген. **Әлеуметтік жобалардың идеялары** – әлеуметтік мәселелер, мәдени құндылықтар, білім беру саласындағы шешімдер болып табылады.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Бизнес-модель – нарықта пайдалануға арналған алдын ала жоспарланған іс-әрекеттердің реттілігі (бизнес-процесстер).

IT СТАРТАПТЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Ақпараттық технологиялар дамуымен және технологиялық нарықтағы бәсекелестіктің артуымен IT стартап бизнес-модельдерінің түрлері де артуда.

IT стартапты өнім мен нарықтың ерекшеліктеріне сәйкес жіктеуге болады:

- 1) табысты шетелдік IT жобаларының жоба-клондары;
- 2) бағалық артықшылықты ескере отырып, нарық сегментін ұстауға бағытталған жобалар;
- 3) жоғары қауіп-қатерлі жобалар, алайда жоба сәтті аяқталған жағдайда пайда беретініне кепілі бар жобалар.

Ғылымды қажетсіну дәрежесі бойынша:

- 1) соңғы ғылыми жаңалықтарға негізделген жоғарғы технологиялық стартаптар. Оны іске қосу үшін ірі инвесторлар ұсына алатын қаржыландыруды қажет етеді;
- 2) инновацияларда емес, оңай жүзеге асырылатын идеяларда қалыптастын дәстүрлі стартаптар.

Билл Гросс жүзден астам стартап табысын талдап, 5 түйінді факторды ерекше атап өтті:

- идея;
- команда;
- бизнес-модель;

- қаржыландыру;
- уақыт.

Бизнестің данышпаны осы факторлардың (идея, тіпті дұрыс бизнес-модель немесе жаңы қаржыландыру да) маңызды емес екенін атап өтті. Оның ойынша, ең бастысы – **жобаны қолайлы уақытта бастау**. (<https://u.to/yRS2FQ>)

Нарықта сәтті жұмыс істеу үшін IT стартаптың өтетін негізгі кезеңдерін қарастырайық. Бұл кезеңдер өз жұмысын жаңадан бастайтын компаниялардың әрекеттеріне негіз болып табылады (5.1.1-сурет).

IT СТАРТАП ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ



5.1.1-сурет. Стартап даму кезеңдері

Қазіргі кезде әлемде **IT** бизнестің жаңа түрлері және форматтары пайда болуда. Бұл бизнесті жүйелеу және жіктеу әрекеттері үнемі табысқа жету формуласын құру үшін жасалады. Электрондық қызметтер, тауарлар және қызметтің барлық түрлерінің арасында үлкен бәсекелестікке байланысты тұтынушы үшін жаңа құндылықты іздеу процесі жүріп жатады. Бірқатар зерттеушілер негізгі қадамдарды атап көрсеткен, бірақ олардың сандарында таңдалған идеяға сәйкес айтарлықтай айырмашылық болуы мүмкін. Интернетте қосымшаларды дамытуға арналған **IT** стартап үшін осындай қадамдардың реттілігін қарастырайық.



Стартап-қауымдастық өкілдері, IT-компаниялар елдің технологиялық стартаптарын дамыту үшін белсенді жұмыс жүргізуде. «Astana Hub» халықаралық технопаркінде IT-касіпкерлікті дамыту үшін онлайн-оқыту бағдарламалары жұмыс істейді. Ресурстың материалдарымен танысындар <https://digitalkz.kz/it-sektor/>. «Қазақстандағы табысты IT-стартаптар» хабарын дайындаңдар.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Краудфандинг (халықтық қаржыландыру, ағылшын тілінен crowd funding, crowd – «топ», funding – «қаржыландыру») – бизнес идея немесе кез келген идеяны қаржыландыруға қаражат жинау платформасы.

КРАУДФАНДИНГ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Стартаптың әдеттегі бизнестен айырмашылығы оның құрылу сәтінде компанияны инвестициялайтын инвесторларының бар болуымен ерекшелінеді. Стартаптарды инвестициялаудың бір әдісі – **Краудфандинг**.

КРАУДФАНДИНГТІҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БАР?

Өткөсіз қорларға негізделген Краудфандинг, яғни қайырымдылық. Бұл жағдайда жоба жүртшылық тарарапынан пікір жинауға тиіс. Оған флора мен фаунаның жойылып кету қаупі төнген түрлерін қорғайтын, мүмкіндігі шектеулі балалардың өмір суру мүмкіндігін арттыру бойынша шешімдер ұсынатын компаниялар мысал бола алады.

Несиеге негізделген Краудфандинг. Жобалар төмен ставкалар (жеңілдіктер) бойынша несие алу мүмкіндігіне ие болады. Мысалы, инвестор өзі үшін қаржылық инвестициялар жыныстырын жасай отырып, бірнеше жобаға инвестиция сала алады.

Сыйақыға негізделген Краудфандинг ең танымал модель болып табылады. Жобаны дамытуға шағын инвестициялар жасайтын инвесторлар белгілі бір сыйақы алады. Мысалы, АТ компаниясы өз жобасын осындай өнімнің көшірмесін эксплюзивті жақартумен қаржыландыру үшін сыйақы ретінде ұсына алады.

Бизнестен өз үлесін алуға негізделген Краудфандинг. Жобаны қаржыландырғаны үшін сыйақы ретінде инвестор бизнестің белгілі бір үлесін алады. Бұл жағдайда инвестор нақты табысқа ие болады немесе құнды қағаздарды сатып алады, сондықтан краудинвестинг мемлекеттік органдармен реттеледі.

Қазіргі заманғы қазақстандық краудфандинг платформалары – *Baribirge* (атауы «Бүкіл әлеммен» мағынасында аударылады) және *Starttime* Интернет өнімі, инвесторлар мен бейжай қарамайтын адамдарды табуға көмектеседі (*start-time.kz*, *baribirge.kz*).

Жеке жобаларды іске асыру қоғамның әлеуметтік өмірін жақсартуға мүмкіндік береді, сондықтан краудфандинг платформаларын дамыту азаматтық қоғамның жетілу деңгейінің жаңыс көрсеткіші болып табылады.



1. Стартап ұғымын қалай түсінесіндер?
2. IT стартаптың мәнін түсіндіріндер.
3. IT стартапты қандай критерийлері бойынша жіктейді?
4. Стартапты құру кезеңдерін атаңдар.
5. Стартаптың дамуында «енгізу» кезеңінің мәні қандай?
6. Техникалық тапсырма, түпнұсқа, алға-нұсқа, жабық бета-тестілеу, жалпыға қолжетімді бета-нұсқасы дегеніміз не?
7. Краудфандинг дегеніміз не?
8. Краудфандинг түрлерін салыстырыңдар, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы неде?
9. Краудфандинг-платформалар не үшін қажет?

Тестілеуден өтіп, жеке бизнестеріңді бастауға қаншалықты дайын екендерінді біліндер. <https://the-steppe.com/quiz/test-smozhete-li-vy-zapustit-startap>



Стартап жобаларының идеясын ойлап табыңдар. Жобаларынды бағалаңдар. Ол бизнес бола ала ма? Ол үшін тәмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

1. Идеяларының негізгі құндылығы қандай?
2. Өнімдеріңнің тұтынушысы кімдер?
3. Тұтынушы өнімдеріне қаражат жұмсауға дайын ба?
4. Өнімдеріңнің аналогы бар ма?
5. Тұтынушы өнімнің аналогы үшін қаражат жұмсай ма?
6. Өнімдеріне қаражат жұмсау үшін тұтынушыларға әсер ете аласың ба?
7. Өнімдерің іске қосылғаннан кейін бір ай, бір жылдан кейін қанша тұтынушысы болады?
8. Шығындарың қандай?
9. Ақшаны қайтару үшін қанша ақша табу керек?
10. Пайдаланушыларының жуық саны қандай? Бұл ақшаны тұтынушылардан алуға бола ма немесе қосымша кіріс көздерін іздеу керек пе?
11. Зиянсыздық нұктесі қай жерде?
12. Масштаб эффектісі әсерін тигізе ме?



1. <https://u.to/Xjm2FQ>, <https://u.to/rzm2FQ> сайттарындағы ақпаратты пайдаланып, 10 ең үздік қазақстандық стартап анықтаңдар.
2. Өз идеяларынды визуалдаудың түрлі технологиялары бар. Тапсырмаларды орындаңдар.
- 20 : 20 форматында идеяларынды тиянақты және қысқа таныстыру үшін «Печ-ка-куча» жапон сәулетшілерінің жобасы бойынша 20 слайдтық презентация дайындаңдар, әрбір слайд 20 секунд ішінде көрсетілсін, презентацияға негізгі идеяны жеткізетін ең маңызды материалды қосындар. https://u.to/2z_2FQ сайттағы материалдарды пайдаланыңдар.
3. Краудфандинг – платформаларды жемісті пайдалану мысалдарына әңгіме құрандар (Интернет желісін пайдаланыңдар).
4. Өз бизнесінді ашуға қаншалықты дайынсың? Тест тапсырындар (<https://the-steppe.com/quiz/test-smozhete-li-vy-zapustit-startap>).

5.2. ЖОБАНЫ АЛҒА ЖЫЛЖЫТУ

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұмattар
<ul style="list-style-type: none"> • Өнімді алға жылжыту және жүзеге асыру жолдарын; • Стартап өнімін алға жылжыту және жүзеге асыруды. 	Жобаны алға жылжыту – Продвижение проекта – Project Promotion Мәннәтіндік жарнама – Контекстная реклама – Contextual advertising Әлеуметтік желілер – Социальные сети – Social networks	<p>Уикипедия тәжірибесі – Интернет энциклопедиясы, краудфандингті пайдаланудың мысалы. Оның арқасында бүгінгі күн Америка нарығында ағылшын тілінде жұмыс істеген компания алемнің 304 тілінде мақалаларды жариялады. Мақалалар саны бойынша қазақ тіліндегі бөлімі 39-орынды иеленсе, орыс Уикипедиясы 7-орында.</p> <p>Америкалық стартаптар қолдайтын табысты топтамалық платформалардың бірі – Kickstarter. Инвестицияларды тартудан басқа, ол кәсіпкерлерге нарықты зерттеуге, жарнама жасауға және пресселдердің (алдын ала сату) мүмкіндігін ұсынады.</p>

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Алға жылжыту – сатып алушыға өнімді сатып алу туралы шешімді қабылдауға көмек беретін маркетингтік стратегия. Бұл компанияның хабардар ететін және сендіретін, әкпарат беру және таратудың қандай да бір формасы болып табылады. Ол қоғамға әсер ете отырып, тауарлары, қызметтері, идеялары, әлеуметтік қарекеттері туралы еске салып отырады.

Интернет арқылы жарияланатын жарнама нарықтан ығыстырып шығаруда (5.2.1-сурет).

Кез келген жобаны алға жылжытудың мақсаты – компания үшін қажетті клиенттің реакциясын қолдау: өнімді сатып алу, сатып алудан қанағат алу, достары және таныстарымен жағымды асерлерімен бөлісу. Әлеуметтік желілердің дамуының арқасында алға жылжыту құралдары айтарлықтай жақсартылды, өнімді әзірлеу, хабарламаны тұжырымдау, мақсатты аудиторияны ақпараттандыру және қызығушылық пен клиенттерді ұстап қалудың жақсартылған нұсқасын әзірлеу. Алға жылжыту – бұл өз құралдары, әдіс-тәсілдерімен үзіліссіз жүргізілетін процесс.

Тауарды алға жылжытудың дастүрлі әдістері жарнама, тікелей сату, қоғаммен араласу және өнімді өткізу дыбыстардан тұрады. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың дамуына байланысты дастүрлі жарнаманы бара-бара



5.2.1-сурет. Интернетте жобаны алға жылжыту құралдары

ИНТЕРНЕТТЕ ЖОБАНЫ АЛҒА ЖЫЛЖЫТУ ҚҰРАЛДАРЫ

1. Жобаның веб-сайты компания өндіретін өнімнің сипаттамасымен, оның өндірістегі бағасымен таныстырады, өнімнің суретін көруге мүмкіндік береді. Сайт витрина немесе Интернет-дүкен түрінде орындалуы мүмкін, онда клиент өзіне қажетті өнімді таңдайды, оның сипаттамасымен танысады, басқа сатып алушылардың пікірлерін оқиды және тауарды үйге әкелуге тапсырыс бере алады.

2. SEO-оңтайландыру – бұл контент Rambler, Google, Yandex сияқты танымал іздеу жүйелерімен индекстелетін жоба сайтының рейтингін арттыруға бағытталған әрекеттер жиынтығы. Сараптама мамандарының іздеу жүйелеріне алға жылжыту бойынша Яндекс, Вордстат, KeyCollector және басқа арнайы сервистер көмектеседі. Оңтайландырудың арқасында сайтты қолданушылардың саны көбейеді.

SEO (Іздеу жүйесін оңтайландыру) – бұл трафикті және одан әрі кірісті арттыру үшін таңдалған сұраныстар бойынша іздеу жүйелерінің (SERPs) нәтижелерінде бірінші орынға жету үшін сайтты жан-жақты дамыту және алға жылжыту.

3. Баннер – компания немесе жарнамаланатын өнім параллельсіз жағдайдағы суреттерден таңдалған сұраныстар бойынша іздеу жүйелерінің (SERPs) нәтижелерінде бірінші орынға жету үшін сайтты жан-жақты дамыту және алға жылжыту.

The screenshot shows the interface of the @mail.kz website. At the top, there is a navigation bar with links to 'Письма', 'Игры', 'Экономика', 'Новости', 'Поиск', and 'Быстро'. Below the navigation bar, there is a search bar with the placeholder 'Поиск в интернете' and a magnifying glass icon. To the right of the search bar, it says 'Сейчас ищут: звездные войны' and 'Найти'.

The main content area has a sidebar on the left with links to 'Письма' (with a profile picture of Darika Isabekova), 'Область' (with a link to 'Бесплатные звонки файлы'), and 'Мой мир'. The main content area displays news articles and a large banner ad on the right. The banner ad features a woman's face and text about how to start a business online.

5.2.2-сурет. Баннерлік жарнама

4. Мәнмәтіндік жарнама – түйінді (негізгі) сөздер қағидасын қолданады, веб-парақшалар контентінің тақырыбына және пайдаланушылардың алдыңғы сұраныстарына сәйкес көрсетіледі. Мәнмәтіндік жарнама екі түрде болуы мүмкін: іздеу және тақырыптық.

Мәнмәтіндік іздеу жарнамасы – іздеу жүйесін қосқанда шығады, міндетті шарты сұраным формасын толтыру болып табылады. Мысалы, пайдаланушы сұранысты іздеу жүйесіне «Алматыдағы ноутбуктер» сөзін енгізсе, онда нәтижесінде веб-парақшада сайттар тізімі және сипаттамалары шығады (5.2.3-сурет). Алынған жарнамалық хабарландырулар парақшаның әртүрлі аймақтарында орналасады.


The screenshot shows a Google search results page for the query 'ноутбуки алматы'. The results are filtered under the 'Картинки' tab. A red arrow points to a search result for 'Noутбук в Алматы | Каталог ноутбуков на pout.kz'. This result is labeled as an 'Реклама' (Advertisement). The snippet below the link reads: 'Выбирайте ноутбуки бизнес-класса в Алматы. Цены ниже рыночных. Закажите ноутбук онлайн! Ноутбук в Алматы: процессор Intel, жесткий диск до 2000 ГБ. Защищенные, игровые. Покупай! Очень низкие цены. Гарантия от производителя. Делл, Леново для бизнеса. Доставка... Леново - от 158.00 \$ - Ноутбуки для работы и игр. Ещё +'

Below the advertisement, there are two more search results. The first one is for 'Ноутбуки. Экран 17"' and the second one is for 'Ноутбуки. Экран 15"'. Both snippets mention 'Леново, Делл и др. для работы' and 'Низкие цены. Мощный процессор'.

5.2.3-сурет. Мәнмәтіндік іздеу жарнамасы мысалы

- **арнайы орналастыру** – ең тиімді орын, өйткені пайдаланушы ең алдымен осы хабарландыруларды көре алады, олар іздеу нәтижелерінің үстінде орналасқан және бірден үшке дейін жарнамалық хабарландырулардан тұрады;
- **кеңілдендірілген көрсетулер** – орналасқан жері тиімді емес, бірақ арзан орналастыруына байланысты сұранысқа ие, олар іздеу нәтижелерінің он жағында орналасады және бірден төртке дейінгі жарнамалық хабарландырулардан тұрады;
- **динамикалық көрсетулер** – хабарландырулар кепілдендірілген көрсетулерден кейін орналасқан, бірден беске дейін жарнамалық хабарландырулардан тұрады, сондықтан аз қаражаты бар компаниялар арасында сұранысқа ие.

Тақырыптық мәнмәтіндік жарнама – егер олардың тақырыптары пайдаланушы мүддесіне сәйкес келсе, сайт беттерінде немесе іздеу жүйелерінде орналасуы мүмкін. Мысалы, егер іздеу жолағына «Ноутбук сатып алу» сезін енгізсендер, жарнамалық ұсыныстар шолу беттерінде ғана емес, сонымен қатар іздеу жүйесінің жарнамалық кеңістігінде де пайда болады (5.2.4-сурет).



5.2.4-сурет. Тақырыптық мәнмәтіндік жарнама

5. Таргеттелген (мақсаттық) жарнама әлеуметтік желілерді пайдаланушыларға арналған хабарландырулардан құралады.

Таргетtelген жарнаманың артықшылығы – жарнама беруші мәлімдеген сипаттамаларына сәйкес (мысалы, жас категориясы мен мүдделері) келетін пайдаланушылар үшін арнайы жарияланады.

6. Әлеуметтік желілер (SMO – ағыл. Social Media Optimization) – миллиондаған пайдаланушылар түрлі әлеуметтік желілерде тіркелген, сондықтан осы платформалар маркетологтар арасында танымал. Әлеуметтік желілердегі маркетинг (SMM – ағыл. Social Media Marketing) – трафикті таратуға, контентті жылжытуға және компанияның танымалдығын арттыруға арналған ең қуатты арналардың бірі.

7. Электрондық хаттар. Пайдаланушылар жаңа өнім, алдағы оқиғалар, бонустар, акциялар, конкурстар және т.б. туралы ақпараттары бар электрондық хаттарды алады.

8. Бейнежарнама тауарларды алға жылжытудың тиімді құралы болып табылады. Интернетте мың белсенді жазылушылары және миллиондаған қаралымдары бар арналар көп. **Бейнежарнамаларды** немесе **бейнешолуларды** блогерлерден сатып алу конверсияның төмен құнын қамтамасыз етеді. Басқа құралдарға YouTube-те, бейне хостингтің басқа сайттарында немесе ресми сайтында, әлеуметтік желілерде орналастырылған меншікті бейнежарнама, оқыту роликтері, қызықты мақалалар мен сұхбаттар кіреді.

Интернетте алға жылжытудың жоғарыда қарастырылған құралдарынан басқа агрессивті маркетинг құралдары да бар, олар – тітіркендіргіш қалқымаудар тере- зелер, трояндар (вирустық программа) және қадағалау программалары.

Қосымша ақпарат

1. «Жүйедегі стартапты алға жылжытудың толық әдістемесі»: <https://rusability.ru/internet-marketing/polnoe-rukovodstvo-po-prodvizheniyu-startapa-v-seti/>.
2. Бірнеше кезеңдермен алғашқы хабарландыру жасаңдар: https://ads.google.com/intl/ru_ru/home/how-it-works/
3. Яндекс Директ жарнама жүйесі. <https://direct.yandex.ru/>
Іздеу жүйелерінде және әлеуметтік желілерде жарнаманы, email-хаттарды, Интернеттегі беделін басқаруды алға жылжытуда максималды нәтижеге қол жеткізу үшін әдетте кешенді әдістер қолданылады.



1. Тауарды алға жылжыту идеясының мәні неде?
2. Тауарды алға жылжыту әдістері қандай?
3. Интернетте тауар немесе қызметті қалай алға жылжытуға болады?
4. Әлеуметтік желілерде тауарлар немесе қызметтерді алға жылжытудың әдістері мен тәсілдерін сипаттаңдар.



1. Төмөнде берілген қадамдар бойынша өнімді алға жылжытуды орындаңдар:
 - 1-кезең. Потенциал клиенттер үшін ақпарат дайындаңдар.
 - 2-кезең. Мәліметтерді беру үшін арнаны таңдаңдар.
 - 3-кезең. Тұтынушыға ақпаратты жеткізіңдер.
 - 4-кезең. Кері ақпарат алыңдар.
 - 5-кезең. Тауарды алға жылжыту бойынша жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігін бағалаңдар.
 - 6-кезең. Қорытынды шығарыңдар.
2. Әзірлеген мобилізді қосымшаларың алға жылжуда деп елестетіңдер. Қосымшаларыңды алға жылжыту алдында келесі сұрақтарға жауап беріңдер.
 - 1) Алға жылжыту сендерге не үшін қажет? Сендер көбірек сатқыларың келе ме, алде жақтаушыларға ие болуға тырысасыңдар ма?

Егер сендер бағаны уақытша төмөндесеңдер, сатуды ынталандыруға болады. Уақытша тегін программаны ұсынатын болсандар, сендер жанкүйерлерге ие боласыңдар.

Қосымшаны алға жылжыту үшін дәл осы себептер жеткілікті ме?

 - 2) Алға жылжытуға арналған бюджет қанша?
 - 3) Алға жылжытудың табыстылығын қалай бағалауға болады? (Қосымшаның жүктелу саны, жазылуышылар мен электрондық пошта мекенжайларының саны нәтиже болуы мүмкін).
 - 4) Сендердің қосымшаларыңды алға жылжытуға ең қолайлысы қай нұсқа?
3. Сендердің қосымшаларыңды алға жылжыту заңдар мен ережелерге қайшы келмеуін қамтамасыз ету үшін Қазақстан заңнамасымен танысыңдар. Мына сайттағы материалдармен танысыңдар <https://online.zakon.kz>, («Сауда қызметін реттеу туралы» ҚР Заңы, «Бөлшек сауда ережелерін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі).
4. Статистикаға сүйенсек, жас жобалардың 21%-і нарықта өз өнімдерін пайдаланатын мақсатты аудиториясын таба алмағандығының себебінен жеңіліске ұшырағанын айтады. Неге бұлай болып жатыр? Шешімдерінді ұсыныңдар.
5. Төмөнде кестеде басекелестікке негізделген әртурлі қаржылық мүмкіндіктерді ескере отырып, жобаны алға жылжыту бойынша ұсынымдар берілген (Хьюз Дж. В яблочко! Маркетинг приложений для iPhone и iPad кітабинан). Осы ұсыныстар сендердің қосымшаларың үшін сәйкес келе ме, ойланыңдар. Алға жылжыту бойынша өз нұсқаларыңды ұсыныңдар.

«Конкурс»

Женімпаздармен байланысу үшін қатысушылар аттарын, электрондық пошта мекенжайларын, телефон немірлерін жібереді.

Мақсаты: Болашақ алға жылжыту немесе женілдік ұсыныстар үшін клиенттердің деректер базасын құру. Бұл мақсатқа жету үшін конкурс ұйымдастырылады.

Бюджеттің көлемі	Алға жылжытулар бойынша ұсыныстар
Ақша жоқ	Ұсыныс шектеулі мерзімге дейін тегін немесе арзан бағамен.
\$500-ға дейін	<p>Конкурс: қосымшаны қолданудың ең креативті нұсқасын ұсынған женімпазға iPhone немесе iPad-ты сыйланадар.</p> <p>Конкурс бірнеше алға созылуы керек.</p> <p>Конкурс: ең жақсы деген бес жоба авторларына бес \$100-лық сыйлық картасын тапсырындар.</p> <p>Сыйлықтар: қосымшаларыңды пайдалану туралы әңгімелеп берген барлық пайдаланушыларға кітаптар, онлайндық қосымшаларды әзірлеу курстары, футболкалар, қақпақтар сыйланадар.</p>
\$1000-ға дейін	<p>Барлық алдыңғы нұсқалар немесе</p> <p>Конкурс: қосымшаларыңды шығармашылық және жаңашыл түрде қолданатын адамға сыйлықта MacBook ұсынындар.</p>
\$1000-дан жоғары	<p>Барлық алдыңғы нұсқалар немесе</p> <p>Конкурс: белгілі бір орынға саяхат жасау. Сайтта женімпаздың аты-жөнін және өтінішті қалай қолданғанын сипаттап, баспасөз релизиң жариялаңдар.</p>

5.3. IT STARTUP ЖӘНЕ ЖАРНАМА

Оқып-үйренесіндер	Тірек сездер	Қызықты мағлұматтар
• Маркетингтік рекламаны құруды.	<p>Жарнама – Реклама – Advertising</p> <p>Жарнама тақырыбы – Рекламный заголовок – Advertising headline</p>	Алғаш рет іздеу жүйелерінің қажеттіліктері үшін сайтты алға жылжыту 90 жылдардың ортасында ұсынылды. Кейінірек, 1997 жылы Билл Гросс контенттің тақырыбына байланысты негізгі (түйінді) сездер бойынша іздеу натижелерінің беттерінде жарнамалар орналастыруға мүмкіндік беретін жүйені патенттеді. Осылайша мәммәтіндік жарнама жүйесі пайда болды.

ЕСТЕ САҚТАНДАР

Жарнама – бұл қызығушылықты қалыптастыру немесе қолдау мақсатында жарнама объектісіне назар аударуды үйімдастыруға байланысты іс-шара.

Жарнама – тұлғалардың белгісіз санына арналған таратылған және (немесе) кез келген түрде кез келген құралдың көмегімен орналастырылатын жеке немесе занды тұлға, тауар, тауарлық белгі, жұмыс, қызмет және оларды дамытуға қызығушылықты қалыптастыруға немесе сақтауга арналған ақпарат.

«Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

ЖАРНАМА ЖАСАУ ӘДІСІ

Кез келген жарнама беруші ұмытылмас және бірегей жарнамаға қызығушылық танытады.

Үлкен әрі әртүрлілігіне қарамастан, тиімді жарнама бес негізгі элементтен тұрады: тақырып, әсер ету «батырмалары» немесе ыстық батырмалар, фотосуреттер/суреттер, құнды және қолжетімді ақпарат.

Жарнамалық тақырып жарнаманың мәні және оның атауы болып табылады. Сондықтан ол көзге түсіп қана қоймай мағыналы болуы да керек.

Әсер ету «батырмалары» сатып алушыларды сатып алуға түрткі болатын сезімдері мен эмоцияларына әсер ету үшін жасалған.

Фотосуреттер мен суреттер арқылы зат туралы әсерді сөздік сипаттауға қарағанда оңайырақ сипаттауға мүмкіндік береді.

Өнімнің құндылығы туралы ақпарат – ол тұтынушыға өнімнің қажет екенін дәлелдеуге арналған. Ол үшін клиентке жарнама арқылы өнімдерінді немесе қызыметтерінді сатып алса, өмірінің қалай өзгеретінін және ұсыныстарды ұстанып, қандай артықшылықтарға ие болатынын түсіндіру.

Өнімнің қолжетімділігі туралы ақпарат – сатып алуға дайын екендігін көрсетеді: жарнамадағы сауда орталығы, кеңсе және Интернет-дүкен мекенжайлары мен телефондарымен бірге оларға бару жолының сызбанұсқасы, телефон арқылы және үйге тапсырыс беру мүмкіндігі туралы ақпарат беріледі.

Жарнама жоғарыда аталған элементтердің біреуі болмай қалғанда да жұмыс істейді, бірақ жарнамада барлық бес негізгі компонент қатысса, әсері күшіе түседі.

Жарнама құруда инфографиканы, видеоны (видео туралы 10-сыныпта қарастырғансындар) қолдануға болады.

Инфографика – деректерді немесе идеяларды визуализациялау, оның мақсаты күрделі ақпаратты аудиторияға тез және түсінікті жеткізу. Инфографиялық құралдар, суреттерден басқа график, диаграмма, сызбанұсқалық кесте, кесте, карта, тізім қамтуы мүмкін.

Инфографика арнайы қосымшалардың және/немесе мамандандырылған программалық жасақтамасының көмегімен жасалады: *Easel: https://www.easel.ly/, Piktochart: https://piktochart.com/* және т.б.

Инфографика құру бойынша кеңестер:

- мәтінді пайдалануды барынша азайту;
- инфографиканы мобиЛЬДІ байланыс пайдаланушылары көре алатындей етіп сыйымдау;

- ерекше тәсілдерді қолдана отырып, таңғажайып фактілерді көлтіру;
- тамаша дизайнға назар аудару;
- қызықты тақырыпшаларды қолдану.



Жарнама жасауға арналған көптеген программалар мен онлайн қызметтер бар. Мысалы, **RenderForest** бұлттық қоймаға негізделген. Ол – YouTube-те видеоролик құруға арналған видеомейкер (видеоні өңдеу бойынша программа), эксплейнер (түсіндіретін видео), слайд-шоу, мобильді қосымшалар, іс-шараларға шақырулар, корпоративтік презентациялар, инфографика және т.б. үшін жарнамалық видео құруға арналған құрал.

1. Жарнама тақырыбын таңдаңдар.

2. <https://www.renderforest.com> сайтын ашыңдар және <https://www.renderforest.com/ru/quick-start-guide> нұсқаулығы бойынша бейнежарнама құрыңдар.

3. Бес санаттан үлгіні (шаблонды) таңдаңдар: жарнамалық, интро және лого, анимациялар, слайд-шоу, типографика және әуенде визуализациялау.

4. Өз үлгілерінді жасаңдар және өңдеңдер. Өңдегеннен соң видеоны қарап шығыңдар. «Менің видеоларым» бетінде өңделген видеоны табыңдар.

5. Панельде орналасқан профиль бетіне өтіңдер. Мұнда «**Менің бейнелерімді RenderForest галереясында көрсетуге рұқсат беруді**» табуға болады. Белгіні алып тастаңдар және **Өзгертулерді сақтау** батырмасын басыңдар.



1. Жарнама дегеніміз не?

2. Тиімді жарнаманы ойластыру жолдары туралы не білесіңдер?

3. Жарнаманы қалай жасау керек?


4. Жарнаманы жасау процесі қандай кезеңдерден тұрады?

5. SMM терминдер сөздігін құрастырыңдар.




Piktochart әлеуметтік сервисінде Көмекші мобильді қосымшаның баннерлік жарнамасын жасаңдар. Piktochart онлайн-редакторы ИНФОГРАФИКА форматында ақпаратты азірлеуге және ұсынуға арналған. Қосымшадағы 400-ден астам кәсіби әзірленген ИНФОГРАФИКА үлгісі бар, олар мәтінді визуалды асерлер, фотосуреттермен оқай біріктіреді.

1. Piktochart сайтын ашыңдар. Бұдан әрі сайтта тіркелу қажет, ол үшін сайттың жоғарғы оң жақ бұрышында **Sign Up** батырмасын басыңдар (5.3.1-сурет).



5.3.1-сүрет. **Piktochart.com** сайты

2. Электрондық пошта мекенжайын пайдалана отырып тіркелуге немесе Google немесе Facebook тіркеулік жазбасын пайдалануға болады (5.3.2-сүрет).



5.3.2-сүрет. **Piktochart.com** сайтында тіркелу

3. Ашылған экранда пайдаланушы түрлендіру үшін қолайлыштың ішінде (шаблонды) немесе ИНФОГРАФИКА жасау үшін жұмыс өрісін таңдайды (**Create your own infographic** өріси) (5.3.3-сүрет).




5.3.3-сурет. Инфографика құру

4. **Free Templates** бірінші қосымша бетінде тегін үлгілер бар. Улғіні тандағаннан кейін курсорды үлгінің бейнелеуге апaryп, белсендірілген **Create** батырмасын басу керек (5.3.4-сурет).




5.3.4-сурет. Улғіні тандау

5. Сол жақ тәменгі бұрышта **Tour** батырмасы бар, оны басу арқылы бейне нұсқаулығы бар роликті көруге болады. Жүктелетін жұмыс өрісінің ортасында түрлендіру үшін таңдалған үлгі орналасады (5.3.5-сурет). Жұмыс аймағының үстінде файлмен жұмыс істеу үшін **file** батырмасы бар (жаңа жобаны жасау, белгілі бір пішімде сақтау, файлды сурет ретінде жүктеу, басып шығару параметрлері) (5.3.6-сурет).




5.3.5-сурет. Таңдалған үлгі




5.3.6-сурет. Программалық жұмыс терезесі

Ары қарай артқы фонды таңдау қажет (5.3.7-сурет).




5.3.7-сурет. Артқы фон

Содан кейін фонның түсін (5.3.8-сурет) таңдау керек және графикалық сурет қою (5.3.9-сурет) керек.




5.3.8-сурет. Түс таңдау




5.3.9-сурет. Графикалық сурет қою

Сонан соң мәтінді қоюға және оны өндеуге болады (5.3.10–5.3.11-суреттер).




5.3.10-сурет. Мәтін қою




5.3.11-сурет. Мәтінді өңдеу

Суретті сақтау үшін **Save** батырмасын басу керек (5.3.12-сурет). Алынған инфографиканы **Download** (5.3.13-сурет) батырмасын басу арқылы жүктеуге болады.



5.3.12-сурет. Инфографиканы сақтау



5.3.13-сурет. Инфографиканы жүктеу

1. Келесі сұрақтарға жауап беріңдер.


1. Жоспарланған жарнаманы пайдаланушылар қабылдамаса ше?
2. Жарнаманы қызықты әрі тартымды етіп қалай жасауға болады?
3. Нақты нені жарнамалайтындарыңды анықтаңдар: тауарлар, қызметтер, ақпараттар, платформа, аудитория.
4. Қандай жарнама берушіге сенің жарнамаң қызығушылық танытады, қандай мақсаттық аудиторияға бағытталған?

V БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Стартап (ағылшын тілінде «*startup company, startup, әріп*» – «бастап кету, іске қосу») – ...

ауқымды	бизнес-модельді	уақытша
және	табу үшін	ұйым
тиімді	жасалған	

2. Стартаптардың даму сатыларын ретімен көрсет.



3. Краудфандинг ...

бизнес идея	идеяны	жинау
немесе	қаржыландыруға	платформасы
кез келген	қаражат	

4. Сәйкестікті табыңдар. Краудфандинг түрлері

1) Өтеусіз қорларға негізделген Краудфандинг	A) Жобаның бастамашылары тегін емес, несие түрінде қаржыландыру алады
2) Несиеге негізделген Краудфандинг	B) Бұл нұсқа қайырымдылық саласына қатысты
3) Сыйақыға негізделген Краудфандинг	C) Жобаны дамытуға шағын инвестициялар салу арқылы инвесторлар белгілі бонусқа ие болады
4) Бизнестен өз үлесін алуға негізделген Краудфандинг	D) Жобаны қаржыландырғаны үшін сыйақы ретінде инвестор белгілі бір үлес алады

5. Жобаны Интернетте алға жылжыту құралдарына жатпайды:

- A) меншікті сайт;
- B) SEO-оңтайландау;
- C) баннерлік жарнама;

- D) мәнмәтіндік жарнама;
- E) әлеуметтік желілер;
- F) email-жіберілім;
- G) бейне жарнама;
- L) газета;
- I) диск.

6. Сөйлемді аяқта.

Мәнмәтіндік жарнаманың екі түрі болуы мүмкін ... немесе,

Соңғы іздеу жүйесіндегі мәнмәтіндік жарнамалар беттердің әртурлі аймақтарын қамтуы мүмкін:

... – беттің жоғарғы жағындағы іздеу нәтижелерінен жоғарыда бірден үшке дейін жарнамалық хабарландырулар.

... іздеу нәтижелерінің оң жағында дәстүрлі түрде орналасатын бірден төртке дейін жарнамалық хабарландырулар. Кепілдендірілген демонстрациялар астында орналасқан хабарландырулар, олар бірден беске дейін болуы мүмкін.

7. Артығын табыңдар. Тиімді жарнама келесі негізгі элементтерден тұруы керек:

- A) жарнамалық тақырыпат;
- B) әсер ету «батырмалары»;
- C) фото және сурет;
- D) қызметтің (өнімнің) құны туралы ақпарат;
- E) қызметтердің (тауарлардың) қолжетімділігі туралы ақпарат;
- F) түсіндіруші мәтіндер;
- I) аудио немесе бейне.

V БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС

Жобаға арналған идея – өз аймағында шағын бизнесті алға жылжыту.

Жобаның мақсаты: өнімдерді сатуды Интернет-дүкенін алға жылжыту және дамыту арқылы арттыру (сайт, мобиЛЬДІ қосымша, ойын, программа және т.б.).

Жоба бойынша жұмыс

1. Командаға ат беріндер, логотип таңдаңдар, ұран жазыңдар. Соңғы өнімнің атауын ойластырыңдар. Команда мүшелері арасында қызыметтерді бөліндер.

2. Тұжырымдаманы қалыптастырыңдар (жобаның өзектілігі, қол жеткізгілерің келетін мақсаттар, жобаның түпкілікті нәтижесін, соңғы өнімді сипаттау).

3. Барлық қатысушылар үшін қолжетімді жобаның бүлттық қоймасын құрыңдар. Бірлескен әрекеттер жасау үшін ортақ бумаларды құрыңдар. Мысалы, **Жоспар, Суреттер, Жарнама, Контент, Ұлгі** және т.б. Барлық файлдарды қашықтан және ортақ пайдалану бумаларында сақтаңдар.

4. Әрбір кезеңді аяқтағанда алынған нәтижені сипаттаумен жобаны кезеңдерге бөлу арқылы жобаны жүзеге асырудың жоспарын құрыңдар. Нәтижені сипаттаңдар: егер сайт болса – беттер мен навигация сызбасы, егер қосымша болса – терезелік формалар, графикалық элементтер.

5. Жобаны жүзеге асыруға жұмсалатын қараждатты есептеңдер. Жабдықтарды және программалық қамтамасыз етуді, уақыттық шығындарды, амортизацияны және форс-мажорлық жағдайларды сметаға қосыңдар.

6. Жобаны жүзеге асыруға арналған программалық құрылғыларды таңдаңдар: IDE, редакторлар, конструкторлар. Сарапшылардан кеңес алыңдар.

7. Тұпнұсқасын құрыңдар. Бұл жобаның бірінші нәтижесі болып табылады. Тұпнұсқа негізгі функцияларды орындауы керек және негізгі идеяны жүзеге асыруы керек.

8. Жобаны тестілеңдер. Жоба нұсқасын достарыңа және сыйыптастарыңа қолдануға беріндер. Кеңестер мен ескертүлерді жазып алыңдар және сақтаңдар.

9. Ескертүлер мен алғашқы мақсатқа сәйкес жобаны толықтырыңдар.

10. Жобаны ұсыныңдар.

11. Жобаны алға жылжыту жолдарын таңдаңдар – блог, әлеуметтік желілер, баннерлік жарнама, ақпараттық мақалалар және т.б.

Қосымша ақпарат

Өнімді алға жылжытудың тағы бір әдісі – жазбалардың үнемі жаңартылған жиынтығы және кері байланысты қолдауды көрсететін блог. Мұндай жазбаларда иллюстрациялар, бейнебаяндар (видеоклиптер), аудиожазбалар, сондай-ақ Интернетте жарияланған басқа ресурстарға сілтемелер бар. Интернеттегі барлық блогтардың жиынтығы **блогосфера** деп аталады.

Қазіргі таңда Интернетте өз блогтарын жасау және қолдану өте танымал.

Білім блогтарын жасау үшін ең табысты платформа – **Google компаниясының Блоггері** (<http://www.blogspot.com>).

Өз блогыңды жаса

1. Тақырыбы мен атауын ойластырыңдар. (Не туралы жазғың келетінін анықта.)

2. Блог үшін хостингті таңдап, доменді тіркендер.

3. Платформаны таңдап, блогты реттеңдер.

4. Пост жазу және жариялау. Өз блогыңды сапалы мазмұнмен толтырыңдар.

Ол үшін:

- ашқың келетін тақырыпты таңдаңдар;

- егер сендер өз тәжірибелеріңнен жазбасандар, онда желіде материалдарды зерделендер;

- мақала құрылымын құрастырыңдар - негізгі тармақтардың тізімі;

- олардың әрқайсысын ашыңдар;

- сайтқа пост қосыңдар, оны консольге рәсімдендер және жарияландар.

Келесі тақырыпты таңдап, қайтадан барлық тармақтарға өтіндер. Мақалаларды көп қараған сайын, келушілер мен потенциал клиенттер көп болады.

5. Блогты дамытыңдар. Ол үшін электрондық пошта, әлеуметтік желілер, қонақ посттарын жариялау және т. б. пайдалануға болады.

Блоктардың тақырыптары

1. «Өміріңізді жеңілдететін лайфхактар».

2. «Тайм-менеджмент: өз уақытын қалай бөлуге болады».

3. «Заттарды сақтауды үйимдастыру».

4. «Ақша қайда жұмсалады? Үнемдеп жұмсау жолдары».

5. Еркін тақырып.

V БӨЛІМНІң ТҮЙІНДЕМЕСІ

- ✓ **Стартаптың мақсаты** – жедел өсу мақсатымен төтенше белгісіздік жағдайында бизнес моделін іздеу. Нарықта кіріс алуға арналған алдын ала жоспарланған іс-әрекеттердің (бизнес-процесстердің) реттілігі **бизнес-модельді** сипаттайты. Оны жүзеге асыру үшін **бизнес-жоспар** құжаты әзірленеді.
- ✓ Стартаптар әдетте бизнес-модель бойынша бөлінеді: **жедел, масштабатлатын, сатылатын** немесе **әлеуметтік жоба**.
- ✓ **Краудфандинг** (халықтық қаржыландыру, ағылшын тілінен crowd funding, crowd – «топ», funding – «қаржыландыру») – бизнес идея немесе кез келген идеяны қаржыландыруға қаражат жинау платформасы.
- ✓ **Краудфандинг түрлері:** өтемақысы қайтарылмайтын қорларға негізделген, яғни қайырымдылық; несиеге негізделген; марапатқа негізделген; бизнестен өз үлесін алуға негізделген.
- ✓ **Маркетингтік стратегия** сатып алушыға сатып алу және жарнамалашу туралы шешім қабылдауға көмектеседі, сондай-ақ компаниялар қоғамға әсер ететін тауарлар, қызметтер, идеялар, әлеуметтік әрекеттер туралы хабарлайтын ақпаратты таратудың формасы.
- ✓ Интернетте **жобаны алға жылжыту құралдары**: 1. Жобаның веб-сайты; 2. SEO-оңтайландыру; 3. Баннер. 4. Мәнмәтіндік жарнама; 5. Таргеттелген (мақсаттық) жарнама; 6. Әлеуметтік желілер; 7. Электрондық хаттар; 8. Бейнекарнама.
- ✓ **Жарнама** – бұл қызығушылықты қалыптастыру немесе қолдау мақсатында жарнама объектісіне назар аударуды үйімдастыруға байланысты ішшара.
Тиімді жарнама бес негізгі элементтен тұрады: 1. Жарнамалық тақырып; 2. Әсер ету «түймелері»; 3. Фотосуреттер мен суреттер; 4. Өнімнің құндылығы туралы ақпарат; 5. Өнімнің қолжетімділігі туралы ақпарат.

VI бөлім. ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

6.1. ҚАЗАҚСТАНДЫ ЦИФРЛАНДЫРУ

Оқып-үйренесіндер	Түйін сөздер	Қызықты мағлұматтар
<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандағы цифрландыру процесінің заманауи процестерін талдауды. 	Цифрлық сауаттылық – Цифровая грамотность – Digital gramotnosti Компьютерлік сауаттылық – Компьютерная грамотность – Computer literacy	Ұлттық цифрландыру бағдарламалары 15 елде, соның ішінде Қазақстанда жүзеге асырылуда. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасынан күтілетін нәтиже – тұрақты дамуды қамтамасыз ететін және экономиканың басекеге қабілеттілігін арттыратын цифрлық экожүйені дамыту. Робототехника және Интернет касіпорындар мен өндірісті жаңғырудың негізі болып табылады. IT қызметіне сұраныс артуда. (<i>digitalkz.kz</i> сайт материалдарына негізделген).




Цифрлық сауат және компьютерлік сауаттылық ұғымдарын не біріктіреді және олардың айырмашылығы неде? Бұл түсініктерді бірдей деп санауға бола ма?

Соңғы жылдары Қазақстанда адам қызметінің барлық салаларын автоматтандыру және компьютерлендіру жүзеге асырылып, қызмет сапасы жаңа деңгейге көтерілді.

Қазіргі таңда цифрлық технологиялармен алмастырылмаған адам қызметінің маңызды саласын табу мүмкін емес: тұлғааралық қарым-қатынастарды, кез келген бағытта кәсіби қызметті, білім беруді, қызметтерді алушада, демалыс және тағы басқа да салалар қамтылған.

Кез келген Интернет пайдаланушысы әртүрлі ақпаратқа қол жеткізе алады. Цифрлық технологиялар тек жоғары технологиялық қатынас құралы ретінде ғана емес, білім беру мен жұмыс істеу құралы ретінде де қолданылады. Сонымен бірге компьютерлендіру қарқыны көптеген пайдаланушылардың дағдылары мен қабілеттерінің болуын алға тартуда. Осылан байланысты халықтың цифрлық сауаттылық мәселесі туындағы (6.1.1-сурет).



6.1.1-сурет. Цифрлық және компьютерлік сауаттылық арасындағы байланыс



Цифрлық сауаттылық нені қамтиды?

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ КОМПОНЕНТТЕРИ

Негізгі цифрлық дағдылар:

Сенімді пайдалану

- Компьютер, ноутбук, мобильді құрылғылар, Интернет желісін;
- ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау дағдылары, Интернет желісінде қолдану, қаржылық операцияларды жүргізу кезінде деректерді қорғау;
- «Электрондық үкімет» және мемлекеттік қызметтер;
- «Ашық үкімет» сервистерін;
- тауарлар мен қызметтерді сатып алуды және сатуды алға жылжытуды қамтитын «электрондық сауда».

Кәсіби цифрлық дағдылар:

Сенімді игере алу

- цифрлық құрылғыларды (цифрлық фотоаппараттар, бейнекамералар және т. б.) қолданудың Медиа дағдылары;
- кәсіби қызметте бағдарламалық-аппараттық шешімдерді қолдану дағдылары.



<https://digtalkz.kz/cifrovaya-gramotnost/> сайт материалдарымен танысындар және келесі сұрақтарға жауап беріңдер:

Сендер цифрлық сауаттылықтың қандай дағдыларын игердіңдер?

Сандық сауаттылықтарында арттыру үшін қандай дағдыларды дамытқыларың келеді?

Цифрлық сауаттылықтың қандай аспектілері болашақ мамандықтарындағы кәсіби қызметтеріңмен байланысты? XXI ғасыр дағдыларымен сандық дағдылардың өзара байланысына талдау жасандар.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЦИФРЛАНДЫРУ

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Экономиканы және қоғамды «цифрландыру» (ағылш. *digitization, digitalization*) термині негізінде әлеуметтік-экономикалық салада цифрлық технологияларды жаппай енгізу арқылы ақпаратты іздеу, жасау, өңдеу және олармен жұмыс істеу деп түсініледі.

Қазіргі таңда цифрландыру – Қазақстан Республикасының дамуының басты бағыттарының бірі. Ел экономикасын трансформациялаудың негізін қалаған және болашақтағы цифрлық экономикаға көшудің негізін қалаған негізгі құжаттарды қарастырайық.

«Ақпараттық Қазақстан-2020» Мемлекеттік бағдарламасы (2013)

Бағдарлама мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, «ашық және мобильді үкімет» құру және ел азаматтары үшін ақпараттық инфрақұрылымға қол жеткізуіне жағдай жасап, ақпараттық қоғамға көшу үшін негіз болды.

«Ақпараттандыру туралы» Заңы (2015) (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген ҚР 2019 жылғы 3 шілде №262-VI)

Заң ақпарат объектілерін құру, дамыту және пайдаланудан туындастын ақпарат саласындағы әлеуметтік қатынастарды реттейді. Ақпарттандыру саласындағы мақсаттарға жету үшін шешілуі керек болатын негізгі міндеттер:

- ақпараттық қоғамды қалыптастыру және дамыту;
- электрондық үкіметті және электрондық әкімдікті дамыту;
- цифрлық сауаттылықты арттыру;
- өндірістік процестерде заманауи АКТ-ны әзірлеу және енгізу үшін жағдай жасау;
- отандық АКТ саласының дамуына және қалыптасуына ықпал жасау;
- мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді және телекоммуникация желілерін қорғау, дамыту, қалыптастыру, олардың бірыңғай ақпараттық кеңістіктегі өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету және т.б.

«Қазақстанның киберқалқаны» киберқауіпсіздік тұжырымдамасы (2017)

Құжат электрондық ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер және телекоммуникация желілерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың негізгі бағыттарын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуді айқындаиды.

Тұжырымдама ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік стратегиясының негізгі қағидаларын, Қазақстан Республикасында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары мен тәсілдерін қамтиды.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2017)

Бағдарламаның мақсаты – цифрлық технологияларды қолдану арқылы экономиканың даму қарқынын арттыру және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, цифрлық экономикаға көшү үшін жағдай жасау.

«**Қолданыстағы экономиканы цифрландыру**» – нақты сектордағы нақты жобаларды, экономиканың қолданыстағы секторларын цифрландыру және технологиялық жаңғыру жобаларын, мемлекеттік органдар мен цифрлық инфрақұрылымды дамытуды қамтамасыз ету.

«**Болашақтың цифрлық индустриясын құру**» – адам капиталын дамыту деңгейін арттыру арқылы елдің цифрлық трансформациясын іске қосуды қамтамасыз ету, цифрлық экожүйені инновациялық және прогрессивті дамыту институттарын құру.

Бірінші бағыт: «**Экономика салаларын цифрландыру**» – өндірістің еңбек өнімділігін және капиталданыруды арттыратын жаңа технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, экономиканың дәстүрлі салаларын түрлендіру.

Екінші бағыт: «**Цифрлық мемлекетке көшу**» – қажеттіліктерін болжай отырып, мемлекеттің функцияларын халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде түрлендіру.

Үшінші бағыт: «**Цифрлық Жібек жолын іске асыру**» – мәліметтерді беру, сақтау және өңдеу үшін жоғары жылдамдықты және қауіпсіз инфрақұрылымды дамыту.

Төртінші бағыт: «**Адам капиталын дамыту**» – білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін «креативті қоғам» құру.

Бесінші бағыт: «**Инновациялық экожүйе құру**» – бизнес, ғылым және мемлекет арасындағы тұрақты байланыстары бар технологиялық касіпкерлікті және инновацияны дамыту үшін жағдай жасау.



<https://digitalkz.kz/ru/o-programme/> сайтындағы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру бойынша материалдарды талдаңдар және төмендегідей сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бағдарламаның негізгі міндеттері қандай?
2. Бағдарлама бағыттары бойынша мақсатты индикаторлар мен көрсеткіштер қандай?
3. Білім беру туралы қай бағытта айтылады?
4. «Smart City» ұғымына не жатады?
5. «Ақылды қалалар» өнірлік дамудың, бүкіл елде өмір сүру саласын артырудың және инновацияның таралу локомотивтері болатынына мысалдар келтіріндер.
6. Бағдарламаның әрбір бағытының практикалық пайдасы неде?
7. Цифрлық мемлекеттің артықшылығы неде?



Сендердің аймақтарындағы цифрландыру процесінің заманауи процесстерін талдаңдар.



Google формалары арқылы онлайн зерттеуді үйімдастырыңдар – 10 сұрақ қойындар және сыныптастарыңа өз деңгейін 5 ұпайлық шкала бойынша анықтауды ұсыныңдар. «Цифрлық сауаттылық бойынша дағдыларым қандай?» сауалнамасын жасау үшін төмендегі талаптарды негізге алыңдар:

1. Компьютердің негізгі, қосымша құрылғыларын және олардың жұмыс істеу принциптерін білемін.
2. Компьютерде файлдар және бумалярмен әртүрлі әрекеттерді орындаі аламын.
3. Мәтіндік редакторда күрделі мәтіндерді жасауды және форматтауды білемін.
4. Формулаларды қолданып, электронды кестелерді құраймын.
5. MS Access программасында негізгі ұғымдарды және мәліметтер базасын құруды білемін, оның негізінде есеп берулерді дайындаімын.
6. Презентация жасауды және ұсынуды білемін.
7. Интернеттің түрлі қызметтерін пайдаланамын.
8. Бұлтық технологиялардың мүмкіндіктерін қолданамын.
9. Цифрлық технологияларды (смартфон, интерактивті тақта және т.б.) пайдалана аламын.



Осы бағыттардағы білімдеріңнің жалпы деңгейін қандай ұпайлармен бағалар едіндер? Заманауи адамның АКТ саласында тағы нені білуі маңызды деп ойлайсыңдар? Зерттеу нәтижесі бойынша хабарлама дайындаңдар.

<https://it-gramota.ru/> материалдармен танысыңдар және «Цифрлы азамат» тестілеуінен өтіндер <https://it-gramota.ru/>.

6.2. BLOCKCHAIN (БЛОКЧЕЙН) ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Оқып-үйренесіндер	Түйін сөздер	Қызықты мағлұмattар
• Blockchain технологиясының маңаты және жұмыс істеу принциптерін.	Блокчейн – Блокчейн – Blockchain Транзакция – Транзакция – Transaction Биткоин – Биткоин – Bitcoin Валидация – Валидация – Validation	Мамандардың мәлімдемелері бойынша блокчейн технологиясын кеңінен қолдану ақпараттық әлемдегі елеулі өзгерістерге әкеледі. Бұл қаралайым түрде түсіндіріледі: деректерді орталықтан-дұрылған түрде сақтау, оларды рұқсат етілмеген өзгерістерден, мысалы, бұзып кіру, жалған көшірме жасау немесе кез келген бақылаудан қорғауға мүмкіндік береді.



Блокчейн қай жерде қолданылады және бұл технология қалай жұмыс істейді?

Қазіргі кезде бүкіл әлем бойынша адамзат **Блокчейн** технологиясы жайлы жиі естуде. Терминнің өзі осы технологияның маңаттарын ішінара сипаттайды. Жаңа блокты жазу үшін ескі блоктар туралы ақпаратты біртінде оқып шығу керек.


БЛОКЧЕЙН ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ИСТЕЙДІ?

Блокчейн жұмысының принципі әр оқиғаның қатысушысының қолында бар үнемі жаңартылып отыратын есеп кітабы ретінде ұсынылуы мүмкін. Кез келген оқиға осы кітапқа – **Bitcoin**, **Etherum** және т.б. криптовалютамен қаржылық операциялардан бастап президенттік сайлауда дауыс беру нәтижелері немесе сәйкестендіру деректеріне дейін енгізілуі мүмкін. Блокчейннің артықшылығы мынада: бұл кітаптың беттері (блоктары) бір мезгілде желідегі барлық пайдаланушыларда сақталады, үнемі жаңартылады және ескі беттерге сілтеме жасалады. Егер біреу кітаптан қандай да бір бетті «шығарып алып» немесе «жапсырып қою» арқылы жүйені алдауға тырысса, онда жүйе дереу осы кітаптың мындаған басқа нұсқаларына жүгінеді де, блоктың құрылымындағы сәйкессіздік бірден байқалады.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Блокчейн – бұл блоктар тізбегі. Блоктар – криптографиялық түрде ұсынылатын мәліметтер. Барлық блоктар тізбектелген, яғни өзара байланысқан. **Блокчейннің** ішіндеі барлық деректер жинақталып, үнемі то-лықтырылған деректер қорын қалыптастырады. Бұл деректер қорынан блокты жою немесе ауыстыру мүмкін емес.

Цифрлық жазбалар күрделі математикалық алгоритмдердің көмегімен «блоктарға» біркітіріледі. Шифрлеу процесін бір желіде жұмыс істейтін компьютерлер жүзеге асырады. Егер есептеулер нәтижесінде олардың барлығы бірдей нәтиже алса, онда блокқа бірегей цифрлық сигнатура (қолтаңба қою) тағайындалады. Реестр жаңартылып және жаңа блок қалыптасқаннан кейін, енді оның өзгерілуі мүмкін емес. Оған тек жаңа жазбаларды ғана қосуға болады. Сонымен қатар реестр желідегі барлық компьютерлерде бір уақытта жаңартылады. Барлық операциялар қатысушылар үшін ашық, өйткені мәліметтердің бәрі ортақ деректер қорына енгізіледі (6.2.1-сурет).



6.2.1-сурет. Блокчейн қалай жұмыс істейді?

БЛОКЧЕЙНДІ ҚАЙ ЖЕРДЕ ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ?

Бірнеше жылдың ішінде блокчейн технологиялық жаңалықтан ірі банк пен корпорациялар пайдаланатын құралға айналды.

Блокчейн технологиясы дамуының бастапқы кезеңінде криптовалюта үшін платформа ретінде болды. Содан кейін бұл технологияны қаржы институттары қолдана бастады. Қазіргі уақытта блокчейн заңбұзушылыққа жол бермейтін «ақылды келісімшарттарды» құруда және т.б. жүйелерде кеңінен пайдаланылуда. Мысалы, **Stampery** электрондық нотариусы блокчейн арқылы мәмілелер (транзакциялар) жасайды.

Қолданудың тағы бір саласы – бұл авторлық құқық пен жеке мәліметтер туралы заң. **Ascribe** қызметі суретшілерге және басқа да шығармашылық адамдарына блокчейн арқылы өзінің авторлығын растауға көмектеседі. **Civic (CVC)** және **UniqulID Wallet** қосымшалары биометрикалық қорғауды пайдаланатын адамдарға цифрлық идентификаторларды құруға мүмкіндік береді (оларды жалған жасауға болмайды және уақыт өте олар жеке куәлікті алмастыруы

мүмкін). Болашақта бұл технология ары қарай өз потенциалын ашатын болады (6.2.1-кесте).

Блокчейн технологиясын практикада қолдану нұсқалары

6.2.1-кесте

№	Қолдану нұсқасы	Қызметі	Қазіргі жағдайы
1	Цифрлық сертификаттарды сақтау	Сертификаттарды рұқсат етілмеген іс-қимылдардан қорғауға мүмкіндік береді	Жиі қолданылуда
2	DNS жүйесін құру	Домендерге атауларды қорғау	Бірнеше мысалдар әзірленіп қолданылуда
3	Тұрлі тауарлар мен мәмілелер	Смарт-келісімшарттар қолданылған мәмілелерді қорғау	Кейбір елдерде «ақылды келісімшарттар» жиі қолданылуда
4	Идентификациялау, қатынау құқығын растау	Ақпаратқа қауіпсіз қатынауды, оның құпиялығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді	Кейбір ірі шетелдік компаниялардың жұмысында қолданылады
5	Желілерді басқару	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету	Бірнеше жүйелермен қолданылады
6	Меншік құқығымен операцияларды жүргізу	Меншік құқығын растау мүмкіндігі	Әзірленген бірнеше платформа қолданылуда
7	Автордың құқығын растау	Зияткерлік мүлікті сақтау, оған қатысты құқықтарды (қауіпсіз) беру мүмкіндігі	Платформалардың аздаған саны қолданылуда
8	Ақпаратты басқару	Ақпаратты қауіпсіз сақтауды қамтамасыз етеді	Шетелдік ұйымдар қолданады
9	Электронды дауыс беруді ұйымдастыру	Дауыс беру нәтижелеріне өзгеріс енгізе алмау	Практика жүзінде кейбір желілік жобаларда қолданылады

БЛОКЧЕЙННИҢ КЕЛЕШЕГІ БАР МА?

Сарапшылардың көпшілігі блокчейннің болашағы зор деп есептейді, бірақ оның бірқатар қыындықтары бар.

171

Біріншіден, блокчейнді енгізу үшін көптеген қатысушылары бар ірі жүйелерді қайта құру қажет. Эрбір жүйе өзгерістерге қарсы тұрумен қатар, езінің қасиеті мен құрылымын сақтап қалуға тырысады. Мысалы, Швецияның үкіметі жер кадастрын ақырында блокчейнге көшіруде.

Екіншіден, блокчейн заңнамалық базамен реттелмейді. Бұл технологияға қатысты әлі нақты ұстаным азірленген жок, себебі одан туындаған тәуекелдерді бағалау қын.




1. Блокчейн деген не?
 2. Блокчейннің маңызын түсіндіріңдер.
 3. Блокчейн технологиясының жұмыс істеу принциптерін түсіндіріңдер.



1. Блокчейн технологиясының ерекшеліктері қандай? Оны қолдану саласын анықтаңдар.
 2. Блокчейн технологиясының артықшылықтары мен кемшілік түстарын атаңдар.
 3. Блокчейн авторлық құқық мысалында қалай жұмыс істейтінің түсіндіріндер (сыйбаны сзызыңдар).
 4. Сөзжүмбақтың сұрақтарын құрастырыңдар.

5. Сөзжұмбақты толтырып, негізгі сөзді табындар.





1. Блокчейн кемшілігінің бірі.
2. Қазіргі уақытта blockchain түрлі жүйелерде пайдаланылады, солардың бірі заңбұзушылықты жоютын ақылды ...
3. Блокчейн технологиясының дамуының бастапқы кезеңінде қандай валюта платформа ретінде пайдаланылды?
4. Криптографиялық түрде ұсынылатын мәліметтер.
5. Тізбек сезінің ағылшынша мағынасы (аудармасы)?
6. Блокчейн қауіпсіздігі мен толық жұмыс істеуіне жауап беретін желінің есептеу қуатын өлшеу бірлігі.
7. Кез келген физикалық тасымалдаушыда сақталатын және жеке аты мен кеңейтілуі бар мәліметтердің тізбекті жиынтығы.
8. Ең ескі криптовалюта.



1. Топта тақырыпты талдау үшін «Блокчейн қалай жұмыс істейді?» тақырыбына реферат дайындаңдар.
2. Төмендегі тұжырымдамалармен келісесіндер ме? Жауаптарыңды негіздендер.
 - Блокчейн және смарт-келісімшарттар – бұл әлемді едәуір өзгереттін технологиялар.
 - Болашақта еңбек нарығындағы көптеген кәсіптер қажет болмайды.
 - Бүгінгі жобалар біздің болашағымызды өзгерте бастайды.
 - Басқа адамдарға қамқорлық жасау мамандығы ең көп сұранысқа ие, себебі күтім мен эмоцияны автоматтандыру қын.
 - Болашақта автоматтандыру қағазбен құжат алмасуды ауыстырады, соның арқасында барлық өзара байланыстар жылдам жүреді.
 - Блокчейн – бұл болашағы бар серпіліс.
 - Блокчейн технологиясы өте күрделі, шын мәнінде, компаниялардың ешқайсысы оны үнемі пайдалана бермейді.
 - Блокчейннің пайдасы әлі де болса жеткіліксіз.
 - Криптография Интернеттегі тыңшылықтан (шилондықтан) қорғайды.
 - Желіде хабарламалар мен ақпараттарды шифрлемеуден, адамдардың жеке өмірі зардап шегеді.
 - Блокчейннің дамуымен болашақта жалғыз құнды ресурстар – ақпарат пен репутация болады.
 - Блокчейнді келісімнің қауіпсіздігіне кепілдік беретін транзакциялар мен олардың өзгермейтіндігі туралы барлық ақпараттардың қолжетімділігі деп түсінеді.
 - Қазіргі уақытта блокчейнді төлемге арналған жүйелерден басқа жерде кездестіре алмаймыз.

6.3. АҚПАРАТТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұмматтар
<ul style="list-style-type: none"> • Ақпарат пен зияткерлік меншікті қорғау қажеттілігін. «Авторлық құқық және сабак-тас құқықтар туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы»). 	<p>Ақпаратты қорғау және авторлық құқық – Защита информации и авторское право – Information protection and copyright</p> <p>Зияткерлік меншік – Интеллектуальная собственность – Intellectual property</p>	<p>Авторлық құқықтың түпнұсқалығын толық растайтын фотосуреттер оларды фотобанктерге орналастырғанға дейін жүргізіледі. Фотобанкте суретті сатып алу – бұл жоғары сапалы бейнелерді алудың заңды әрі қауіпсіз тәсілі.</p>

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Зияткерлік меншік – бұл әдеби, көркем, өнеркәсіптік және басқа да меншік түрлеріне арналған жалпы ұғым, яғни шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын мүлік.

салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Авторлық құқық – автордың мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтары.

Ақпараттандыру процесінің артықшылықтарымен қатар, жетістіктер нәтижелерінің де қауіпсіздікі қамтамасыз ету міндеттерімен үйлеспейтін дау-да-майды және жанжалдарды бейбіт жолмен шешу принциптерін сақтауға, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге бағытталған мақсаттарда қолданылу қаупі бар.

ҚР Конституциясының 20-бабының 2-тармағында әрбір азаматтың (мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда) заңмен тыйым

«Авторлық құқық және сабак-тас құқықтар»

туралы заң (1996 ж.) ғылым, әдебиет және өнер туындыларын (авторлық құқықты), спектакльдерді, қойылымдарды, фонограммаларды, программалар мен т.с. құру және пайдалануына байланысты пайда болатын зияткерлік меншік саласындағы қатынастарды реттейді.

Осы заңның 7-бабы авторлық құқық объектілерін белгілейді, олар мыналарды қамтиды:

- әдеби және сценарийлік шығармалар;
- хореография және пантомима шығармалары;
- мәтінді немесе мәтінсіз музыкалық шығармалар;
- аудиовизуалдық шығармалар;
- картиналар, мүсіндер, суреттер және басқа да өнер туындылары;
- қолданбалы өнер туындылары;
- архитектура, қала құрылышы, дизайн және ландшафт туындылары;

- фототүсіру жұмыстары және фотосуретке ұқсас әдістермен алғынған жұмыстар;
- карталар, жоспарлар, эскиздер, иллюстрациялар және география, топография және басқа ғылымдарға қатысты үшөлшемді жұмыстар;
- ЭЕМ-ға арналған программалар және басқа да жұмыстар. Бұл тізімге Интернетте жарияланған жұмыстарды, жұмыстың электронды нұсқаларын және т.б. жатқызуға болады. Авторлық құқық объектілеріне әдеби шығармалар ретінде қорғалған ЭЕМ-ға арналған программаларды жатқызуға болады.

Компьютерлік программалар құқықтық дәрежесі бойынша үш топқа бөлінеді: ***лицензиялық, шартты тегін және еркін таратылатын программалар.***

Тұлға әзірлеген программа қайта құрастырылған программамен бірге жұмыс істеуі үшін қажет болған жағдайда 24-бап бойынша дерекқордың көшірмесін занұды түрде иеленетін адамға автордың рұқсатының түпнұсқалық мәтінге объектілік кодты түрлендіру құқығы беріледі.

Компьютерлік программалардың авторлары мен авторлық құқық иелері авторлық құқық субъектілері болып табылады. Қосымша немесе программаның авторы әрқашан авторлық құқық иесі болып табылмайды. Компьютерлік программалар көбінесе жеке емес, ол қызметтік міндеттердің тәртібімен жасалады. Авторлық құқық иесі программаны өз еркімен тіркей алады. Егер компьютерге арналған программаның иесі өзі басқарғысы келсе, онда мемлекеттік тіркеу талап етіледі.

Қазақстанның авторлық қоғами және Қазақстанның авторлары мен орындаушылар қауымдастырылған Республикадағы авторлық құқықты қорғау мәселелерімен айналысады. «Авторлық құқықпен қорғалатын обьектілерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу тізілімінде ақпарат алу және оларды өзгерту» қызметі автоматтандырылған, оны «Ұлттық зияткерлік меншік институты» ақылы негізде жүзеге асырады (6.3.1-сурет.)

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ЗАҚ (2015 ж.) конституциялық құқықтың жүзеге асуынан туындайтын ақпаратқа қол жеткізу және ақпаратты тарату мәселелерін реттейді. Заманауи ақпараттық технологиялар ақпарат алмасу үшін техникалық түрде шексіз көлемді кеңістікті ашты. Ақпаратқа қолжетімділік туралы зақ халыққа мемлекеттік құжаттарға қол жеткізу құқығын береді және ақпарат иелерінің жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

«Интернеттегі ресурстарға ақпаратты орналастыру» туралы 16-бап және «Электрондық үкімет» веб-порталында ақпаратты орналастыру бойынша 17-бап ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл жерде өздерінің құзыреті шегінде Интернет-ресурстарға нарықтағы әділ бәсекелестік үшін қызмет туралы жалпы ақпаратты, ақпараттық ресурстар мен қызметтер туралы ақпаратты

және т.б. орналастыруға міндетті ақпарат иелері туралы айтылып отыр. Тек сенімді ақпарат болған жағдайда ғана қабылданған шешімдер экономикалық өсімге және демократияның дамуына ықпал етеді.



6.3.1-сурет. kazpatent.kz сайтынан скриншот

<http://adilet.zan.kz/docs/Z960000006> сайтында «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңымен (1996 ж.) танысындар. Заңда қолданылатын негізгі үғымдарды атаңдар.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2015) <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401>.

Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Ақпаратты сұрауға және оған қол жеткізуге кім құқылы?
2. Қандай ақпаратты шектеусіз алуға болады?
3. Қандай ақпаратты шектеулермен алуға болады?
4. Қажетті ақпаратты қандай әдістермен сұрауға және алуға болады?
5. Электрондық сұрау арқылы қандай ақпаратты алуға болады?
6. Электрондық сұраныстарды жіберу үшін қандай ресурстарды пайдалануға болады?

Лицензиясыз программалық қамтамасыз етуді рұқсатсыз пайдалану әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады.

Компьютерлік индустрия мәселелерінің бірі – әртүрлі қызмет бағыттарында білім беруде, ғылымда және өндірісте кездесетін плағиат.

Плағиатты анықтаудың компьютерлік әдістері бар. Мәтіннің бірегейлігін тексерудің онлайн-қызметтері – *antiplagiat.ru*, *text.ru*, *Advego.com* тексеру танымал болып табылады. Тексеру үшін тексеру терезесіне енгізілетін мәтін бөлігі болуы қажет. Программа алынған мәтінді көрсетіп, мәтіннің бірегейлігі туралы нәтиже береді. Программа Интернетте немесе өзінің плағиаттық базасында табылған кез келген мәтінді кірме мәтін ретінде қарастырады.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Плағиат – басқа біреудің өнер туындысының немесе ғылыми, техникалық шешімдерінің, өнертабыстарының авторлығын әдейі иелену.

Авторлық құқықтың бұзудың тағы бір түрі «**қарақыштық**» деп аталады. Авторлық құқық иеленушісімен рұқсат етілмеген программалық жасақтаманы көшіру, пайдалану және тарату. Бұл көбінесе программалық өнімдерді көшіру, программаны заңсыз орнату, лицензиялық шектеулерді бұзу болып табылады. Компьютерлік индустрия мәселелерінің бәрі әртүрлі қызмет бағыттарына енеді: білім беруде, ғылымда және өндірістегі кездесетін плағиат болып табылады.

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заң (2003 ж.) құқықтық қатынастарды белгілеу, өзгерту немесе тоқтатуды көздейтін электрондық цифрлық қолтаңбалармен расталған электрондық құжаттарды жасау мен пайдаланудан туынтайтын қатынастарды, сондай-ақ электрондық құжат айналымы саласындағы, оның ішінде азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасауда туынтайтын құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін реттеуге бағытталған.

Электрондық құжатқа қол қою үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалануды реттейтін «Электрондық құжат айналымына қойылатын талаптар» туралы заңының 7-бабына ерекше назар аудару керек. Осы бапта хабарламада электрондық поштаны алу туралы факті, уақыты және жіберуші туралы ақпараттардың болуы тиістілігі орнатылады. Мұндай хабарлама болмаған жағдайда, құжатты адресат алған жоқ деп есептеледі.



«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заңының барлық баптарын талқыланадар.



1. Сюжет, сценарий, кітап идеясын авторлық құқық деп қорғауға бола ма?
2. Авторлық құқықтармен қорғалмайтын объектілерге мысалдар келтіріңдер.
3. Ғылыми-техникалық саладағы интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне авторлық құқық беріле ме?
4. Келесі объектілер авторлық құқықпен қорғалуы мүмкін бе:
 - занбар,
 - өнімдер,
 - көліктер?
5. Суретті авторлық құқықпен қорғау мүмкін бе? Өнім атауы ше?
6. Программалық өнімге авторлық құқықты қалай тіркеуге болады?
7. Авторлық құқықпен қорғалған жұмысты қолданар алдында не істей керек?
8. Қандай жағдайларда автордың жұмысын пайдалануға рұқсат сұрамауға болады? Мысал келтіріңдер.
9. Адам суретін пайдаланған кезде бұл фотосуреттің авторының келісімі жеткілікті ме?
10. Фотосуретте суретtelген адамдардың рұқсатын алу қай кезде қажет емес?
11. Жасалған контентті заңсыз пайдаланудан қалай қорғауға болады?



1. «Ақпараттандырылған қоғам» және «Ақпаратқа қол жеткізу еркіндігі» ұғымдарының арасындағы байланысты анықтаңдар.
2. «Зияткерлік меншік» және «айрықша құқық» ұғымдарының арақатынасы қандай?
3. Лицензиялық, шартты тегін және еркін таратылатын программалар арасындағы айырмашылық неде?



Интернетте тиісті мәтінді табындар (1000 таңбадан артық емес), мысалы, <http://www.ertegi.ru/> сайтындағы «Ақымақ қасқыр» ертегісі.



1. Мәтіннің бірегейлігін (плагиатқа) тексерудің онлайн-қызметтерінің бірін іске қосындар.
2. Мәтінді тексеріндер.
3. Мәтінді қайта жазу әдістерін қолданып, жұмыс істендер: синонимдерді пайдалану, тікелей сөйлеуді жанама немесе керісінше аудару, абзацтарды қозғалту, сөйлемдерді ұқсас сөйлемдерге ауыстыру және т.б.
4. Қайтадан тексеру жұмыстарын жасаңдар.

6.4. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТ

Оқып-үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұмматтар
<ul style="list-style-type: none"> • Электрондық цифрлық қолтаңбаның және сертификаттардың мақсаты туралы; • электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану алгоритмін. 	<p>Электрондық цифрлық қолтаңба – Электронная цифровая подпись – Electronic digital signature Сертификат – Сертификат – Certificate</p>	<p>Қазақстанның жобалар – Электрондық үкімет (eGov.kz), Ашық үкімет (open.eGov.kz) және Бірыңғай байланыс орталығы (1414.kz) WSIS Award-2017-де (Швейцарияда) жеңімпаздар мен жүлдегерлер атанды. Конкурс ақпараттық қоғам мәселелері бойынша Бүкіләлемдік саммит шеңберінде өтті. 2013 жылы осы марапат электрондық лицензиялау жобасына берілді (www.elicense.kz).</p>



RSA шифрлеуді еске түсіріндер.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Ақпараттық технологиялар арқасында біздің өмірімізге жаңа ұғымдар енуде. Осылайша, құжаттың құқықтық маңыздылығын анықтау және растау құралы ретінде **электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)** пайда болды. ЭЦҚ электрондық құжаттың бүрмаланған ақпарат емес екенін анықтауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күнде ЭЦҚ маңызды құжаттармен алмасудың ынғайлы құралы болып табылады. Жеке бизнесті жүргізу үшін маңызды емес.

Қосымша ақпарат

Құжаттың түпнұсқасын орнататын және оны бүрмалаудан қорғайтын құжат авторы қолтаңбасының эквивалентін табуға арналған математикалық есепті 1979 жылы В. Диффи мен М.Э. Хеллман шешті және ЭЦҚ-ны осы мақсатта пайдалануды ұсынды.

1977 жылы Р. Ривест, А. Шамир және Л. Адлеман қарапайым цифрлық қолтаңбаларды құруға қолданатын RSA криптографиялық алгоритмін әзірледі.

2003 жылы қабылданған электрондық құжат және цифрлық қолтаңба туралы заң ЭЦҚ-ны қабылдау туралы регламентті құру мәселелерінің құқықтық шешімі болды.



ЭЦҚ-ДЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ?

Әрбір пайдаланушы үшін бірегей ашық және жабық (құпия) **криптографиялық кілттер** құрылады. Файл түріндегі құпия кілт пайдалануышыға белек тасымалдаушы арқылы (флэшка, жад картасы, SIM-карта, жеке куалік) беріледі. Құпия (жеке) кілт арқылы электрондық құжаттар шифрленеді және ЭЦҚ жасалынады. Ашық кілт ЭЦҚ түпнұсқалық растама үшін пайдаланылады. Ашық кілт тек құпия кілтпен бірге жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қуәландыруши орталығында (<http://pkj.gov.kz>) алаяқтық немесе жалғандықты болдырмай мақсатында кілттерді тіркеуге арналған сертификаттар кітапханасы бар.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБАНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ҚАНАДАЙ?

Цифрлық қолтаңбаны қолданып, келесі қызметтерді жүзеге асыруға болады:

- онлайн үкіметтік органдармен байланыссыз және міндетті жауап ала аласың, етініштің келесідей қызмет жағдайларын қадағалау және т.б.;
- кез келген уақытта үйден шықпай-ақ, мемлекеттік қызметті алу;
- онлайн-тендерлерде өнімдер мен қызметтерді ұсыну және таңдау;
- Интернет арқылы ұйымдар және мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу;
- Қазақстанның кез келген қаласы немесе аймағынан қаржы транзакцияларын қашықтан жүзеге асыру.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБАНЫ ҚАЙДА ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

ЭЦҚ-ны жеке және занды тұлғалар ала алады. ЭЦҚ-ны Қазақстан Республикасының Ұлттық қуәландыруши орталығы (ҰКО) береді, ол үшін egov.kz сайтына кіріп «Қолтаңба алу» тармағын таңдап, нұсқауларды орындау керек (6.4.1-сурет). Қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, цифрлық кілт бір жылға беріледі.

The screenshot shows the official website of the National Agency for Digitalization of State Affairs (eGov.kz). At the top, there are language options (KZ, RU, EN), a search bar, and a phone number (1414). Below the header, there are several service categories: COVID-19 registration, COVID-19 information, COVID-19 documents, COVID-19 services, and COVID-19 statistics. The main content area displays a grid of service icons and descriptions related to COVID-19, such as 'COVID-19 registration' (COVID-19 картасы), 'COVID-19 information' (COVID-19 туралы жиі кейінлітін сұрақтар), and various other COVID-19 related services like 'Healthcare' (Здравоохранение), 'Education' (Образование), 'Social protection' (Социальная защита), and 'Business' (Бизнес).

6.4.1-сурет. egov.kz сайтының скрин параптасы



ЭЦҚ алу ережелерімен танысындар және өздеріңе ЭЦҚ алындар.



MICROSOFT OFFICE ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБАСЫ

Microsoft компаниясы да Microsoft Office-те құрылған құжаттар қолтаңбасының сертификатын ұсынады. Цифрлық қолтаңбалар Word, Excel, PowerPoint программаларында қолдау көрсетіледі, олардың PDF-файлдарын цифрлық қолтаңбалау үшін қолдануға болады.


Құжатта цифрлық қолтаңбаны орналастыру ақпараттың қол қоюышыдан алынғанын және қажырлы қағаз процестерін электрондық құжат айналымымен алмастыруға мүмкіндік беретін құжаттың өзгермегенін дәлелдейді.

Құжатқа цифрлық қолтаңбаны қосу үшін келесі әрекеттерді ретімен орындаңдар:

1. Өздеріңің жеке ЭЦҚ-ды компьютерге орнатындар.


2. Құжатта қолтаңба жолын қосатын жерге курсорды орнатындар.

Kірістіру (Вставка) қосымша параграфының **Мәтін** (Текст) тобындағы **Қолтаңба жолы** (Строка подписи) батырмасын басындар (6.4.2-сурет) немесе батырма жанындағы бағдарды басып, ашылған терезеден **Microsoft Office-тің қолтаңба жолы** мәнін таңдаңдар.




6.4.2-сурет. Қолтаңба жолын құру

3. **Қолтаңбаны баптау** (Настройка подписи) сұхбат терезесінде қолтаңба жолында қол қоятын тұлға туралы ақпаратты енгізіндер (ақпарат құжаттағы қолтаңба жолында көрінеді). Егер қол қоюши тұлғаға қолтаңбаға түсіндірмелер беруге рұқсат бергілерің келсе, онда «**Қол қоюшиға қолтаңба терезесінде ескертпелер қосуына рұқсат ету**» белгісін қойындар. **OK** басындар (6.4.3-сурет).



6.4.3-сурет. Қолтаңба жолын құры


Кірістірлген қолтаңба жолы графикалық объект болып табылады (6.4.4-сурет).



6.4.4-сурет. Құжаттағы қолтаңба жолы

Қолтаңба жолдарын қосу үшін әрекеттерді қайталаңдар.

4. Қолтаңба жолына қолтаңба қосу. Қолтаңбаны енгізгенде көрінетін қолтаңбаны немесе цифрлық қолтаңбаны қосуға болады. Қолтаңбаны енгізгілерің келетін қолтаңба жолын екі рет басындар, одан кейін **Қол қою** (Подписание) сұхбат терезесі пайда болады (6.4.5-сурет).



6.4.5-сурет. Қол қюо сұхбат терезесі

Қолмен жазылған қолтаңбаның суретін таңдау үшін **Суретті таңдау** (Выбрать рисунок) сілтемесін басыңдар. Графикалық қолтаңбаны Paint графикалық редакторында тінтуір көмегімен қойып, .png форматында сақтап алындар. **Графикалық қолтаңбаны таңдау** (Выбор графической подписи) сұхбат терезесінде қолтаңба суреті бар файлды табыңдар, оны таңдаңдар және **Таңдау** (Выбрать) батырмасын басыңдар.

Құжатқа қол қюодың мақсатты өрісінде қолтаңба туралы ақпарат енгізе аласыңдар. Қажет болған жағдайда қол қюоға цифрлық сертификатты таңдау үшін **Өзгерту** (Изменить) батырмасын басып, **Сертификатты таңдау** (Выбор сертификата) терезесінде қажетті сертификатты, яғни өздеріңің ЭЦК-ды таңдаңдар.

Құрылған қолтаңба құжатта көрсетіледі. Сонымен қатар құжатта қолтаңбалардың тізімі берілген **Қолтаңба** (Подписи) тапсырмалар тақтасы (6.4.6-сурет) көрсетіледі. Құрылған қолтаңба **Жарамды қолтаңбалар** (Тре-



6.4.6-сурет. Құжаттағы қолтаңба



буемые подписи) бөлімінде, ал толтырылмаған қолтаңба – **Талап етілетін қолтаңбалар** (Действительные подписи) бөлімінде болады.

Қолтаңбалар жолын да көшіруге болады. Бірақ басқа құжатқа бүл қолтаңбалар жолы цифрлық қолтаңбасыз енгізіледі, яғни қолтаңбалар жолына қолтаңбаны қайтадан қосу қажет болады.

Тәжірибе жасандар

Цифрлық қолтаңбалары бар құжатты басқа атаумен немесе басқа бумада сақтауға болмайды! Оған көз жеткізу үшін тәжірибе жасандар.



1. «Электрондық құжат» деген не?
2. Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық және жабық кілті, олардың қызметтік мақсаты дегеніміз не?
3. ЭЦҚ қандай мақсатта әзірленді? Оны құрудың негізгі қындығы неде?
4. Цифрлық қолтаңбаны қалай алуға болады?
5. Электрондық цифрлық қолтаңбаға қандай ақпарат жазылады?
6. ЭЦҚ туралы анықтама қай заңда берілген?
7. Осы заңды қандай құқықтық қатынастар реттейді?
8. Цифрлық қолтаңбаны құру және пайдалану технологиясын реттейтін басқа заңдарды атаңдар. Негізгі мақалалардың мәнін түсіндіріңдер.
9. Куәландыруши орталықтың мақсаты және оның талаптары қандай?
10. Электрондық құжаттармен рұқсат етілмеген арекеттерді көрсетіңдер.
11. Электрондық құжат айналымы саласында ЭЦҚ пайдалану шарттарын атаңдар.



1. Электрондық цифрлық қолтаңбаға қандай ақпаратты енгізу керек деп ойлайсыңдар? Барлық жағдайларда бүл ақпарат бірдей болуы керек пе? Жауапты түсіндіріңдер.
2. Сауалнама құрындар және мекендері, аймақтағы ЭЦҚ-ні қолдану мәселелері мен келешегі туралы ақпарат жинаңдар. Зерттеу нәтижелері бойынша хабарландыру дайындаңдар.
3. ЭЦҚ иелеріне ұсынылатын қызметтерді алу мүмкіндігін сипаттайтын «Қалай болған?» және «Қалай болды?» инфографикасын құрындар.



Тақырып бойынша хабарландыру дайындаңдар:

1. ЭЦҚ ұйымдық-құқықтық негіздері.
2. Электрондық-цифрлық қолтаңбаны құру тарихы (ЭЦҚ).
3. ЭЦҚ математикалық негіздері.
4. ЭЦҚ сауда-экономикалық қызметтіне енгізудің өзектілігі.
5. Шифрлеу арқылы компьютерлік желілер арқылы берілетін электрондық құжаттарды қорғау.

6.5. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ (ЭУ)

Оқып- үйренесіндер	Тірек сөздер	Қызықты мағлұмматтар
• Электрондық үкімет порта-лы қалай жұмыс істейтінін.	Электрондық үкімет – Электронное правительство – e-Government Ашықтық – Открытость – Openness	Елді цифрландыру бойынша алғашқы қадамдардың бірі 2006 жылы электрондық үкіметтің (eGov.kz) іске қосылуынан басталды. Үкімет жұмысы ашық және азаматтарға қолжетімді болу үшін электрондық үкімет құры қажет болды.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Электрондық үкімет – мемлекет пен азаматтар және ақпараттық технологиялар арқылы олардың сәйкестігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар арасындағы өзара әрекеттесу механизмі.

Бұл – мемлекеттік органдардағы кезектерді қысқартуға, анықтамаларды, құжаттарды, куәліктерді және т. б. алуды жеңілдетуге мүмкіндік беретін механизм.

Электрондық үкіметті құру идеясы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевқа тиесілі және ол 2004 жылы жарияланды.

Бүгінде электрондық үкіметтің қалыптасуы мен дамуының төрт жаһандық кезеңі аяқталды.

Ақпараттық кезең. Портал мемлекеттік органдар туралы ақпаратты және қызметтерді ұсыну ережелерін қамтыған. Бұл кезеңде қажетті құжаттар мен байланыстар пакеті туралы ақпарат алуға болатынын, қайдан алуға болатынын білуге болады.

Интербелсенді кезең. Порталда электрондық қызметтер пайда болды. Пайдаланушылар ведомстволық мемлекеттік мекемелерден ақпарат ала алады, сұраныс жасайды және оның мәртебесін бақылай алады. Екінші кезеңде мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен электрондық лицензиялау жүйесі серверлерде енгізілді.

Транзакциялық кезең. Азаматтар онлайн режимінде мемлекеттік салықтарды, коммуналдық қызметтерді төлеу мүмкіндігіне ие болды. Кәсіпкерлер үшін мемлекеттік сатып алудың ақпараттық жүйесі пайда болды, соның арқасында тендерлердің айқындығы мен тиімділігі артты.

Интеграциялық (трансформациялық) кезең. Қызмет көрсетудің жылдамдығы мен тиімділігі басты маңызды болып табылады. Сондықтан оңтайландырылған кешенді қызметтердің, соның ішінде әлеуметтік қызметтердің маңызы артты.



6.5.1-сурет. ҚР Электрондық үкіметін қалыптастыру кезеңдері

Электрондық үкімет экономиканы цифрандыру көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Цифрлық өзара байланыстың жаңа мүмкіндіктері – бұл қатынастардың әділдігі, тиімділігі және ыңғайлылығы. Осы мақсатқа жету үшін ақпараттық технологиялармен ұсынылатын электрондық қызметтерді кеңінен тарату маңызды.

EGOV.KZ ҚАНДАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНАДЫ?

Үкіметтің сайтында мынадай қызметтер түрі ұсынылған:

- коммуналдық қызметтерді, өсімақыларды, алымдарды төлеу;
- салық төлеушінің жарналары;
- жол қозғалысының ережелері бойынша айыппулдарды өтепеу;
- балабақшаға кезек туралы ақпарат алу;
- некені тіркеу туралы өтініш беру;
- мекенжай құжатын сұрату және т.б.

Некеге түру, аты-жөнін өзгерту, анықтамаларды алу, емханаларға тіркелу,

бизнесті бастау және т. б. жөнінде мындаған анықтамалар күн сайын өнделуге келіп түседі.

eGov.kz ресурсы – мемлекеттік биліктің ақпараттық-коммуникациялық инновациялар арқылы ел халқымен өзара қарым-қатынасын жеңілдетуге бағытталған Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы. Ресурс қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолдайды.

ЭЦҚ ЖОҚ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА ҚЫЗМЕТТЕРДІ АЛУ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?


Пайдаланушылар үшін бірнеше қолжетімді нұсқалар бар, олар – электрондық қолтаңбаны алудан бас тарту және 30 түрлі қызметке жүгінуді қамтамасыз ететін ***birrettik құпия сөзді*** пайдалану мүмкіндігі. Ол үшін формаға өз ЖСН (Жеке сәйкестендіру нөмірі) енгізу керек және мобиЛЬДІ телефон нөмірін көрсету керек. СМС алғаннан кейін, бірреттік код арнайы жолға жазылады.

Бірреттік код бойынша келесідей құжаттарды алуға болады:

- мекенжай туралы анықтама: жылжымайтын мүлік туралы, оған қатысты құқықтар және сипаттамалар туралы;
- объектілерге және олардың төлқұжаттарына техникалық төлқұжаттар;
- кадастрық реестрден алынған сертификаттар мен үзінділердің көшірмелері;
- мұрағатталған анықтаманың көшірмесін жасау;
- туу туралы куәлік және азаматтық жағдай туралы актілер;
- некеге тұру, дүниеге келу, бала асырап алу, есімінің өзгеруі туралы куәліктер және т.б.

МОБИЛЬДІ БАЙЛАНЫС

Бұгінгі күні ***eGov.kz*** мобиЛЬДІ нұсқасы көптеген елдерде қолжетімді: Ресей, АҚШ, Түркия, Ұлыбритания, Чехия және т.б. Қазақстан Республикасында қызметтер iOS және Android операциялық жүйелері бар смартфондарда қазақ және орыс тілдерінде жұмыс істейді (6.5.2-сурет). МобиЛЬДІ телефон арқылы сотталмағандық туралы анықтаманы, жылжымайтын мүлік туралы, мекенжайы туралы ақпаратты сұрауға болады. Ресурста бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қызмет көрсететін телеграм-бот бар. Бұгінде порталдың мобиЛЬДІ байланыс пайдаланушыларының базасы 7 миллион адамнан асады.



6.5.2-сурет. **eGov mobile** мобилді қосымшасы



https://egov.kz/cms/ru/services/pass_onlineesr сайтынан «ЭЦК-ны қашықтан қалай алуға болады?» материалдарымен танысындар.

Тәжірибе жасандар

1. Электрондық үкімет порталына кіріңдер (egov.kz).
2. Қызыметтер менюінен пункттерді таңдал, портал туралы жалпы ақпаратпен танысындар.

Ресурсты ашу үшін Интернет қолжетімді болу керек. Пайдалануышы іздеу жолына *eGov.kz* мекенжайын енгізгенде терезе осы формада ашылады (6.5.3-сурет).

The screenshot shows the official website of the Republic of Kazakhstan's electronic government (*eGov.kz*). At the top, there are language options (KAZ, RUS, ENG), a search bar, and contact information for the Ministry of National Education (1414, +7 7172 701 998). Below the header, there are several navigation tabs: KIEMETTER, TAPENDEP, MINIK UYMET, JEGE KABINET, PORTAL TURANY, and KELNEK. The main content area has a green banner with the text "Електрондық қызмет дегендегіңіз не және ол не үшін қажет?". To the left, there are three categories: "Қазақстан Республикасының электрондық қызметтері", "Қазақстан Республикасының электрондық қызметтің жобалары", and "Электрондық қызметтің қызығыды стаптасыны". The right side of the banner contains a detailed text about the requirements for electronic services.

6.5.3-сурет. *eGov.kz* мекенжайы

1. *eGov.kz*-ке тіркелу қажет және телефон нөмірін портал профілімен байланыстырыңдар. Телефонды тіркеу және байланыстыру қатаң түрде ЭЦҚ пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

2. Телефон нөмірін байланыстыру немесе «мобильдік азаматтар базасындағы (БМГ/МАБ) тіркеу порталда бастапқы тіркеу кезінде, сондай-ақ **eGov.kz жеке кабинетін** баптау арқылы жүзеге асырылады. Ол SMS-код арқылы растауды және пайдалануышының ЭЦҚ қол қоюды талап етеді.

3. Telegram мессенджері нөмірің тіркелген смартфонға орнатылып, іздеу арқылы **@EgovKzBot** атаяу бойынша бот табу керек.

Бот-ты іске қосу үшін **Старт** командасын басу және меню арқылы телефон нөмірін жіберу керек.

Мемлекеттік органдармен ашық диалогке кіру үшін келесі әрекеттерді орындау қажет.



1. Авторизациядан өту (6.5.4-сурет).

6.5.4-сурет. Авторизация

2. Ашық үкімет (Открытое правительство) қосымша бетінде **Ашық диалог** (Открытый диалог) – **Талқылауларға қатысу** (Участвовать в обсуждениях) қосымша бетін таңдаңдар (6.5.5-сурет).

6.5.5-сурет. Ашық диалог қосымша беті

3. Ары қарай талқылау тақырыбын таңдап, **Сұрақ қою** (Задать вопрос) белсенді батырмасын басу керек (6.5.6-сурет).

The screenshot shows a web-based video conferencing interface. At the top, there's a navigation bar with links for 'Портал тұралы' (About the portal), 'МО басыларының ойноты' (List of recommendations from MAs), 'Интернет-конференциялар' (Internet conferences), and 'Сауалнамалар' (Questionnaires). Below the navigation bar, there's a search bar and a menu bar with tabs for 'Нарын' (Market), 'Адас' (Parent), 'Мұнай' (Oil), 'Хөтпәрән' (Horticulture), 'Етпәрән' (Meat), 'Менеджменттер' (Management), 'Менеджменттер' (Management), and 'Ис-саударескілік' (Business). The main content area displays a video conference interface with a video feed, a text input field, and a 'Кезең' (Session) button. On the left, there are sidebar links for '» ОМО', '» ЖАД', and '» КСР'. Below the sidebar, there's a message from the Ministry of Energy of the Republic of Kazakhstan. At the bottom, there are statistics: 0 спикеры (Speakers), 0 жаңынчылдар (Newcomers), 296 просмотров (Views), and 14.12.2020, 09:00 дата (Date).

6.5.6-сурет. Талқылау тақырыбын таңдау

4. Келісімді оқу және шешім қабылдау (6.5.7-сурет).

The screenshot shows a document titled 'Келісім' (Agreement). The title is at the top center. Below it, there's a section titled 'Толтыруға қойылатын талаптар' (Requirements for filling out). A note below states: 'Текст на кас: Интернет-конференцияның үйімдастырушылардың алғыларынан таңдағы ерлері бар мисанды толтыра отырыз, бул Интернет-конференцияна жауапты тұнғала сұрақ-қою мүмкіндігі берілген отыр.' (Text in the box: Fill out the requirements for filling out the Internet conference, which were proposed by the organizers of the conference, taking into account the possibility of asking questions and posing questions.). There's a bulleted list of requirements:

- азаматтың көз көлген үздігін бұзатын
- қылым-көтер тиерліртін
- ерсі, кемітілік-оралтый немесенәнкі емес сұрастар

Below this is a section titled 'Примодерация' (Moderation). A note below states: 'Сурақ-этника жағын жөндеудегі нормаларына сәйкес маддераларға үшінші мүмкін тек содан кейін гана жарияланады. Жауап блог бетінде жарияланғанан кейін' (Moderation of the question-and-answer session is carried out according to the norms of ethnic representation. The answer blog is published on the website after the question-and-answer session has been published). There's another bulleted list:

- сұрастардың мәтіннен көрнекі сипаттықтары: жаңа жоба, қаралатын мәтіннегінде бар жоне көзінен, азырайына жоне іскерлік беделіне зинни жөнліртін немесе салық ажыралуға мәжбүрлік мәтіннегінде азындық тасталады.
- сұрастардың мәтіннен оның құрамдастырылған мәтіннегінде азындық тасталады.

At the bottom, there are two buttons: 'Шарпарды қабылдайтын' (Accepted by the moderator) and 'Хоjo' (Accept) / 'Ары қарай' (Ask a question).

6.5.7-сурет. Келісім қосымша беті



5. Сұрақтың мәтінін жазу және **Сұрақты жіберу** (Отправить вопрос) батырмасын басу (6.5.8-сурет).

Сұрақ құру

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының арнағы мемлекеттік мұрагаттарының қызметі

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары арнағы мемлекеттік мұрагаттарының қызметі» тақырыбында Интернет-конференция отөд. Пайдаланушылардың сұрақтарына КР IIM Акгарраттандыру және бейланыс департаментінің бастығы Ахметов Тұрлыбек Тұрсынбекұлы жауап беретін болады.

Сұрақтар: 1 Жауаптар: 0 40 01.06.2020, 09:00 30.06.2020, 18:00

Сұрақ мәтіні

Жао Жіберу

6.5.8-сурет. Сұрақ қою

6. Кейінірек сұрақтарыңа жауапты тексерсөндер болады.



- Порталда қанша бекітілген қызмет бар?
- Қандай мемлекеттік құрылымдар өз қызметтерін ұсынады?



- www.eGov.kz порталына кіріңдер. Кез келген мемлекеттік құрылымды таңдаңдар және оның ұсынатын қызметтерімен танысыңдар. Сол туралы презентация дайындаңдар.
- www.eGov.kz сайтына кіріңдер. Ұсынылған қызметтер тізімімен танысыңдар. Қызмет көрсету орталықтарын құрудың негізгі мақсатын анықтаңдар.
- «Электрондық үкімет» деген не?
- Электрондық үкімет порталына тіркелу үшін қандай ақпарат қажет?

VI БӨЛІМГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**1. Электрондық цифрлық қолтаңба – бұл ...**

ЭЦҚ	құралдарымен	анықтығын
жасалған	және	оның
электрондық	құжаттың	тиесілігін
және	өзгермейтінін	растайтын
мазмұнының	электрондық	цифрлық
нышандар	жынтығы	

2. Мемлекеттік қызметтердің бірыңғай порталында авторизациялану құралдары.

- A) ЖСН нөмірі;
- B) банктік карточка нөмірі;
- C) үйдің мекенжайы;
- D) үй телефонының нөмірі.

3. Қазіргі уақытта Қазақстан заңнамасында бекітілген қолжазбалық қолтаңбалардың аналогтарын атаңдар:

- A) электрондық қолтаңба;
- B) факсимиле және электрондық қолтаңба;
- C) факсимиле;
- D) мөр.

4. Қазақстан Республикасында электрондық үкіметті қалыптастырудың негізгі мақсаттары:

- A) мемлекеттік қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру;
- B) атқарушы билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын АТ құрылғыларымен жабдықтау деңгейін арттыру;
- C) Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында байланыс арналаудың жүргізу;
- D) АТ саласында аймақтық үкімет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.

5. Сәйкестікті орнатыңдар.

Сипаттамасы	Атауы
A) Заң әрбір адамның заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпаратты еркін алу және тарату бойынша конституциялық құқығын жүзеге асырудан туындастын қоғамдық қатынастарды реттейді.	1) Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І Қазақстан Республикасының Заңы
B) Автордың – жеке тұлғаның мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары, оның шығармашылық еңбегінің арқасында зияткерлік меншігінің объектісі болып табылатын қандай да бір ғылымның, әдебиеттің немесе өнердің туындысы құрылады.	2) Ақпаратқа қол жеткізу туралы Қазақстан Республикасының заңы, 16 қараша 2015 жыл
C) Заң құқықтық қатынастарды белгілеу, өзгерту немесе тоқтатуды көздейтін электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған электрондық құжаттарды жасау мен пайдаланудан, сондай-ақ электрондық құжат айналымы саласында туындастын құқықтық қатынастардағы қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, соның ішінде азаматтық-құқықтық мәмілелер жасаудан туындастын қатынастарды реттеуге бағытталған.	3) Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Қазақстан Республикасының Заңы

6. Қарапайым электрондық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжатты қағазда қолжазба қолымен қол қойылған электрондық құжатпен теңестіруге болатын жағдайды көрсетіңдер.

- А) заң немесе өзге де нормативтік құқықтық актісі тікелей көрсетілсе;
- Б) электрондық өзара әрекеттесудің қатысушылары арасында келісімнің болған жағдайында;
- С) А және В.

7. Файлға электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойған кезде:

- А) қолтаңба қосылатын файлдың жаңа нұсқасы жасалады;
- Б) файлдың барлық нұсқалары ЭЦҚ крипто-алгоритмдері арқылы түрлендіріледі;
- С) файлға қолтаңба қосылады, файл өзі өзгертілмейді;
- Д) файл өндөлетін деп белгіленеді.

8. Анықтаманы аяқтаңдар.

Экономика мен қоғамды цифрландыру – бұл әлеуметтік-экономикалық саладағы трансформация бойынша ...

- A) цифрлық технологияларды енгізу;
- B) сапалы көліктік және логистикалық инфрақұрылым;
- C) бірыңғай электронды платформаға қол жеткізуді үйымдастыру;
- D) онлайн тұтынудың жоғары мәдениеті.

9. Жауаптың барлық нұсқаларын көрсетіңдер.

Компьютерлік программалар олардың занда мәртебесі бойынша бөлінеді:

- A) лицензиялық;
- B) шартты түрде;
- C) еркін таратылатын;
- D) бағыты бойынша;
- E) сатып алу тәсілі бойынша.

10. Жауп нұсқаларын көрсетіңдер.

Электрондық үкіметтің негізгі функциялары:

- A) мемлекеттік қызметкерлерді компьютерді пайдалануға үйрету;
- B) мемлекеттік қызметке сапалы және жылдам қол жеткізу;
- C) азаматтардың тең құқығын және мемлекеттік ақпараттық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- D) барлық азаматтарды Интернетке қосу;
- E) мемлекет пен электрондық коммуникацияны қамтамасыз ету.

VI БӨЛІМ БОЙЫНША ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС

«Ақпараттық қауіпсіздік» бөлімін құру. Бөлім төрт қызмет түрінен тұрады: «Қызыл қызмет», «Жасыл қызмет», «Сары қызмет» және «Көк қызмет».

1. Көрсетілген қызметтердің бағытын анықтау, яғни қызметтер қандай ақпараттардан қорғайтынын анықтау. (Мысалы, жеке мәліметтерді қорғау):

- контент-сұзгілерін орнату;
- авторлық құқықты қорғау;
- жеке мәліметтерді қорғау, ақпараттың жойылып кетуінен қорғау;
- вирустардан, құрттардан, трояндардан қорғау;
- алайқықтан қорғау;
- спамнан қорғау;
- хакерлерден қорғау;
- программалық қамтамасыз етудің лицензиясын тексеру.

Контент-сұзгі немесе веб-контентті шектеу программасы – сайттардың мазмұны бойынша оларды іріктеуді қамтамасыз ететін құрылғылар немесе программалар жиынтығы және кейбір сайттарға немесе Интернет желісінің қызметтеріне кіруге рұқсат бермейді. Контенттік сұзгілеудің міндеттері:

- зорлық-зомбылық, терроризм және т.б. сияқты қауіпті, зиянды, заңсыз ресурстарға қолжеткізуі толық шектеу;
- жұмыс уақытында әлеуметтік желілерге, ойын-сауық, жаңалықтар, ойындар және басқа да жұмысқа қатысы жоқ сайттарға кіруге тыйым салынады;
- қай сайттардың ең танымал болып табылатынын және неге назар аудару керек екендігін анықтау арқылы санаттар бойынша қолжетімділікті талдау.

Авторлық құқықты қорғау.

1. Авторлық құқық туралы белгішени авторлық құқық иеленушісі пайдалана алады.
2. Авторлық келісімшарт жасау керек.
3. Мүмкіндігінше, күнін және авторлығын көрсетумен мақаланы ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.
4. Заңгерге немесе заң фирмаларына кеңес алу үшін жүргіну.
5. Ақпаратты лазерлі дискке жазу арқылы қорғау.
6. Арнайы программалық қамтамасыз ету көмегімен қорғау.
7. Веб-сайт кодына ақпаратты көшіруді болдырмайтын командаларды енгізу.
8. Пайдаланушылардың «қара тізімдерін» жүргізу.
9. Жариялау фактісін растайтын сертификаттарды алу.

Жеке мәліметтерді қорғау, ақпараттың тарап кетуінен қорғау.

1. Уақытша электрондық пошта мекенжайларын пайдаланыңдар.
2. Несиелік карталардың бір жолғы нөмірлерін пайдаланыңдар.
3. Әрбір аккаунт үшін құпия сөздерінді пайдаланыңдар.
4. Жеке ақпарат бермендер.
5. Құжаттар нөмірін ешқашан бермендер.
6. Кейде мекенжайларыңды көрсету керек болады.

Вирустардан, құрттардан, трояндардан қорғау.

1. Компьютерде шектеулі құқықтармен жұмыс істеңдер.
2. Электрондық поштамен мұқият жұмыс істеңдер әсіресе қосымшалармен.
3. Операциялық жүйені және ең көп тараған программаларды жаңартыңдар.
4. Сыртқы тасымалдағыштармен жұмыс істеу кезінде абай болыңдар.
5. Сыртқы сайттарға арналған сілтемелерді баспаңдар.
6. Бүлінген файлдарды және кілттер генераторларын пайдаланбаңдар.
7. Компьютерді қосымша вирусқа қарсы құралдарды пайдаланып, ауық-ауық сканерлендер.

Алаяқтықтан қорғау.

1. Жеке мәліметтерді ашық ресурстарда қалдырмаңдар.
2. Кездейсоқ сайттардан ештеңе жүктемендер.
3. Спам-хабарламалардағы сілтемелерді баспаңдар.
4. Егер адресаттың сенімділігі туралы күмән туындаса, хаттағы қосымшаларды ашпаңдар.
5. Жылдам ақша алуға байланысты қызықтыратын ұсыныстарға жауап бермендер.
6. Электрондық пошта, әлеуметтік желілер мен форумдардың құпия сөздерін танымайтын адамдарға айтпаңдар.
7. Құпия сөзде жеке мәліметтерді көрсетпендер (туған жыл, аты-жөні, телефон нөмірі және т.б.).
8. Әлеуметтік желінің мекенжайын тексеріңдер.
9. Сайттың атауын қарандар, осы сайт туралы пікірлерді Интернеттен оқыңдар және тауар жеткізілгеннен кейін ақша төленетін тауарларды сатып алуға тырысыңдар.
10. Белгісіз нөмірге SMS жолдамаңдар.
11. Браузердің жаңа нұсқаларын немесе антивирустық қорғаудың программаларын тек ресми сайттардан жүктеп алыңдар.

Спамнан қорғау.

1. Қажетсіз жарнамалардан қорғау үшін жасалған сұзгілерді пайдалану.
2. Капчиді орнату.
3. Блоктарда антиспам-баптауларын қолдану.

Хакерлерден қорғау.

1. Спамға сенбендер.
2. Ақпаратты тексерілген сайттардан жүктеңдер.
3. Программалық қамтамасыз етуді жаңартыңдар.
4. Жаңартылған базалармен компьютерге антивирус орнатыңдар.
5. Сенімсіз сайттарға кірмендер.
6. Интернетпен келген ақпараттардан абай болыңдар.

Лицензиялық программалық қамтамасыз етуді қолданудың артықшылығы.

1. Мамандардан кеңес алу.
 2. Өнімнің сапасы мен толықтығы.
 3. Әзірлеуші фирмасы мен жеткізу фирмасын оперативтік-техникалық қолдау.
 4. Жаңартуларды алу.
 5. Жазылымды рәсімдеу.
 6. Сенімділік және қауіпсіздік.
 7. Ақшаны ұтымды пайдалану
- 2.** Жоба басында берілген қызмет түрлерін қорғау үшін қандай программалар мен сервистер қолданылатынын зерттеңдер.

VI БӨЛІМНІҢ ТҮЙІНДЕМЕСІ

- ✓ **Цифрлық сауаттылық** – цифрлық технологиялар мен Интернет ресурстарын құнделікті және кәсіби қызметте қауіпсіз және тиімді пайдалануды білдіреді және әр түрлі АКТ-ны сауатты пайдалануды және цифрлық желіні қорғау дағдыларын білу тәрізді цифрлық құзыреттілік меңгеруді қамтиды.
- ✓ Қазақстан Республикасы дамуының бір бағыты – **экономиканы және қоғамды цифрландыру** – ақпаратты іздеу, құру, өндөу және беру үшін цифрлық технологияларды жаппай енгізу арқылы әлеуметтік-экономикалық саладағы қайта құру.
- ✓ **Блокчейн технологиясы** – қаржы қызметтерінің саласын өзгертуге қабілетті танымал бола бастаған таратылған мәліметтер базасы. Бұл – белгілі бір ережелерге сәйкес құрылған және ақпараты бар блоктардың үздіксіз бірізді тізбегі. Бұл блок тізбектерінің көшірмелері бір-біріне тәуелсіз әртүрлі компьютерлерде сақталады.
- ✓ Блокчейн негізінде қаржы саласынан басқа: авторлық және меншік құқығы, жеке басын куәландыру, электрондық дауыс беру құралдары және т.б. пайда болды.
- ✓ Ақпартандыру процесінің жетістіктері мен артықшылықтарын қауіпсіздікті және адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау міндеттерімен үйлеспейтін мақсаттарда пайдалану үшін нақты қауіптер де бар. Сондықтан ақпарат пен зияткерлік меншікті қорғау шаралары маңызды.
- ✓ **Электрондық цифрлық қолтаңба** – құжаттың заңды құнын анықтау және растау құралы.
- ✓ **Электрондық үкімет** – бұл мемлекет пен азаматтар, сондай-ақ мемлекеттік органдардың арасындағы ақпараттық технологиялар арқылы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін өзара байланысу механизмі.

ГЛОССАРИЙ

Авторлық құқық – автордың мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтары.

Айнымалылар (Переменные) – жаһандық және жергілікті айнымалылардың мәндерін анықтауға және орнатуға мүмкіндік беретін блоктар.

Алға жылжыту – бұл сатып алушыға өнімді сатып алу туралы шешімді қабылдауға көмектесетін маркетингтік стратегия. Бұл компанияның хабардар ететін және сендіретін ақпарат берудің және таратудың қандай да бір формасы болып табылады. Ол қоғамға әсер ете отырып, тауарлары, қызметтері, идеялары, әлеуметтік қарекеттері туралы еске салып отырады.

Белсендіру функциясы деп кіріс сигналын алатын, бірақ шекті мәнін ескеріп, шығыс сигналын генерациялайтын функцияны айтады.

Бизнес-жоспар – бизнес-модельді сипаттайтын құжат.

Бизнес-модель – нарықта пайдалануға арналған алдын ала жоспарланған іс-әрекеттердің реттілігі (бизнес-процесстер).

Блогосфера – Интернеттегі барлық блоктардың жиынтығы.

Блокчейн – ақпаратты қамтыған блоктардың (байланысқан тізім) белгілі бір ережелер бойынша құрылған үздіксіз бірізді тізбегі. Блоктар тізбектерінің көшірмелері көптеген әртүрлі компьютерлерде бір-біріне тәуелсіз түрде сақталып тұрады.

Виртуалды байланыс орталығы (Call-центр) – жабдықтарды және басқару жүйелерін сатып алу қажеттігінсіз, байланыс орталығы үшін онлайн сервистерді ұйымдастырады, бөлмелерді жалға алу және жұмыс орындарын ұйымдастыруды үнемдеуге болады.

Виртуалды кеңсе – компанияның дискілер, бумарап мен «бұлттардағы» программалар сияқты барлық ішкі желісін орналастырады.

Виртуалды машина – бұл арнайы программалық қамтамасыз етуді пайдаланып, жасанды түрде жасалған виртуалды компьютер.

Виртуалды тур – арасында өту нүктелері бар бірнеше үшөлшемді панорамалардың жиынтығы.

Виртуалды шынайылық немесе **жасанды шынайылық** (Virtual Reality, VR) – бұл адамның сезімдеріне әсер етіп, виртуалды ортамен өзара әрекеттесуін имитациялайтын техникалық құралдармен жасалған әлем.

Жарнама – тұлғалардың белгісіз санына арналған таратылған және (немесе) кез келген түрде кез келген құралдың көмегімен орналастырылатын және жеке немесе заңды тұлғаға, тауарларға, тауарлық белгілерге, жұмыстарға, қызметтерге және оларды дамытуға қызығушылықты қалыптастыруға немесе сақтауға арналған ақпарат.

Жасанды интеллект (ЖИ; ағыл. *artificial intelligence, AI*) – дәстүрлі түрде интеллектуалдық (шығармашылық) деп саналатын, адам қызметін компьютерлік модельдеу туралы ғылым мен технология.

Жасанды нейрондық желі – бұл адам миының машиналық интерпретациясы болады, мұнда миллиондаған нейрондар ақпаратты электрлік импульстер түрінде жібереді.

Жекелеген нейрондар мен олардың компьютер арқылы құрылған өзара әрекеттесу желісі **жасанды нейрондық желі** деп аталады.

Заттар интернеті (IoT) – бұл адамдар, жүйелер және басқа қосымшалардан мәліметтерді жинау және олармен алмасу үшін біріктірін миллиардтаған интеллектуалды құрылғылардан тұратын сенсорлық жүйе.

Зияткерлік меншік – бұл әдеби, көркем, өнеркәсіптік және басқа да мешік түрлеріне арналған жалпы ұфым, яғни шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын мүлік.

Кез келген компания мәліметтер көлемінің өсу проблемасымен ұштасып жатады, сондықтан оларды қорғау, көлемді қысқарту әдістерін қолдану, уақытылы жаңарапту керек.

Компьютерлік сауаттылық – практикалық жұмыстарда компьютердерді және неізгі қолданбалы программаларды қолдану біліктілігі мен дағдысы.

Кеңейтілген шынайылық (Augmented Reality, AR) – бұл ақпаратты қабылдауды жақсарту үшін виртуалды элементтер мен сенсорлы деректермен «кеңейтілген» шынайы әлем.

Компоненттер – қосымшаның функционалдық мүмкіндіктері. Олардың кейбіреулері графикалық дизайнның бөлігі болып табылады, мысалы, батырмалар, ал кейбіреулері құрылғы экранында көрінбеуі мүмкін, мысалы, таймер, сенсорлар немесе бейне плеерлер.

Краудфандинг (халықтық қаржыландыру, ағылшын тілінен crowd funding, crowd – «топ», funding – «қаржыландыру») – бизнес идея немесе кез келген идеяны қаржыландыруға қаражат жинау платформасы.

Қосымшаларды жалға алу белгілі бір уақыттың ақшасын төлеп отырып, Интернет арқылы қажетті программаны алуды ұсынады.

Машиналық оқыту – жасанды интеллектінің бір бөлімі. Оның негізгі идеясы компьютердің алдын ала жазылған алгоритмін пайдаланып, тапсырманы шешуге үйренуін білдіреді.

Машиналық оқытудың бастапқы кезеңіндегі тағы бір алгоритмдік тәсіл – **нейрондық желілер**.

Мұғаліммен машиналық оқыту – машинаның алдын ала мұғалім көрсеткен нақты мысалдарға сүйеніп үйрену әдісі.

Мұғалімсіз машиналық оқыту – машинаның өз бетімен белгісіз заңдылықтарды табу арқылы үйренуі.

Мобильді қосымшалардың құрастырушысы – бұл пайдаланушыларға жобалау элементтерін және ұсынылған функцияларды өз міндеттеріне бейімдеу арқылы қосымшалар жасауға мүмкіндік беретін кең ауқымды құралдары бар визуалды редактор.

Нейрон – мидың негізгі құрылымдық-функционалдық бірлігі. Ол миға берілетін ақпаратты өңдеу функциясымен айналысады талшық. Олар ақпараттың қабылдануы мен бойға таралуына жауапты.

Нейрондық желі – биологиялық нейрондық желілерді (тірі организмнің жүйке жасушалары) ұйымдастыру және жұмыс істеу принципі негізінде құрылған нейрондар желісінің математикалық немесе компьютерлік моделі.

Нодалды нұктесі – оптикалық сәулелердің қылышында орналасқан объектив осіндегі нұктесі.

Панорамалық фотосурет – 160° көлденең және 75° тігінен адамның көру өрісін қамтитын, ал кейбір жағдайларда көлденең жазықтықта 360° бос орынды көрсететін үлкен көру бұрышы бар фотосурет түрі.

Персептрон – жасанды нейрон желілерінің қарапайым түрі, басқаша айтқанда бұл қабылдау, танып-білу процесін модельдейтін құрылғы.

Плагиат – басқа біреудің өнер туындысының немесе ғылыми, техникалық шешімдерінің немесе өнертабыстарының авторлығын әдейі иелену.

Стартап – ауқымды және тиімді бизнес-модельді табу үшін жасалған уақытша үйім.

Синапс – бұл екі нейронның арасындағы байланыс. Синапстардың бір параметрі бар. Ол – салмақ.

Цифрлық сауаттылық – күнделікті және кәсіби қызметтерде цифрлық технологияларды және Интернет ресурстарын тиімді пайдалана білу біліктігі.

Чат-бот – бұл адамның сөзін және дауысын ұқсатып қайталайтын әңгімелесуші программа.

Экономиканы және қоғамды «цифрандыру» (ағылш. *digitization, digitalization*) термині негізінде алеуметтік-экономикалық салада цифрлық технологияларды жаппай енгізу арқылы ақпаратты іздеу, жасау, өндеу және олармен жұмыс жасау деп түсініледі.

Электрондық үкімет – мемлекет пен азаматтар және ақпараттық технологиялар арқылы олардың сәйкестігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар арасындағы өзара әрекеттесу механизмі.

Электрондық цифрлық қолтаңба – құжаттың зандағы құнын анықтау және раставу құралы.

3D панорама – көру нүктесін өзгерту арқылы көруге болатын сфералық проекцияда алынған үшөлшемді панорамалық фотосуреттер.

IoT – бұл адамдар, жүйелер және басқа қосымшалардан мәліметтерді жинау және олармен алмасу үшін біріктіретін миллиардтаған интеллектуалды құрылғылардан тұратын сенсорлық жүйе.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Ақпараттандыру туралы» Заңы 2015 ж. (ҚР 2020 ж. 1 қаңтарында № 262-VI өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
2. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы, 2013 ж. 25 қарашада № 370-II өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
3. «Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы» Заңы 10.06.1996 ж. (ҚР.2020 ж. 6 мамырда № 6-I өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
4. Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы, 2015 ж. (ҚР.2019 ж. 25 қараша №544-II өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
5. Цифрлы Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы ҚР үкіметінің тұжырымдамасы №949, 20.12.2019.
6. «Қазақстанның киберқалқаны» киберқауіпсіздік тұжырыымдамасы №407, 30.06.2017.
7. Бабаш А. В., Баранова Е. К. Криптографические методы защиты информации. – М.: КНОРУС, 2020. – 190 с.
8. Крылов Г. О., Ларионова С. Л., Никитина В. Л. Базовые понятия информационной безопасности. Учебное пособие. – М.: Русайнс, 2020. – 257 с.
9. Риз Дж. Облачные вычисления: Пер. с англ. – СПб.: БХВ-Петербург, 2011. – 288 с.
10. Стартап-гайд: Как начать... и не закрыть свой интернет-бизнес / Под ред. М. Р. Зобниной. – М.: Альпина Паблишер; 2019. – 166 с.
11. Фингар П. DOT. CLOUD. Облачные вычисления – бизнес-платформа XXI века. – М.: Аквамариновая Книга, 2011. – 256 с.

Интернет-ресурстар

1. <http://netemul.sourceforge.net/>
2. <https://notepad-plus-plus.org/download/v7.5.6.html>
3. [https://ospanel.io.](https://ospanel.io)
4. <https://www.intuit.ru/studies/courses/88/88/lecture/20527?page=2>
5. <https://cadelta.ru/science/id1034>
6. <http://statsoft.ru/home/textbook/modules/stneunet.html>
7. http://nano-e.ucoz.ru/publ/publikacii_studentov_mifi/referaty/osnovnye_paradigmy_nejronnykh_setej/8-1-0-211
8. <https://ru.wikipedia.org/wiki/MotionParallax3D>
9. <https://rb.ru/story/vsyo-o-vr-ar/>
10. <https://kompum.ru/windows/virtualnyie-mashinyi-naznachenie-i-obzor>
11. <https://rus.4meahc.com/mobile-computing-devices-96100>
12. <https://f.ua/articles/razvitiye-mobilnyh-tehnologiy.html>
13. <https://vc.ru/yota/48821-os>
14. <https://digtalkz.kz/>
15. <https://egov.kz/cms/kk>
16. <https://pki.gov.kz/>
17. <http://adilet.zan.kz/>
18. <https://paas.smartcloud.kz/>
19. <https://dds.kz/>
20. <https://mybuh.kz/>
21. <https://oblako.kz/>
22. <https://getrelog.com/>
23. <https://100kitap.kz/ru>
24. <https://kitaphana.kz/>
25. <https://olympic.kz/>
26. <https://olymppteka.ru/>
27. <https://start-time.kz/>

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

I бөлім. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

1.1. Жасанды интеллект – заманауи ақпараттық технологияның негізі	4
1.2. Машиналық оқыту	7
1.3. Нейрондық желіні ұйымдастыру	12
1.4. Нейрондық желіні жобалау.....	16

II бөлім. 3D ЖОБАЛАУ

2.1. Виртуалды және кеңейтілген шынайылық.....	37
2.2. Виртуалды шынайылықтағы адам	44
2.3. 3D панорама	48
2.4. Виртуалды тур	55

III бөлім. АППАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Виртуалды машиналар	70
3.2. Мобильді құрылғылардың сипаттамасы	81

IV бөлім. ЗАТТАР ИНТЕРНЕТИ

4.1. «Заттар интернеті» дегеніміз не?	94
4.2. «Ақылды үй».....	98
4.3. «Ақылды үй» жобасын әзірлеу	104
4.4. Мобильді қосымшаны құру үшін кіріспе	116
4.5. Мобильді қосымшаларды құру	120

V бөлім. IT STARTUP

5.1. STARTUP қалай іске қосылады?.....	138
5.2. Жобаны алға жылжыту	144
5.3. IT STARTUP және жарнама.....	150

VI бөлім. ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

6.1. Қазақстанды цифрландыру.....	164
6.2. Blockchain (блокчейн) технологиясы.....	169
6.3. Ақпаратты құқықтық қорғау	174
6.4. Электрондық цифрлық қолтаңба және сертификат.....	179
6.5. Электрондық үкімет.....	185
Глоссарий	200
Пайдаланылған әдебиеттер	204

Оқу басылымы

**Исабаева Даражка Нағашыбаевна
Абдулкаримова Глюся Алимовна
Рахимжанова Ләззат Балтабаевна
Әубекова Мадина Асқарқызы**

ИНФОРМАТИКА

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Г. Нұргазиева*
Көркемдеуші редакторы *А. Лұқманов*
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*
Корректоры *Е. Амангелді*
Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ № 069

Теруге 12.03.2019 берілді. Басуға 08.07.2020 қол қойылды. Пішімі 70x90^{1/16}.
Офсеттік қағаз. Әріп түрі «Мектептік». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 15,21.
Есептік баспа табағы 10,41. Таралымы 10 000. Тапсырыс № 5181.
«Атамұра» корпорациясы ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.



Оглавление

page1
page2
page3
page4
page5
page6
page7
page8
page9
page10
page11
page12
page13
page14
page15
page16
page17
page18
page19
page20
page21
page22
page23
page24
page25
page26
page27
page28

page34

page35

page36

page37

page38

page39

page40

page41

page42

page43

page44

page45

page46

page47

page48

page49

page50

page51

page52

page53

page54

page55

page56

page57

page58

page59

page60

page61

page62

page63

page64

page69

page70

page71

page72

page73

page74

page75

page76

page77

page78

page79

page80

page81

page82

page83

page84

page85

page86

page87

page88

page89

page90

page91

page92

page93

page94

page95

page96

page97

page98

page99

page104

page105

page106

page107

page108

page109

page110

page111

page112

page113

page114

page115

page116

page117

page118

page119

page120

page121

page122

page123

page124

page125

page126

page127

page128

page129

page130

page131

page132

page133

page134

page139

page140

page141

page142

page143

page144

page145

page146

page147

page148

page149

page150

page151

page152

page153

page154

page155

page156

page157

page158

page159

page160

page161

page162

page163

page164

page165

page166

page167

page168

page169

page174

page175

page176

page177

page178

page179

page180

page181

page182

page183

page184

page185

page186

page187

page188

page189

page190

page191

page192

page193

page194

page195

page196

page197

page198

page199

page200

page201

page202

page203

page204